
ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

№2 (46) / 2017



ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

Қазақстан
Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№ 516-ж куәлігі берілген
(14.06.2004)

Бас редактор
Қонысбай Әбіл

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт
министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

Редакциялық алқа

Қуаныш Асыллов

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс
комитетінің төрағасы

Өмірзақ Айтбайұлы

ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық «Қазақ тілі»
қоғамының президенті

Қойшығара Салғараұлы

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы

Сұлтан Оразалинов

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
қайраткері, жазушы

Асылы Осман

«Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің
төрайымы

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі

Дос Көшім

«Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы



Алаш аманаты

Алаш қайраткерлері тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды. Ұлт-азаттық күрес заманы қалыптастырған зиялылардың ана тілімізге арналған еңбектері, тіл жолындағы алуан күрестері – бүгінгі өзі де азат, тілі де азат күнге жеткен қазақ баласына тағылымды мұра, өміршең өсиет.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Оның себебіне үңілсек, онда Алаш қайраткерлерінің барлық ұлттық ерекшеліктердің ішінен халықтың болмысын, өткені мен бүгінін танытарлық тіл сияқты ең көрнекті құбылысты таңдауы аса қисынды еді. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүйелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Аханның тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының және т.б. еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері ХІХ ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты. А.Байтұрсынұлы, Ғ.Қараш, М.Дулатов, С.Торайғыров, Б.Серкебаев шығармаларындағы жазба реалистік дәстүр, М.Жұмабаев, Б.Күлеев поэзиясындағы романтикалық жазба дәстүр мәдениетті жазба әдебиетінің қалыптасқандығын байқатса, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтердің көркем прозасы классикалық жазба әдебиетінің зор үлгілері болды.

Үшіншіден, Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді, ұрпаққа өз ана тілінде білім беруді мақсат етті. Сондықтан да Алаш қозғалысы тұсында тілге ұлт тарихында ең алғаш рет ұлтты тұтастырушылық сияқты ірі қызмет жүктелді.

Төртіншіден, Алаш қозғалысы тұсында шын мәніндегі ұлттық мазмұндағы қазақ баспасөзі қалыптасты. Бұл құбылыс тиісінше әдеби тіліміздің көсемсөз жанрын дүниеге әкелді.

Алаш қаламгерлерінің ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы публицистикалық еңбектері публицистикалық стильдің, жалпы әдеби тілдің қа-



лыптасуына өлшеусіз мол үлес қосты. Осы газет бетінде жарияланған алуан материалдар сол кезеңнің тынысын, қозғалыстың барысын ғана куәландырып қоймай, сонымен бірге әдеби тіліміздің де даму, стильдік тармақтану қарқынын аңғартты. Газет ұлт көсемсөзінің ғана емес, тіліміздің асыл қорының қойнауында өнген әдебиетіміздің де, сонысымен тіліміздің де айшықты көркемдігін, байлығын, бейнелілігін ашты.

Бесіншіден, Алаш оқымыстыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әр салаларға арналған оқулықтары арқылы тіліміздің ғылыми және ғылыми-көпшілік стильдерін қалыптастырды. Айталық, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, А.Байтұрсынұлының оқу құралдары, ғылыми мақалалары, Х.Досмұхамедұлының медицина, биология, тілтану саласындағы ғылыми еңбектері, М.Тынышпаевтың тарихи зерттеулері, М.Дулатовтың тілтану, әдебиеттану, математика саласындағы ғылыми шығармашылығы, Ж.Аймауытовтың психология, әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері, М.Жұмабаевтың педагогика, әдебиеттану саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемеге арналған оқу құралдары мен зерттеулері, сондай-ақ Ә.Ермековтің, М.Тұрғанбаевтың, Е.Омарұлының, С.Асфендияровтың, М.Бұралқиевтың, Қ.Кемеңгерұлының, С.Сәдуақасовтың ғылыми еңбектері ғылым тілінің, қазақтың ғылыми терминологиясының қалыптасуында айрықша белес болды.

Алтыншыдан, Алаш қаламгерлерінің аударма саласындағы алуан еңбектерінің нәтижесінде қазақ аудармасының негізі қаланды. Бұл арада Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы және тағы басқалар жасаған көркем аудармалар, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, Т.Шонанұлы және тағы басқа қаламгерлер жасаған ғылыми аудармалар, сондай-ақ әлеуметтану, саясаттану, философия салаларында орындалған аудармалар, әлбетте, саны жағынан да, түрі жағынан да өзіне дейінгі кезеңдерге карағанда әжептеуір өсу болатын.

Жетіншіден, Алаш қайраткерлері жалпылай келгенде, Алаш қозғалысының барысында, негізінен алғанда, облыстық қазақ комитеттерінің, Алаш партиясының құрылуы тұсында, Бірінші, Екінші жалпықазақ сиездері кезінде, Алашорда үкіметінің қызмет етуі кезеңінде тіліміздегі ресми-іскери стильді қалыптастыра бастады. Алаш автономиясы құрылып, Алашорда үкіметі оның облыстардағы, уездердегі комитеттерінің жұмыс атқару шағында аталған стильдің сандаған үлгілері пайда болғаны белгілі. Бұл қазақ тілінің



мемлекеттің тілі болуының алғашқы үлгісі еді. Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде болуына большевиктік биліктің бастапқы жылдарында да Ахаң бастаған Алаш қайраткерлері зор ықпал еткені тарихтан белгілі.

Алаш зиялыларының қазақ тіліне сіңірген осындай өлшеусіз тарихи қызметі – бүгінде қазақ тілінің тұтас ұлт тілі ретінде қалыптасуына, әдеби тіл ретіндегі байлығы мен мүмкіндігінің еселенуіне, білім мен ғылымның тіліне айналуына, қатынас пен басқару тілі болуына негізгі алғышарттар жасады десек, онда біз мемлекет пен ұлт тарихы мен тағдырындағы тілдің маңызын айтқанда қазақтың азаттығы үшін күрескен буынның еңбегін аса құрметпен атағанымыз жөн. Құрметтің зоры – аманатты орындау. Алаш қайраткерлерінің тіл саласындағы қызметі бізге осындай аманат жүктейді.



Зейнелғабиден Тағиев (1823-1924)



Ресей езгісінде жаншылған барша түркі мұсылман қауымының отаршылдыққа қарсы саяси және рухани күресі ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында жаңа сапалық мазмұнда жаңғырды. Қайраткер Ысмайыл Гаспыралының «Dilde, fikirde, iste birlik!» («Тілде, пікірде және істе бірлік!») ұраны түркі әлемінің жәдитшілдік пен милләтшілдік ұстанымындағы түбірлі мақсат-міндеттерін айқындай түсті. Тамырында ата қаны суымаған түркі сойының елшіл тұлғалары өз ұлтының ғана емес,

патша қысымында жаншылған барша қандас туғандарының тағдырына бейжай қарай алмады. Ғалымжан әл-Баруди (1857-1921), Ризаитдин Фахретдинов (1859-1936), Әлимардан бек Топшыбасов (1863-1934), Гайса Еникеев (1864-1931), Мұхниса Буби (1869-1937), Фатих Карими (1870-1937), Мұса Бегиев (1873-1949), Жүсіп Ақшора (1876-1935), Ибинамин Ахтямов (1877-1941), Садри Максуди (1878-1958), Гаяз Исхаки (1878-1954), Заки Уәлиди Тоған (1890-1970) сынды милләтшылдардың бірқатары Ресейдің Мемлекеттік Дума мінбесінен, енді бірі түркі мұсылман басылымдарындағы мақалаларымен қазақтың әлеуметтік мәселелеріне қоғам назарын аудартты.

Түркі мұсылман руханиятының реформатор тұлғалары Маржани, Насырилердің кемел істерін жалғастырған қайраткерлер отаршылдық жүйе қысымының небір озбырлықтарын өткере жүріп рухани кемелділікке бастайтын білім ордаларын ашты. Зия Камали негізін салған «Ғалия» (1872), Ғалымжан Баруди кірпішін қалаған «Мұхаммадия» (1882), Зайнулла Расулаев бастауында тұрған «Расулия» (1883), Хайрулла Гусманов іргесін көтерген «Гусмания» («Османия») (1887), меценат Ахмед және Махмұд Хұсайновтардың демеушілігімен шаңырағын тіктеген «Хұсайния» (1891) медреселері кең байтақ Тұран даласына білім нұрын төкті.

Қазан, Уфа, Орынбор, Санкт Петербург қалаларындағы түркі мұсылман тұлғалары тұтқасын ұстаған баспалардан қазақ ақын-жазушыларының кітаптары басылды.

Ресей империясы Мемлекеттік Думасы мәжілістерінің биік мінбесінен сөз алған 20 мұсылман депутат барша түркі тілдес халықтардың толғақты



мәселелерін көтерді. Мәселен Ибнамин Ахтямов ІҮ Мемлекеттік Думада (1912.7.12.) мұсылман фракциясы атынан патшалық Ресейдің ұлттық және қоныстандыру саясатындағы қиястықтарды сынға алды. Бүкілресейлік ІІІ мұсылмандар сиезінде қарастырылған діни бостандық, мәдени-ағартушылықтағы ұлттық дербестік, жергілікті өзін өзі басқарудағы шектеушіліктерді алып тастау сипатындағы бағдарламалық шешімдерді қадап-қадап көрсетті. Ал 1914 жылдың 15-25 сәуірінде болып өткен Бүкілресейлік ІҮ мұсылмандар сиезінде түркі мұсылман жұртының қырыққа жуық белді өкілі бас қосты. Оған ІҮ Думаның 6, бұрынғы шақырылымдағы Думаның 9 депутаты қатысты. Олардың арасында қыр перзенттері Әлихан Бөкейхан, Бақытжан Қаратаевтар болды.

Зейнелғабиден Тағиев (1823-1924), Моллағали Яушев (1864-1926), Мұстафа Лутфи Измайлов (1880) тұрпатты түркі мұсылман жұртының сом тұлғалары қазақ басылымдарын қаржылай демеді.

Қазақтың алғашқы ұлттық басылымдарының бірі «Қазақстанда» жарияланған «Газет деген не зат» мақаласында Ғұмар Қараш «...Бізді бір ниет, бір тілекке жиятұғын зат – казит, со себепті казит – біздің басшымыз, казит – біздің достар алдындағы көркіміз. Дұспандарға қарсы құралымыз, казит – біздің білмегенімізді көрсететін ұстазымыз, казит – біздің қаранғыда жарық беріп, тура жолға салатын шам шырағымыз» деп жазғанындай, Алаш үні болған газеттің жарық көруіне қаржылай көмегін көрсеткен әзірбайжан елінің атақты перзенті Зейнелғабиден Тағиев өнегесі алабөтен.

Есімі исі түркі әлеміне мәшһүр тұлғаның ақ адал маңдай тері сіңген кенен қаржы-қаражаты туған халқының рухани жаңаруы мен кемелденуіне өлшеусіз үлес болып қосылды. Қатардағы тас қалаушыдан бірегей мұнай алпауытына дейінгі асқарлы белестерден өткен ақжүрек ер қолдау мен демеуге зәру болған талай дарынның жолын ашты. Оқуға құлаш ұрған жастардың әлемнің белді де беделді оқу орындарында білім алуына демеушілік етті. Қандастарының ел мен жер алдындағы перзенттік парыздарына жауапкершілікпен қарауларынына «Қайтпас табандылықпен оқып, қажырлы ізденіспен тыңғылықты білім алғандарыңызды қалаймын. Бақыт кілті – ілім-білімде екенін естен шығармағандарыңыз абзал!» деген аталы сөзін арнады. Олардың Отанына оралып, еңбек етулері әрі тек діндес қарындасына үйлену туралы қолхат алуы Тағиев тұлғасында тоғысқан ілкі қасиеттерді даралайды.

«Оң қолымдағы Құран ата дәстүрге адалдығымды білдірсе, сол қолымдағы газет тек қана алға ұмтылу керектігін ұғындырады. Сіздер де иман (сенім)



және ілгерлеу (прогресс) жолын ұстаныңыздар» деп білген санаткер ұлттық серпіліске ықпал еткен «Хаят», «Каспий» газеттерін қаржыландырды.

Кедей-кепшік отбасынан шыққан ол қарапайым жандардың әлеуметтік мұн-мұқтажын жақсы сезінетін. Содан да болар өзіне қарасты кәсіпорынындағы жұмысшылардың еңбекақысын көтермелеп отыруды бір сәт қаперінен шығармайтын. Жұмысшыларды имандылыққа ұйыстыратын мешіт көтеріп, балаларын оқытатын мектеп салғызудан аянып қалғаны жоқ. Дәріхана мен дәрігерлік көмек пункттерін аштыруымен де сарабалдық танытты.

Ұлтының өркениет жолымен өркендеуін көздеген санаткер қаржысына 1883 жылы драма театрының зәулім ғимараты бой көтеріп, 1893 жылы өнер шаңырағы кеңейтілді. 1909 жылы қаскөй кертартпалар тарапынан қасақана өртелген театрды қайтадан салғызды.

Әзірбайжандағы алғашқы кітап бастыру, қасиетті Құран Кәрімнің әзірбайжан тіліне аударылуындағы кемел істердің алғаш қолға алынуы Тағиев есімімен байланысты. Қасиетті кітапты аударуға ресми рұқсат алу мақсатында қазы Мирмогамед Кермиді Бағдатқа арнайы сапармен аттандырады. Лейпцигтен араб шрифтісін тапсырыспен алдыртып, әзірбайжан тіліне аударылған Құран Кәрімді бастырып шығарады.

Ұлтының ұлы перзенттерін ұлықтауды бір сәт есінен шығармай, Сеид Азим Ширвани, Мұхаммед Хади кітаптарын бастырады.

Кең пейіл меценат шапағатымен әзірбайжан топырағында зайырлы білім беретін небір іргелі оқу орындары бой көтерді. Халқының өркениет жолымен ілгерлеуін діттеген ол мұсылман қыздарына арналған тұңғыш мектеп салуға мұрындық болды. Қайраткердің қаржылай қолдауымен 1901 жылы Бакуде әйелдерге арналған алғашқы мектеп ашылды. Ол тек Әзірбайжандағы емес, барша мұсылман әлеміндегі еуропалық үлгідегі бірден бір жалғыз мектеп болатын. Білім ордасының салтанатты ашылуында сөз сөйлеген қайраткер «Біз болашақ күндері бұл әйелдер мектебін гимназияға айналдыруымыз керек. Ол менің қашанғы арманым» деген ақжарма тілегін білдірді.

Мектепті бітіруші түлектерге әзірбайжан тіліне аударылған қасиетті Құран Кәрім кітабын тарту етеді. Әлем әдебиетінің классиктері Толстой, Пушкин, Лермонтов кітаптарын сыйлайды. Жаңа киім-кешектер мен құнды кәдесыйлар үлестіреді.

Туған жер топырағынан қуат алған тау тұлға өсіп өнген өлке табиғатының гүлденуі мен көркеюіне қажетті қаржы бөлуден да аянып қалғаны жоқ. Баку қаласы маңындағы Мардакян елді-мекенінде бау-бақша және гүл өсірушілер



мектебінің негізін қалады. Құмдауық жерлерге шоқ тоғай егіп, Баку қаласының көгалдануы мен абаттануында өзіндік қолтаңбасын қалдырды.

Қуаңшылық пен табиғат апатынан төнетін жұт, аштық зардаптарының алдын алу үшін су бөгеттері мен су құбырының құрылысын қолға алып, ел игілігіне жаратты. Белгілі инженер Вильям Линдлеяны Майндағы Франкфурттан арнайы алдыртып, су құбыры кәріздерін тартуды жүзеге асырды.

Шуша қаласындағы аштыққа ұшыраған қандастарына көмек қолын созып, керуен-керуен азық-түлік аттандырды.

Атымтай жомарттығымен ұлтының құрметіне бөленген дегдардың Еуразия кеңістігін қамтыған қайырымдылық көмегі ерекше тағылымға толы. Петербургтегі мешіт құрылысына 1100, Қап тауы мен Дағыстан мешіттерін жөндеуге 5000, Баку зиратын абаттандыруға 5000, Астарахан мешітін қайыра қалпына келтіруге 5000, Тегерандағы медресе құрылысына 55 000, «Саадат» мектебіне көмек ретінде 5000, жетім-жесір, ауру-сырқау жандарды қолдау мақсатында 8500, коммерциялық училище мен мұсылман балаларының оқуына 50 000 сом (рубль) көлемінде демеушілік жасады.

Имани қасиеттерге толы қайырымдылық шапағатынан Алаш баласы да шет қалғаны жоқ. Меценаттың қазақ топырағында 1911 жылдың 10 наурызынан 1913 жылдың 15 қарашасына дейін жарық көрген алғашқы ұлттық басылымдарының бірі «Қазақстан» газетіне сүйеу болудағы кесек мінезі сүйсіндіреді. Басылымды шығарудағы қаржы мәселесі тығырыққа тірелген кезде Зейнел-Ғабиден Тағиевке Шәңгерей Бөкейұлы Ғұмар Қараш пен Елеусін Бұйраұлын жіберіп, көмек қолын ұсынуды өтініп хат жолдайды.

«Шәңгерейдің Тағиевке өз қолынан хат жазып беріп жібергенін Ғұмар да сұлтанның алдында айтқан марсия жырында: Екі ауыз жазған сөзімен, Жер шетіне кеткен жан, Издегені тап болмай, Мұнайып елге бос келмес, Бос келмеудің себебі: Түрлі жөнді білесің, Жөнін тауып лайықты, Сөздер жазып бересің. Жөнін тапқан жұмысты, Қайт етуге хош алмай, Нендей адам сескенбес, - деп аңғартқан ғой» (қараңыз. *М.Тәж-Мұрат. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы. – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. 72-бет*).

«Қазақстан» газетін шығаруда Шәңгерей Бөкейұлы, Ғұмар Қараш, Елеусін Бұйраұлы (Бұйрин), Бақытжан Қаратаев, Ғұбайдолла Бердиевтер қайтпас қайсарлық танытты. «Ала ту Абылайдың ала аттансаң, Аламан артындағы біреуі мен» деп білген ғажайып өнер иесі Шәңгерей газетке қаржылай көмек берді, демеушілік жасады. Бүгінгі ұғымға жанастыра айтсақ, ел игілігі үшін қазақ топырағында Есенқұл қажы Маман, Ахмет ишан Оразай қатарында ұлттық меценанттықтың негізін қалады.



Міне, Ғұмар Қараштың «Қазақстан» басылымында жарияланған «Баку» очеркіне Әзірбайжан сапарының барысы арқау болды. «Былтыр 1911 йыл жауза жұлдызының бас күнінде «Қазақстан» газитін атқа мінгізіб, адам ету қайғысында адамдар арасында етілген бір қаулы бойынша Алла деб аттаныб, Баку қаласындағы хажы Зинелғабиден Тағиевті іздеб елден екеу шықдык. «Еріккен екі тентек елден шығыб кетді» деушілер көб болса да, жан-тән көңілдерінен «хайырлы сафарлы болыб, жеңіл барыб, ауыр қайтқай» деб дұға етуші хайыр хуаһлеріміз болуын да білетін едік. Ақ ниетіміз хұрметіне Алла тізгінімізді оңғарыб, барған хажымыз хош алды. «Қазақстанға» мың сом жәрдем берді. Аталық шафхатынан ағыб шыққан сөздерін айтады. Барлық қазақ атағына 3 жәлид тәфсірлі Құран шәриф һәдиа қылды. Амандасыб, айрылар жерде «Қазақ баласына менен сәлем – дәулет менікі емес, милләттікі» деген сөзін айтыб, көзіне жас алды. Жәй-түйімізді түсіндіру турасында мәшһүр Ғали Мардан Бек Топшыбасовдың жәрдемі тиді. Хұдай тағала ғұмырларын ұзақ етіб, ондай адамдарымызды көбейтсін» (қараңыз: *Қазақстан. – Орал, 2012. 177-бет*). Ғұмартанушы Мақсат Тәжмұрат атап көрсеткеніндей, «Әне, ол заманға милләт, ұлт желімі сондай болған!».

Кісілік қасиетімен қалың қазақтың риясыз құрметіне бөленген милләтшіл тұлғаға деген елдің шексіз алғысы ұлттың үні болған «Қазақстан» газетінің әр санында көрініс тауып жатты. Мәселен басылымының екінші санындағы «Хұрматлу оқушыларымызға» редакциялық мақалада «Қазақстанның» екінші нөмірі кешігіп шықты, шығарушылардың не хәлде болғаны бір Аллаға, екінші өздеріне аян. Қайғылы күндердің, ұйқысыз түндердің талайын бастан кешті, алдарында да тар жерлер, тайғақ кешулер жатыр, алайда шығарушылардың келешектегі қиындықтардан қашуға ойлары жоқ, Алла саламатшылық берсе, машһүр генерал Зайн ал Ғабидин Тақиуф жанаблары ейкден бір көтеріб жіберді, йағни бір мың сом казитіміз файдасына жәрдем етті.

Бұ кісі орыс мұсылманға ортақ кісі, «бір падшалықта тұрған адам, «сен орыс» деп, «сен қазақ» деп, бірін бірі жат көрмеске керек» деген фікірлі кісі» деп Тағиев іскерлігін жарқырата көрсетті.

«Азаматтара және бір-екі ауыз сөз» мақаласында Бакытжан Қаратаев қазақтың алғашқы газет-журналын қаржылай қолдауда азаматтық танытқан З.Тағиев, Яушевтердің (Иаушев) берендігін сүйіншіледі.

«Троитскі шаһарында қазақ тілінде «Айқаб» журналы шықды деб, Оралскі шаһарында «Қазақстан» ғазитасы шықды деб қазақ азаматдары қуынысыб жатқан көрінеді. Мұны біліб, азаматдарға айтатұғын аз ғана сөзім бар: «Айқаб»



журналының шығуына расход шығарып, себеб болған Троицкі мұсылманы Иаушев болады, «Қазақстанның» шығуына себеб болған Баку шаһарының мұсылманы генерал Зейналғабиден Тағиев һәм Жаһангир ханның немересі сұлтан Шаһангерей деген мұсылман болады. Тағиев мың сом берді, сұлтан Шаһангерей бес жүз сом берді» (қараңыз: *Қазақстан. – Орал, 2012. 118-бет*).

Газетте басылған Жұбакен Тілеубергеновтің «Бес азаматқа тәшкүр», Ғабдолла Көбжасаровтың «Қара халық тарафынан бір-екі ауыз сөз» мақалаларында да Зейналғабиден Тағиев, Моллағали Яушев, Шәңгерей Сейіткерейұлының азаматтығы лайықты бағасын алды.

Бакуге арнайы аттанған Алаш азаматтарын Тағиевпен жолықтыруға дөнеркер болған Ғали Мардан Бек Топшыбасов эмиграцияда жүріп 1934 жылы өмірден өткенде Мұстафа Шоқай жерлеу рәсіміне қатысып сөз сөйледі. «1918 жылы Әзірбайжан ұлттық тәуелсіздігін жариялағанда Әлимардан бекті Әзірбайжан Ұлттық Парламентінің төрағалығына сайлады.

Рақымсыз тағдыр өз дегенін істеді. Әзірбайжан тәуелсіздігінен айрылып, қызыл империяның бұғауына қайта түсті. Бұл кезде Әзірбайжанның Еуропадағы ұлттық өкілдігінің төрағасы міндетін атқарып отырған Әлимардан бек Әзірбайжанның мұғжары болып қала берді. Ол қайда жүрсе де ұлты мен атамекенінен басқа ештеңені ойламаған аса күрескер адам еді.

...Біз, Түркістан түріктері, Әлимардан бекті аса көрнекті түрік қайраткері ретінде құрметтейміз. Әлимардандарға түркістандық түрік те, қазандық түрік те, қырымдық түрік те өзінің әзери түріктерімен бірдей еді...» деп барша түркі баласының айрықша құрметін жеткізді.

Түркі мұсылман қауымындағы дәулетті азаматтардың қазаққа қол ұшын созудағы меценаттығы ұлт зиялыларын ойландырмай қоймады. Міржақып Дулатұлы «Оқушыларға жәрдем» мақаласында «Басқа жұрттарды айтпай-ақ, өзімізге жақын ноғай ағайындарымыздың байларына көз жіберелік. Орынбордағы Ахмет, Махсұт Хасеновтар, Кавказдағы Тағиев, Сейдоллаевтардың жүз мыңдарымен ноғай халқының он мыңдаған жасөспірім жастары гүлденіп шешек атып, ғылым нұрына қанып келеді. Орынбордағы медресе Хусаиния, Уфадағы медресе «Ғалия», Қазандағы медресе Махмудия һәм сол секілді зор медреселердің бәрі де ноғай байларының ақшасымен салынған һәм бұл күнге шейін оқушылардың тәрбиесі, оқытушылардың жалованиесі солардан. Мұнан кейінгі ноғайдың екінші, үшінші дәрежелі байлары әрқайсысы өз жерінде оқу жолына жомарттық қылып, мешіт, мектеп, медреселерін тәрбиелеп тұр...» деп өз қаржы-қаражаттарына мектеп-медресе ашып, оқуға



ынталы жастарға жәрдемдесудегі түбі бір туысқан ағайындардың кемел істерінен қандастарының өнеге алуын құп көрді.

«Былтыр Оралда «Қазақстан» газеті шыққанда, Баку байы Зейнелғабиден Тағиев бір мың сом жәрдем берді. Мұны көріп тұрған қазақ байларының санасы, намысы деген нәрсенің ұшқыны, тамырларында біртамшы қазақ қаны болса, ұяларға керек еді. Мыңды айдаған қазақ байларының қолынан мұндай орынға 5-10 сомның шығуы қиын болып тұрғанда, қайдағы бір шеркестің мың сом суырып беруі қалай!...» деп Тағиев ғибратымен қазақтың дәулетті азаматтарының намысын қамшылады (қараңыз: «Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том: Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу мақалалары /Құраст: Г.Дулатова, С. Иманбаева. - Алматы: Мектеп, 2013.131-132-бет).

«Қазақстан» газетін Ғабд әл-Хамид Хусаинов 25 соммен демесе, осынау игілікті қадамдардан қандастарымыз да шет қалмады. Атап айтқанда қазақ даласын білім нұрына бөлеген Маман әулеті яғни Сейітбаттал қажы Маманов, Хұдайберген Тұрысбеков, Ишанғали қажы Маманов, Ғайдмахмуд Тұрысбековтер қаржылай жәрдемдесті.

«Мамания» мектебінде ұстаздық еткен қайраткерлер Ғабдолғазиз Мұсағали, Мұстақым Малдабайұлы «Қазақстан» газетінің жұмысына атсалысты. Ишанғали Меңдіғалиев, Билаш Шолтыровтар қалың қауымды басылымды жаздыруға тартуда тер төкті, қаржы жағынан қарайласты.

Мұстақым Малдыбайұлы «Хайырлы сағат» мақаласында «Иә, Қазақ балалары! Істі бастаушы табылды, енді сіздер қошданыздар! «Айқаб» менен «Қазақстанның» екеуі жиылғанда бір қозының құны ғой... Ойлаңыз! Әлбетте, санасы, намысы бар адамдар, осындай жарлы күнде жәрдем етер. Қазақ арасында білікті адамдар моллалар, мұғалімдер, халыққа айтсаңыз, халық тілегіңізді алады» деп ұлт басылымдарын қолдауға шақырды.

1904 жылдың 7 қазанында С.-Петербургтен Қазан қаласындағы ветеринар институтының студенті Ғұбайдолла Бердиевке жазған хатында Алаш арысы Халел Досмұхамедұлы «...Сенен басқа жүздеген, мыңдаған қазақтар жоғарғы дәрежелі білімдер алып жатқанын ойыңызға алсаңыз, сол кезде бұл халық та еңбекке, алға басуға қабілетті деп есептейсің. Ол: «Бір кезде дүние жүзінде алдыңғы қатарлы құрметті орындардың бірін алады, ол екінші Жапонияға айналады», деген сөз» деп ұлт жасампаздығына сеніммен қараған еді (қараңыз: Т.Жаңабайұлы. Халедің бір хаты хақында // [www.madenimura.kz/kk/materials/publications/haleldin-hati/-](http://www.madenimura.kz/kk/materials/publications/haleldin-hati/)). Міне, Ғұбайдолла Бердиев «Қазақстан» басылымның ел өміріндегі маңызын «Хұрматлу басқарушы» мақаласында



«Өлген кісі болмаса, тірі кісі оянса керек. Түңілу жол емес, үмід көб. Ел көзсіз емес, аз да болса көзі бар. Ел елдігін етер. Халықты оятушы - газет» деп айқындаса, Мұхамедғали бин Ғабдрахман Оразбаев «Алаштың азаматтары!» мақаласында «Мұсылманша оқы, орысша оқы, йапонша оқы, әйтеуір оқы, ғұмырды бос өткізбе, тек жату жарамайды» деген пікірімен ұлттық өркендеуде Алаш зиялылары үлгі етіп алған Жапония жолын ұстану бағытына қолдау білдірді.

Жаңалық жаршысы болған басылымы «Қазақ» газетінің жарық көруін: «Орынбордан нағыз қазақ тілінде «Қазақ» атты казит шықты. Бас жазушысы «Қырық мысалды» шығарған атақды ақынымыз Ахмет Байтұрсынов, ақша шығарыб бастырушы Мұстафа Оразаев деген азамат. Газетдің мақсұды қысқа айтқанда қазақға көз, құлақ болу» деп алты Алашқа ерекше қуанышпен жеткізді.

Басылымда жарияланған «Ұмтыл», «Қазақтың кешегі күйі», «Қазақ халқына» өлеңдерімен Ахметғали Мәметұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Ишанғали Бисенұлы Ояну дәуірі әдебиетінің көркемдік даму үрдісіне үн қосты.

Түйіндей айтқанда, алғашқы ұлт басылымдарының бірі «Қазақстан» газетін қаржылай қолдауда азаматтық танытқан түркі әлемінің тарлан тұлғасы Зейналғабиден Тағиевке деген қазақ баласының құрметі шексіз. XX ғасыр бас кезіндегі түркі халықтарының жәдитшілдік, милләтшілдік мұратындағы рухани ұйысуының осынау бір ғана жарқын үлгісі тарих тағылымына жетелейді. Қашанда түркі мұсылман қауымының елдік қасиеттегі береке-бірлігі мығым, рухани дамудағы ықпалдастығы асқарлы болғай!!!



ТЕМИРҒАЛИ АРШАБЕКОВ

*Қарағанды облыстық бейнелеу өнері
музейі директорының орынбасары*

Туған жер атауы – тұнған тарих

Жер – су атаулары, ғылыми тілде «топонимика» деп аталады. Бұл грек сөзі, қазақшаға аударсақ «мекен немесе орын атауы» деген мағынаға лайық. Қазақ халқының атам заманнан орнығып, өмір сүріп жатқан жерінің өзен, көл, тау, қырат секілді жер бедеріне меншіктелген атаулардың да мыңдап саналатыны мәлім. Ертеде өткен ата – бабаларымыз солардың әрқайсысына ат қойып, айдар тағу жағынан жай ұқыпты ғана емес, шебер де тапқыр болғандығын байқаймыз. Міне, бұл атаулар ғасырлар бойы сақталып келе жатыр. Тек бір ғана Сарыарқа аймағында бірнеше мыңдаған тарихи топонимдер көне кезеңнен жалғасын тауып отыр.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс, – дейді [1].

Әрбір атау - тарихтың табы сіңген нысаналы белгісі. Мұндай ұлттық және рухани байлығымыз саналатын топонимдерді зерттеу бүгінгі күн талабынан туындап отыр. Кез келген аймақтың жер-су атаулары өзінің бойына көптеген тарихи деректерді, этнографиялық мәліметтерді, географиялық сұрыптарды сақтап отырады. Топонимдегі деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан, олар арнайы сұрыпталған лексикалық қабат-



тардан тұрады. Көне дәуір куәсі болып табылатын аймақ топонимдері халықтың этнографиялық, қоғамдық, әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі өмір-тіршілігінен әрқилы мәлімет береді. Мұның өзі топонимдерді зерттеудің өте күрделі құбылыс екендігін, ол істе белгілі бір ғылыми әдіспен ғана мақсат-мұратқа жету мүмкін еместігін көрсетеді. Топонимдердің қалыптасуы, сол тілде сөйлеуші этностың (халықтың) дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық менталитетіне байланысты да айқындауға болады. Сондықтан белгілі бір аймақтың топонимиясын зерттеуді қолға алмас бұрын сол жердің тарихына, саяси-әлеуметтік жағдайына және оны мекендеуші халық өмірінің этникалық мәдени тарихына ерекше көңіл бөлу керек.

Өте көне замандардан бастап адам баласы бір жерге орналасқанда, өз айналасындағы қоршаған ортаға атау бере бастайды. Олар белгілеген әрбір атау белгілі бір мағынаға ие болады.

X-XIII ғасырларда Орта Азия Қазақстан жерін картаға түсіруде араб географтары көп еңбек сіңірген. Олардың ішінде Орталық Қазақстан топонимдеріне қатысы бар еңбектің бірі – X ғасырдағы Ал Идрисидің «Китаб-Роджері» мен «Сурат ал-Ард» атты картасы [2]. Академик Ә.Марғұлан бұл еңбектегі мәліметтерді Сарысу, Торғай өзендері мен Ұлытау өңірлеріне байланысы бар деп атап көрсеткен [3]. XII ғасырлық иран тарихшысы Рашид ад-Дин еңбектерінде де оғыз қағандарының мекендері Ортағ, Қазтағ атты таулы өңірлерде болғандығы және сол жерде Инандж атты қала бар екендігі, қыста Борсун, Какья, Каркорун деген жерлерді қыстайтыны айтылады [4,80-81]. Бұл топонимдік деректер Әбілғазы Бахардурхан шежіресінде де ұшырасады. Ол оғыздар туралы айта келіп, «Қара хан атасынан соң патша болды. Ертағы мен Кертағы тауларын жайлады, қыста Қарақұм мен Сырдың жағасын қыстар еді» деп жазған [5,15]. Осы өңірдің ежелгі қоныстары туралы орта ғасырлық араб географтары мен жазушылары Инб-эл Варди, Ибн-Сайд, Ибн-Ийаса т.б. да мәліметтер қалдырған [6,98-108]. Орталық Қазақстанның көне қала орындарын зерттеуші ғалым, археолог Ж.Е.Смайловтың пайымдауынша, жоғарыдағы атаулардың дені Орталық Қазақстан жерінде ұшырасады. Атап айтқанда, Руза қазіргі Сарысу өзені, Магра - Кенгір өзені, Горгуз - Теңіз көлі; Аскарун-Бұғылы, Музгар - Ұлытау, Ортағ - Ортау, Кертағ - Қызылтау таулары. Және де автор В.Г.Тингаузен зерттеулеріне сүйене отырып, Руза (Сарысу) өзенінің XIV ғасырда Сарыгузен аталғаны туралы да мәлімет береді [7,5-11].

Ал орта ғасырда, атап айтқанда, XIII ғасырдағы орталық Қазақстанның кейбір топонимдері Шыңғысхан жорығына қатысты болып келеді. Ол жаулап



алған өңірлерін үш ұлына үлес етіп бөлгенде, қазіргі Орталық Қазақстан өңірі (Дешті Қыпшақ) үлкен ұлы Жошы хан үлесіне тиеді. Оның Дешті Қыпшақ жерін аралау барысында Ұлытауға келгендігі Чингиз-намеде айтылады [8,83]. Ол өз ордасын Ұлытауға орнатқандығы туралы тарихи деректер жеткілікті, әрі Жошы мавзолейі де қазіргі Жезқазған қаласының солтүстік шығысында 45 шақырымдай жерде, Кеңгір өзенінің сол жағалауында тұр. Археологиялық зерттеулер мавзолей орналасқан жерде Жошы ордасының болғандығын айтады [11,32].

Орталық Қазақстанда Шыңғыс әулетіне қатысты бұлардан басқа Едіге мен Барақ хандардың есімдеріне байланысты топонимдер ұшырасты. Едіге діңі қазіргі Ұлытау тауының үстінде, әрі Ұлытаудың бір саласы Едіге тауы деп аталады, ал Барақ атты көл Жезқазған қаласының солтүстігінде 210 шақырым жерде орналасқан. Сөз етіп отырған өңірдің (Орталық Қазақстан) тарихы мен ел аузындағы аңыз-әңгімелерінде Шыңғысхан ұрпағына байланысты деректер Ұлытау жерінде мол ұшырасады. Ұлытау төңірегіндегі топонимдермен Шыңғыс, Жошы, Алаша, Темір, Құтлық, Едіге, Тоқтамыс, ақсақ Темір, Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Болат, Абылай, Әбілқайыр, Кенесары хандардың есімдері сабақтасып жатады. Міне, бұл тек Ұлытау өңіріндегі кейбір топонимдердің бірнеше ғасыр жалғасын тауып келе жатқанын дәлелдейді.

Қазақ халқында жер-су атауына үлкен мән берген. Мысалы, өзендердің атауы көбінесе оның ағысына, тереңдігіне, түсіне байланысты қойылса, елді мекен атаулары көбінесе ландшафт, өсімдіктер әлеміндегі ерекшеліктерімен немесе қоныстанушылар өмірлеріндегі фактілерге сәйкес беріліп отырады. Сондықтан географиялық атаудың пайда болуы кездейсоқ емес, тарихи себепті болады.

Тарихтың әуелгі дерек көзі – жер аты деген қағидаға сүйеніп, алдымен Ботақора-Нұра өңірінің жер-су атаулары жүйесіне, оның мәдени, тарихи және табиғи мағыналарына тоқталған дұрыс. Бұл өлкенің айтулы жерлері Нұра, Ащысу, Соқыр, Бұқпа, Шоқай – өзен-суларына (гидроним) қатысты. Көл аттары – Қаракөл, Шөптікөл, Шыбынды, Батпақ, Қорғанкөл, Құмдықөл, Шалқаркөл, Төрткөл, Қайындыкөл, Сарыкөл, Саумалкөл, Арықтыкөл (қазақтың байырғы егіншілік алқабы); өзен су аттары – Шаңтмес, Шилі, Айнабұлақ, Алтынсу, Өткелсіз, Шат, Көкпекті, Аққора, Ақбастау, Ұзынбұлақ, Қайнар, Шолақ Қарасу, Керней Қарасуы, Есен, Шоқай, Суықсу, Жындысу, Қарасу; құдық аты – Аққұдық, Қаракұдық, Жалғызқұдық, Тоғызқұдық, Майқұдық, Қымызқұдық, Жарқұдық, Күмісқұдық, сондай-ақ, сулы, нулы,



өзек, сай-сала жерлер – Майөзек, Көкөзек, Борлысай, Қуөзек, Текеқараөзек, Көкпекті; өсімдік, ағаш ретіне қарай – Жосалы, Теректі, Қайың, Көктал, Белағаш, Қосағаш бар.

Тау, тас, биік төбе, шоқы жерлердің аттары (ороним) – Аюлы, Жыланды, Ботақара, Шешенқара, Қоянқара, Жауыр, Ақтөбе, Сарытөбе, Ақөре, Ақбел, Сарыадыр, Семізбұғы, Жауырбұғы, Үштөбе, Оғыз төбе, Ақшоқы, Тасшоқы, Шоршоқы, Қушоқы, Қызылтау Қотыр, Үштау, Қожар, Таушық, Ақтас, Жар-тас, Қарақойтас, Керегетас; жыралы, жар жерлер – Ақжар, Қаражар; сондай-ақ, Шатан, Шақпақ, Шидерадыр атаулары шағын қыраттарға қойылған атауларымен өзге өлкелерден ерекшеленеді.

Географиялық нысандардың негізгі атауларының нақтылы сыр-сипат, себеп-салдары нысандардың түр-түс, көркін бейнелейтін жалпы есім сөздерден, сол жерде тұратын адамдардың әдет-ғұрып, салт-санасын және діни, идеологиялық жағдайларын сипаттайтын сөздерден қойылып отыруы көп елдерге тән құбылыс.

Біздегі сөз мәдениетінің бір тарамы – жер-су атаулары. Жер болған соң жердің барлығы жазық бола бермейтіні белгілі. Өзінің табиғи, геологиялық қалыптасуына орай жер бедері әртүрлі болады. Соның сипатына қарай адамның мал өсіру, егін салу сияқты басты шаруашылығын жүргізуіне орай жер аты да қалыптасатын болған.

Жер су атауларында халықтық атаулармен қатар отаршылдық атаулар да жиі кездеседі.

Отаршылдық атаулар тек қана кешегі Кеңес дәуірімен келген жоқ. Оның тамыры тереңде жатыр. Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатынан басталған болатын. XIX ғасырдың бірінші жартысында жаңа округ болыстық әкімшіліктер құрылуымен қатар қара шекпенділер шұбыры елімізге толассыз келе бастады. Мәселен осы кезеңде жаңа әкімшілік бірліктермен қатар жаңа атаулар пайда болды. Бұдан былай емін еркін көшіп қонып жүрген жайлау мен қыстауға шектеу қойылатын болды.

XIX ғасырдың 60 жылдарының аяғындағы реформаға дейін Нұра, Осакаров аудандары территориясын мекендейтін қазақ рулары 1832 жылы құрылған Ақмола сыртқы округінің құрамында, ал Ботағара ауданын мекендейтін қазақ рулары жартылай Ақмола, жартылай 1833 жылы құрылған Баянауыл, жартылай 1824 жылы құрылған Қарқаралы сыртқы округінің территорияларын жайлап жатты. XIX ғасырдың орта тұсындағы аталған аудандарды мекендеген қазақ рулары туралы мәлімет 1839-41 жылдардағы архив құжаттарында сақталған [10].



Бұл құжаттан алатын ең құнды мәлімет елді мекендердегі патшалық әкімшілік құрылымның төменгі буыны - болыстар атауындағы өзгерістерді көруге болады. 1865-68 жылдарға дейінгі болыстар ел атымен – рулар атымен аталып келсе, 1875-78 жылғы құжатта елдердің атауы жер-су атауларымен алмастырылған. Мысалы: бұрын *Айтқожа-Қарпық*, *Сайдалы-Алтай*, *Тінәлі-Қарпық*, *Қареке-Алтай* деп аталса, енді *Жаңаарқа*, *Қараағаш*, *Ақмола*, *Спасск* деп ауыстырылған.

Келесі бір аңғаратын мәселе – көштің тарылуы. Мысалы: 1860-шы жылдарға дейін қазақ рулары оңтүстіктен солтүстікке, оңтүстік шығыстан солтүстік батысқа және керісінше бірнеше болыстың территориясын кесіп өтіп, даланы ен бойлап жайлап жүрсе, енді өз болысының шеңберінен шығуға тиым салынғандықтан, қыстауынан алыс шыға алмайтын болған.

Бірақ, XIX ғасырдың ортасындағы реформадан кейін де стихиялы қоныс аудару, мемлекеттік қоныс аударудың алдында жүрді. Қоныс аудару ісін жоспарлы түрде іске асыруға мемлекет тек 1885 жылы ғана, алғашында әкімшілік тұрғысынан, ал 1889 жылдан бастап заң жағынан да араласа бастайды. 1890-шы жылдың басынан бастап Сібірді (Қазақстанды) қоныстандыру ең алғаш рет мемлекеттік мәнге ие болды. Қоныстандыруды жалпы басқару Патша мұрагерінің председателдігімен құрылған Сібір теміржолы Ерекше Комитетіне жүктелді [11, 1].

Шаруаларды басыбайлы құлдықтан босатқан 1861 жылдан 1885 жылға дейін Оралдың бер жағына (Қазақ даласына қарай) 300 мың қоныс аударушылар келген. Келесі 20 жылда – 1885-1905 жылдары - 1 млн 520 мың 750 қоныс аударушылар келген. Ал соңғы 5 жылдың ішінде – 1906 – 1910 жылдары - қоныс аударушылар саны 2 млн. 516 мың 075 адамға жеткен. Сонымен, қоныс аударудың бір жылғы орташа көлемі бірінші кезеңде – 1861-1885 жылдары – 12 000 адамды құраған, екінші кезеңде – 1885-1905 жылдары – 6 есе өсіп, 76 000 адамға жеткен, ал соңғы кезеңдегі бесжылдықта – 1906-1910 жылдары – бір жылда орташа есппен қоныс аударушылардың саны 500 000 адамға жеткен.

Кеңестік дәуірде тарихи топонимдік жүйенің жаңа кезеңі басталды. Бұл таза кеңестік идиологияға сүйенген атаулар бірнеше мәрте қайталанып та отырды. Мәселен кеңестік көсемдердің атын барлық жерлерге беру міндетті болды. Кеңестік дәуір жаңа әкімшіл РСФСР-дің Бүкілроссиялық Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінің Қырғыз (Қазақ) АССР-ін құру жөніндегі 1920 жылғы 20 тамызындағы Декреті бойынша қазақ ұлттық мемлекеті жарияланумен бірге оның әкімшілік – территориялық бөлінуі – об-



лыстар мен уездерінің құрамы белгіленген болатын. Республика құрамындағы Семей облысына, Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері болы. Ал Ақмола облысына Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері мен Омбы уезі жартылай қарады.

Топонимикалық зерттеудің мақсаты – бұрынғы орысша атауды немесе науқан барысында қойыла салған кездейсоқ атауды ыңғайлы қазақшамен ауыстыра салу емес, атаулар өзгерісінің тарихи себептері мен заңдылықтарына үңіле отырып, тарихи-этнографияның, өлкетанудың шешілмеген күрделі мәселелеріне жауап табу.

Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмір-бақи тұратын өлкесі. Оны қайда жүрсе де жүрегінің түбінде алдилеп өтпейтін жан баласы болмайды.

Ономастикалық атаулар беруде жалпы ұлттың тарихи жадына байланысты маңызды мәселелер қозғалатыны белгілі. Сондықтан жер-су атауларына байланысты атаулардың генезисі, мәні, мазмұны және олардың тәуелсіздік мұраттарымен сабақтастығы мәселелері күн тәртібінде тұрғанда бұл салада атқарылмақ жұмыстардың ауқымды екені өзінен өзі түсінікті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. //Егемен Қазақстан. 2017 ж
2. Ал Идриси. Сураат ал-Ард, Багдад, 1951. – 151 с.
3. Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // В кн. Археологические памятники Казахстана, Алма-ата, 1978. – 7-16 с.
4. Рашид-ад-Дин. Сборник летописей, М.: Л, 1952, Т.1, Изд. АН СССР. – 315 с.
5. Әбілғазы. Түрік шежіресі /Аударған: Б.Әбілқасымов, Алматы, Ана тілі, 1991. – 208 б.
6. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-ата, 1972. – 156 с.
7. Смаилов Ж.Е. Памятники археологии Западной Сары-Арки (Средневековые городища и поселения), Балхаш, 1997. – 63 с.
8. Аршабеков Т.Т. , Жұмабеков Ж.А. Ұлытау-Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері. 1997. Қарағанды. Гласир баспасы. 265 б
9. Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы. –



Қарағанды, 2012. – 480 б.

10. Алпысбес М.А., Аршабеков Т.Т. Бұқар жырау ауданының тарихы. Гласир – Қарағанды, 2012. – 480б

11.Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының топонимикалық картасы: тарихи негіздеме / Құрастырғандар және түсініктемесін жазғандар: Аршабеков Т.Т., Жакин М.С., Исламов І.І.- Қарағанды: Гласир баспасы, 2011. – 270 б



САҒЫМБАЙ ЖҰМАҒҰЛОВ

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

**Тағы да жер-су атаулары хақында
«Atau.kz» ономастикалық электрондық
база жүйесі негізінде**

Тәуелсіздік рухы бастапқы отаршылдық, кейінгі кеңестік дәуірде бұрмаланған байырғы жер-су атауларының ұлттық негізде қайта жаңғыруын талап етеді. «Atau.kz» ономастикалық электрондық база жүйесі іске қосылып, облыстар бойынша орталықтандырылған ақпараттық деректер берілген. Оларда **әкімшілік-аумақтық бірліктер, нысандар, көшелер, олардың қазақша, орысша бұрынғы атауы, атаулардың өзгертілгені туралы мәліметтер қамтылған.** Міне, аталған ономастикалық электрондық база жүйесі негізінде әр облыста жергілікті әкімшілік және тілдерді дамыту басқармаларындағы ономастикалық жұмыстарда атқарылып жатқан іс-шаралардың қандайлық деңгейде екенін бағамдай аламыз.

Бірінші кезекте облыс аудандарының атауларына назар аударайық. Ақтөбе (12 аудан), Жамбыл (10 аудан), Қызылорда (7 аудан), Оңтүстік Қазақстан (11 аудан), Маңғыстау (5 аудан) облыстары бойынша аудандардың бәрі қазақша атауға ие. Ақмола облысындағы он жеті ауданның біреуі, Алматы облысындағы он төрт ауданның біреуі, Қарағанды облысында тоғыз ауданның біреуі, Солтүстік Қазақстан облысының он үш ауданының біреуі, Қостанай облысы бойынша он алты ауданның екеуі орысша атауында қалып отыр.

Бұл ретте байырғы ұлт өкілдері 34,36% құрайтын Солтүстік Қазақстан облысындағы орысша аталып келген аудандарға Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Қызылжар атауларының берілуі қуантады. Бұрынғы Жамбыл, Ғабит



Мүсірепов есімдерін иеленген аудандар қатарына Шал ақын (бұрынғы Сергеев), Мағжан Жұмабаев (бұрынғы Булаев) атындағы аудандардың қосылуы жан жадыратады. Бұның бәрі жергілікті атқарушы биліктегі басшылардың азаматтығын көрсетеді. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар 39,21% деңгейіндегі Қостанай облысындағы 16 ауданның тек үшеуі ғана (Денисов, Федоров, Таран) орысша аталуы қазағы 49,75% құрайтын Қарағанды облысындағы ахуалмен салыстырғанда бір адым болса да ілгері екенін аңғартады.

Қарағанды облысында 9 ауданның тек біреуі ғана (Осакаров) орысша аталғанымен, тұтас аймақта қазақтандыру ісі барынша баяу жүруде. Аудан әкімі Қайрат Абдуллаевич Шайжановтың халық алдында берген есебінде атап көрсетілгендей, «Қазіргі кезде 22 ауылдық округтердің 12-і өзгертіліп, 54 пайызды, 48 елді мекен атауларының 25-і қазақша атауға өзгертіліп, 52 пайызды құрап отыр. Аудандағы 472 көшенің 20-сы қазақша аталған. Көше аттарының үлесі - 4,2 пайыз» (www.osak-akimat.gov.kz/kk/vlast_11_22).

Қарағандыда Абай, Махамбет, Мәди есімдерін атамағанда, сол өлкенің руханиятында өшпес өрнек қалдырған Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстақым Малдыбайұлы, Жакып Ақбайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы атындағы көше мүлдем жоқ. Қаладағы Октябрь ауданына Әлихан Бөкейхан есімін беру аяқсыз қалып отыр. Қаладағы советтік дәуірде қойылған Ленин, Щорс, Крупская, Куйбышев, Либкнехт, Луначарский, Люксембург, Нахимов, Плеханов, Потемкин, Пугачев, Разин, Радищев, Свердлов, Суворов, Тельман, Фурманов, Чкалов, Чижевский, Ильич, Маркс, Ермолов, Бедный, Ушаков, Космодемьянская т.б. көше атаулары әлі күнге дейін мұрты бұзылмай тұр (*Қараңыз: Список улиц Караганды - адресный телефонный справочник t.spravkaru.net/streets/7/7212/*).

1990 жылдары Бұқар жырау, Әлімхан Ермеқұлы, Саттар Ерубәев аттарына даңғыл, көше атаулары берілген болса, соңғы жиырма жылда ұлтымыздың бірде бір қайраткеріне Қарағанды қаласында көше атауы берілген емес. Есесіне ул. 2-я Пятилетка, ул. 3-я Кочегарка, Анжерская, Арсеньева, Асфальтная, Аэрологическая, Высоковольтная, Гвардейская, Донская, Депутатская, Заводская, Защитная, Зональная, Инженерная, Ипподромная Итеэровская, Ишимская, Камская, Керамическая, Кирзавод, Кирпичная, Ключевая, Колодезная, Коминтерна, Комиссарова, Коммунистическая, Коммунальная, Коммуны, Конструкторская, Кооперации, Мелитопольская, Медицинская, Мельничная, Методическая, Металлистов, Механическая, Привокзальная, Приканальная, Пригородная, Пристанционная, Путейская т.б. сынды құлаққа түрпідей тиетін көше атаулары сірескен күйінде қалуда. Әрине жергілікті тілдерді дамыту басқармасы тара-



пынан қордаланған түйіндерді қолдан келгенінше тарқатуға күш салынууда. Мәселен, Қарағанды облыстық тілдерді дамыту басқарамасының деректеріне сүйенер болсақ, 2014 жылдан бүгінге дейін облысы бойынша 15 мемлекеттік мекеме, 6 елді мекен, 121 көше атауы өзгертілген.

Байырғы тұрғындары 50,30% құрайтын Павлодар облысындағы он ауданның алтауы (Железин, Качир, Лебяжі, Май, Успен, Павлодар), қазақтардың үлес салмағы 58,84% көлеміндегі Шығыс Қазақстан облысының он бес ауданының төртеуі (Бородулиха, Глубокое, Зырян, Шемонаиха) бәз баяғы атауынан айырылар емес. Рас, Шығыс Қазақстан облысының Бородулиха, Глубокое, Зырян, Шемонаиха аудандарындағы байырғы ұлт өкілдерінің пайыздық көрсеткіші әлі де төмен. Мәселен Шемонаиха ауданында орыстар 79,59%, қазақтар 14,51% көлемінде. Глубокое ауданында орыстар 70,58 %, қазақтар 23,76 % деңгейінде қалып отыр. Осындай сипат Павлодар облысының Железин ауданына (орыстар 46,15%, қазақтар 40,5 %) тән. Сондықтан да бұл аймақтарды қазақтандыру мәселесі мемлекет назарынан тыс қалмағаны абзал.

Павлодар облысындағы Железин, Качир, Лебяжі, Май, Успен, ал Шығыс Қазақстан облысындағы Бородулиха, Глубокое, Зырян, Шемонаиха аудандарындағы ауылдық/селолық округ атауларын байырғы тарихи атауларына сай өзгерту істері мүлдем қолға алынбаған сыңай аңғарылады. Мәселен, Железин ауданындағы әкімшілік-аумақтық бірліктің басым бөлігі Башмачный, Веселопрошинский, Новомирский, Лесной, Михайловский, Озерновский, Приртышский сипатындағы бұрынғы атауында қалуда. Тап осындай көріністі Павлодар ауданының Авангард, Григорьевск, Ефремовск, Заринск, Красноармия, Луганск, Мичурин, Ольгин, Рождественский, Романовский, Черноречский, Черноярка; Кашир ауданының Береговой, Березовский, Бобровский, Верненский, Воскресенский, Ивановский, Калиновский, Коммунарский, Октябрьский, Песчанский, Федоровский әкімшілік-аумақтық бірлік атауларынан байқаймыз. Өз кезегінде Шығыс Қазақстан облысындағы Бородулиха ауданындағы селолық/поселкелік округ атаулары Андреевский, Дмитриевский, Жерновский, Красноярский, Ленинский, Новодворовский, Новопокровский, Переменовский, Петропавловский, Подборный, Степной, Таврический болып самсап тұр. Глубокое ауданындағы селолық округ атаулары Глубоковская, Алтайская, Белаусовкая, Бобровский, Веселовский, Верхнеберезовская, Калининский, Кировский, Кожоховский, Красноярский, Куйбышевский, Малоубинский, Опытнопольский, Секисовский, Ушановский, Фрунзенский, Черемшанский деп бәз баяғы қалпында тіркелген.

Соңғы жылдардағы еліміздегі демографиялық ахуалдағы оң өзгерістер ба-



рысы жер-су атауларын қазақ мүддесіне сай жаңғыртуға мүмкіндік беріп отыр. Мысалы Павлодар облысының Лебяжі, Успен аудандарының атаулары өзгертуді талап етері сөзсіз. Өйткені Лебяжі ауданында қазақтар 80,9 %, орыстар 11,32 %, Успен ауданында қазақтар 34,24 %, орыстар 28,17 % деңгейінде.

Қазақ ұлты басым қоныстанған еліміздің кейбір облыстарындағы аудан атауларының жаңартылмауы ойландырмай қоймайды. Байырғы ұлт 74,69 % құрайтын Батыс Қазақстан облысындағы Зеленов (қазақ 55%), Казталов (қазақ 98,8%) аудандарының атауы соны көрсетеді. Салыстырмалы тұрғыда алғанда қазақ үлесі 49,64% көрсеткішіндегі Ақмола облысында 17 ауданның 16-ы қазақша атауға ие.

Еліміз бойынша бұрмаланған жер-су атауларын, отаршылдық озбырлық пен кеңестік ұлтсыздандыру саясатын таңбалайтын көше атауларын өзгеру мәселесі әлі де өзекті. «Atau.kz» ономастикалық электрондық база жүйесінің деректеріне сүйенер болсақ, Қазақстанда әлі күнге дейін Ленин (Ленинград) есімімен сабақтас 13 әкімшілік-аумақтық бірлік, 4 нысан, 534 көше аты бар. Ол аз десеңіз Ульянов атындағы 2 әкімшілік-аумақтық бірлік, 8 көше аты тіркелген болса, Крупская атындағы 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 28 көше аты ұшырасады.

Ленин есімімен байланысты әкімшілік-аумақтық бірлік атауы және көше атауларының берілу көрсеткіші бойынша көш басында Ақмола облысы мен – мұндалайды. Ақмола облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 124 көше бар. Одан кейінгі орындарға Қостанай облысы (3 нысан, 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 111 көше), Солтүстік Қазақстан облысы (3 әкімшілік-аумақтық бірлік, 98 көше), Павлодар облысы (2 әкімшілік-аумақтық бірлік, 68 көше), Шығыс Қазақстан облысы (1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 67 көше), Жамбыл облысы (1 нысан, 11 көше), Батыс Қазақстан облысы (8 көше), Қарағаны облысы (7 көше), Алматы облысы (6 көше), Ақтөбе облысы (2 көше), Оңтүстік Қазақстан облысы (2 көше), Алматы қаласы (2 көше) жайғасқан. Еліміздегі Қызылорда, Маңғыстау облыстарындағы көше атауларының ғана Ленин есімінен ада болуы бұл бағытта қолға алынар істердің мәнісін ұғындырса керек.

Республикада Карл Маркс есімімен 2 әкімшілік-аумақтық бірлік, 40 көше аты аталса, Энгельс атын 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 23 көше иемденген.

Карл Маркс атында Солтүстік Қазақстан облысында 14, Ақмола облысында 10, Павлодар облысында 4, Жамбыл облысында 3, Қызылорда облысында 1, Шығыс Қазақстан облысында 1 көше аты сақталған.

Крупская атындағы нысандар мен көше атауларын өзгерту де мейлінше



көкейкесті. Шығыс Қазақстан облысында 8 көшеге, Солтүстік Қазақстан облысында 8 көшеге, Қостанай облысында 3 көшеге, Павлодар облысында 3 көшеге, Қарағанды облысында 1 көшеге Крупская аты берілген.

Отаршыл Ресей өкілдері Карбышевке 6, Кутузовқа 15, Нахимовқа 10, Суворовқа 12, қызыл қырғын орнатқан революционерлер Дзержинскийге 6, Фрунзеге 46, Чапаевқа 103, Котовскийге 8, Свердловқа 24, Кировқа 54; кеңес басшылары Ворошиловқа 5, Брежневке 2, Черненкоға 1, Колбинге (Колбин қалтарысы) 1 көше аты берілген. Қазақ тарихына еш қатысы жоқ Разин атында 2, Пугачев атында 12 көше тіркелген. Ол аз десеңіз Октябрь атауы 14 әкімшілік-аумақтық бірлікке, 5 нысанға, 158 көшеге таңылған.

Чапаев есімінің қойылуынан тек Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстары ғана ада. Қостанай облысында 7 әкімшілік-аумақтық бірлік, 2 нысан, бақандай 103 көше, Солтүстік Қазақстан облысында 21 көше, Шығыс Қазақстан облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 16 көше, Батыс Қазақстан облысында 12 көше, Павлодар облысында 11 көше, Алматы облысында 5 көше, Ақтөбе облысында 3 көше, Қарағанды облысында 2 әкімшілік-аумақтық бірлік, 2 көше, Атырау облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 2 көше, Жамбыл облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 2 көше, Қызылорда облысында 1 көше Чапаев атында.

Фрунзе атына Шығыс Қазақстан облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 46 көше берілген. Ақмола облысында 12 көше, Павлодар облысында 5 көше, Қостанай облысында 4, Алматы облысында 5, Алматы қаласында 3, Ақтөбе облысында 3, Солтүстік Қазақстан облысында 3, Батыс Қазақстан облысында 2, Қарағанды облысында 1, Жамбыл облысында 1 көше аты қосақталған.

Киров, Свердлов аттарынан арылуға да асығар емеспіз. Кировпен байланысты Солтүстік Қазақстан облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 23 көше, Шығыс Қазақстан облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 12 көше, Ақмола облысында 11 көше, Қостанай облысында 4 көше, Павлодар облысында 3 көше, Алматы қаласында 1 көше, Қарағанды облысында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік есепке алынған. Ал Свердлов атын иеленген Ақмола облысында 9 көше, Солтүстік Қазақстан облысында 4 көше, Шығыс Қазақстан облысында 4 көше, Алматы облысында 2 көше, Алматы қаласында 2 көше, Қарағанды облысында 1 көше, Қостанай облысында 3 әкімшілік-аумақтық бірлік, 1 көше, Павлодар облысында 1 көше өзгертуді қажет етеді.

Бұрынғы Одақтың бас қаласы Москва, «төңкеріс бесігі» деп дәріптелген Ленинград сонымен қатар Ташкент, Орынбор, Магадан, Иркутск, Минск т.б.



кала атауларынан да аяқ алып жүргісіз. Москва 5, Ленинград 39, Ташкент 16, Орынбор 3, Магадан 2, Иркутск 2, Минск 9 рет ұшырасады.

Тоталитарлық жүйедегі бүгіндері құрдымға кеткен мемлекет құрылымын айқындайтын атаулар да жетіп артылады. Революцияға мадақ тұрғысында 13, коммунистер құрметіне 57, комсомолдар белгісіне 369, пионерлерге орайластырылып 113 көше атауы менмұндалап тұр.

Мән-мағынасы жоқ Кирпичная (14), Бензинная (1), Заводская (66), Гвардейская (11), Механическая (7), Путейская (6) т.б. атауларынан да аяқ алып жүргісіз.

Отарсызданудың басты өзегі әрбір қазақ баласына рух беретін әрі намысын қамшылайтын тарихи атаулар мен тарихи тұлғалар есімін жаңғырту болуы шарт. Мәселен еліміз бойынша исі қазақ баласы қастерлейтін Алаш аты Оңтүстік Қазақстан облысында 6, Алматы облысында 1, Атырау облысында 1, Ақмола облысында 1 ғана көшеге берілгеніне қынжыласың. Сан ғасырлар бойы бабаларымызға ұран болған айбынды да айбарлы атаудың саны Қазақстан көлемінде онға да жетпейді деп айтудың өзіне ауыз бармайды.

Абылай хан аты Алматы облысы бойынша 30, Ақмола облысы бойынша 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 30 көше, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 21 көше, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 14 көше, Ақтөбе облысы бойынша 5 көше, Атырау облысы бойынша 4 көше, Батыс Қазақстан облысы бойынша 8 көше, Жамбыл облысы бойынша 7 көше, Павлодар облысы бойынша 4 көше, Қызылорда облысы бойынша 3 көше, Қостанай облысы бойынша 2 көше, Қарағанды облысы бойынша 1 көшеге берілген. Осынау елдік маңызы ерен үрдістен қазақ исі аңқыған Маңғыстау облысының шет қалуын ақылға қонымсыз демеске лаж жоқ.

Ел мен жерге қорған болған хандар мен батырлар, би-шешендер есімінің ардақталуы да мемлекеттік деңгейде шындап қолға алынуы керек. Елімізде хан Кенесары Қасымұлы атында 4 көше, Қабанбай батыр атында 5 әкімшілік-аумақтық бірлік, 87 көше, Бөгенбай батыр атында 43 көше, Махамбет Өтемісұлы атында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 3 көше тіркелген. Төле би атында 50, Қазыбек би атында 36, Сырым Датұлы атында 26 көше, Байдалы би атында 1 көше рәсімделген.

Отаршылдық ойранын тереңнен болжаған Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Кердері Әбубәкір сынды ақындардың есімдері де ұлықталуы назардан тыс қалмағаны абзал. Шортанбай Қанайұлы атында елімізде 2 көше, Мұрат Мөңкеұлы атында 1 нысан, 14 көше бар. Дулат сынды туған жерімізді қызғыш құстай қорыған отаншыл сөз зергерлерінің



есімдерін қадірлеудегі парызымызды ар биігінен сезінетін уақыт әбден пісіп жетілгенін еске салудың өзі де әбестік болмақ.

Ұлттық күй өнерінің тарихында есімдері алтын әріппен жазылған өнерпаздарға деген ұрпақ құрметі асқарлы болғанын қалаймыз. Күй өнерінің саңылақтары Тәттімбет атында 2 көше, Құрманғазы Сағырбайұлы атында елімізде 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 64 көше, Дәулеткерей Шығайұлы атында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 1 нысан, 10 көше, Ықылас Дүкенұлы атында 10 көше, Қазанғап Тілепбергенұлы, Дина Нұрпейісқызы атында 1 әкімшілік-аумақтық бірлік, 31 көше, Сейтек Оразұлы атында 1 көше, Сүгір Әлиұлы атында 9 көше бар. «Қасірет», «58-ші статья» күйлерін шығарып, зобалаң заман шындығын өнер құдыретімен өрнектегені үшін атылып кеткен Сармантайұлы Ахметжандай дарындар ел құрметінен шет қалмағанын есергеніміз дұрыс. Сталиндік қара түнек жылдары атылған Итаяқ, Қыздарбек, Сембек, Әбди өзге де күйшілер қандай да болмасын құрметке лайықты.

Алаш арыстарын ұлықтау мәселесі де көңіл көншітерлік емес. Рас, еліміздің бас қаласы Астанада Алаш қайраткерлерінің есімімен аталатын 1 даңғыл, 26 көше және Алаш деп аталатын 1 тасжол бар (қараңыз: Ержан Еңсебай. *Астана онамастикасындағы Алаш мәселесі* // www.dalanews.kz/22771). Десе де, Алашорда Үкіметінің төрағасы Әлихан Бөкейхан есімін Атырау облысында 1, Батыс Қазақстан облысында 1, Ақмола облысында 1, Қарағанды облысында 2, Шығыс Қазақстан облысында 1, Қызылорда облысында 1 ғана көше аттарының иеленуі ойландырмай қоймайды.

Алашорда үкіметінің мүшелері Мұстафа Шоқай (12), Халел Досмұхамедұлы (7), Халел Ғаббасұлы (2) Жақып Ақбайұлы (1), Мұхамеджан Тынышбайұлы (1), Жанша Досмұхамедұлы (1) көше (өткел), Әлімхан Ермеқұлы (1), Айдархан Тұрлыбайұлы (1), Уәлитхан Танашұлы (1), ағайынды Бірімжанұлдарының (1) құрметіне көше атаулары қойылған. Алайда Базарбай Мәметұлы, Бақтыкерей Құлманұлы, Садық Аманжолұлы, Отыншы Әлжанұлы сынды Алашорда үкіметіне мүше болған қайраткерлерге бірде-бір көше атауларының берілмеуі қынжылтады.

Алашорда Үкіметіне мүшелікке кандидаттар Иса Қашқынбайұлы, Нүсіпбек Жақыпбайұлы, Ережеп Итбайұлы, Сатылған Сабатайұлы, Есенғали Қасаболатұлы, Батырқайыр Ниязұлы, Мұқыш Ботшайұлы, Сейілбек Жанайдарұлы, Сәлімгерей Нұрлыханұлы, Өмір Алмасұлы, Сейдәзім Қадырбайұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Молданияз Бекімулы, Есен Тұрмағанбетұлы, Сатылған Сабатайұлы, оқу комиссиясының мүшелері Ахмет



Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Елдес Омарұлы, Биахмет Сәрсенұлы, Телжан Шонанұлы тұлғаларын қазақ жерінің түкпір түкпірінде қастерлеудің айқын белгісі ретінде ең басты көшелер, орталық даңғыл атауларын атау бірінші кезекте тұруы қажет.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атына Оңтүстік Қазақстан облысында 8, Қызылорда облысында 6, Жамбыл облысында 4, Ақтөбе облысында 3, Алматы облысында 2, Ақмола облысында 4, Атырау облысында 1, Батыс Қазақстан облысында 1, Маңғыстау облысында 1 көше аты берілген. «Оян, қазақ!» деп ұран салған Міржақып Дулатұлы атында елімізде 16 көше бар.

Қазақстанда Мағжан Жұмабайұлы атында 14, Жүсіпбек Аймауытұлы атында 5, Ғұмар Қараш атында 2, Қошке Кемеңгерұлы атында 1, Смағұл Сәдуақасұлы атында 1, Санжар Асфандиярұлы атында 2, Ғұбайдолла Бердиев атында 1, Жұмахан Күдеріұлы атында 1 көше тіркелген.

Ұлттық рухани жаңару мен жаңғыруға қаржылай қолдау көрсеткен, сол арқылы елдік істерге тұтқа бола білген қазақтың тұңғыш меценаттары Маман әулеті, Оразай әулеті, Әнияр Молдабайұлы, Ике Әділұлы, Қаражан Үкібайұлы, Медеу Оразбайұлы, Ақайдың Хасені, Шәңгерей Бөкейұлы, Ыбырай Ақпайұлы, ағайынды Бекметовтер, Иса Көпжасарұлы, Салық Омарұлы, Тобанияз Әлниязұлы есімдеріне көше атауларын беруді қаперімізден шығармағанымыз жөн.

«Қазақстан» атауын тұңғыш рет ресми түрде рухани және саяси қолданысқа енгізген Елеусін Бұйрин, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалған Жұмабек Тәшенов, Шаһмардан Есенов есімдерін құрметтеу де өрелі биікте емес. Елеусін Бұйрин атында Орал қаласында, Жұмабек Тәшенов құрметіне Астана, Шымкент қалаларында, Шаһмардан Есенов атында Алматы, Қызылорда қалаларында ғана көше атауларының болуы соны көрсетеді.

Қорыта айтқанда, ұлтымыздың бұрмаланған байырғы жер-су атауларын қалпына келтіруде, кеңес дәуірінен әлі де өзгертілмей қалған көше атауларын ауыстыруда, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен мемлекеттік маңызы бар нысандарды қайта атауда қолға алар әрі атқарар келелі мәселелер жетіп артылады. Отаршылдық озбырлық пен кеңестік ұлтсыздандыру саясатын таңбалайтын кез келген атау мен есімдерден түпкілікті арылу уақыт талабы. Сан жылдар бойы қордаланған түйіндердің шешімін тарқатпай келесі ұрпаққа қалдыру арға сын болмақ.

Бұл тұрғыда біріншіден, ұлт тарихында өшпес із қалдырған тарихи тұлғаларды, руханият қайраткерлерін ұлықтауда көбіне қисынды да қисынсыз



басшылыққа алынатын аумақтық межелену шеңберінің қасаң қағидаларынан арылуымыз шарт.

Екіншіден, еліміз бойынша көше атауларының берілуін жіті назарда ұстайтын ономастикалық комиссия жанына белгілі тұлғаларға қойылып отырған атауларды саралап таразылайтын (мониторинг) бөлімнің болғаны дұрыс. Ол ономастика саласында назардан тыс қалып отырған мәселелерді объективті бағамдауға мүмкіндік бермек.

Үшіншіден, байырғы жер-су атауларын қалпына келтіру ісіндегі БАҚ жүйесіндегі үгіт-насихат жұмыстары мемлекеттік тілмен қатар орыс тілінде кешенді түрде жүргізілуі шындап қолға алынуы қажет.

Төртіншіден, көше атауларына күні кешегі коммунистік жүйенің қазанында қайнаған кездейсоқ адамдардың есімдерін жөнсіз тықпылануына жол берілмеуін қоғам болып талап етуіміз керек.

Ең бастысы ұлты тарихындағы айтулы тұлғалар есімдерін ұлықтау барысы Алаш баласының мемлекетшілдік ұстанымдарын ұйыстыратын қуатты күшке айналуы тиіс.



АДАЙ СЕКЕНҰЛЫ

Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры, география
ғылымдарының докторы



ИРИНА БЕКЗАТҚЫЗЫ

ҚР Ұлттық музейі «Халық
қазынасы» ғылыми-зерттеу
институтының, кіші ғылыми
қызметкері

Ақмола өңірі топонимдерінің қалыптасу ерекшеліктеріне талдау

Халықтық географиялық терминдердің топонимикалық зерттеулердегі маңызын белгілі географ, топонимист Э.М.Мурзаев былайша түсіндіреді: «Терминдер – топонимиканың негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... Кез келген топонимикалық зерттеу халықтық географиялық терминдерді талдаудан басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет»[1].

Ақмола облысы (бұрынғы Көкшетау облысы) топонимдерінің қалыптасу заңдылықтарын қарастырғанда, біріншіден, басым бөлігі жазық дала болып келетін ландшафт ерекшелігін естен шығармаған жөн. Екіншіден, қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен байланысты өмір салттары да аймақ топонимдерінде көрініс табады. Облыс топонимиясында әр түрлі табиғат ерекшеліктерін білдіретін атаулар, нысандардың сипаты, олардың орналасқан жері, флора, фауна және көшпелі қазақтардың өмір салтын бейнелейтін атаулармен қатар, көшпенділердің ру-тайпа атауы, сондай-ақ жер иесінің аты да кездеседі [2]. Бұған А.М.Селищевтың «Қазақстанда топонимдердің қалыптасуының негізгі екі көзі болды: жер иесінің аты немесе ландшафт» - деп айтқан тұжырымы да мысал бола алады [3].



Ақмола - 1830 жылы патшалық Ресейдің қазақ даласындағы ықпалын біл-жолата күшейту мақсатында іргесі қаланған әскери бекініс. Ал, атауына келетін болсақ, *Ақмола* - аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілер [4]. Бекіністің жоспарланған жері болса ғұн империясы қамал салған Тайтөбе белі, оның бөктерінде Абылай хан заманының батыры әрі биі Ұзын қыпшақ Тілеуұлы Нияздың ақ кірпіш-тастан соғылған сонадайдан көзге түсетін кесенесі [5]. Ақмола – 13-14 ғасырларда тұрғызылған сәулетті күмбез. Тастан, күйдірген кірпіштен тұрғызылған мұндай күмбездер Есіл мен Нұра өзендері бойында (Көктам, Сұлутам, Сырлытам, т.б.) көп. Ақмола, Қаракенгір бойындағы Домбауыл кешені солардың ескі түрінің бірі. Оның қабырғасы төрт бұрышты текше түрінде қаланып, үстіне жартышарға ұқсаған не киіз үйдің төбесі тәрізді күмбез орнатқан. Күмбез жолаушының көзіне алыстан жарқырап көрінеді. Кейіннен Ақмола қаласы мен облысының ресми атына айналды [6]. Егер, Ақмоланың шынайы тарихы сонау Ғұн дәуірінен бастау алатынын ескерсек, ғұндардың тілінде «ақ» сөзі – батыс, «мола» – биік қорған, қамал деген ұғымды білдірсе керек. Сонда Ақмола атауы «Батыс қамал» деген мағына береді деген де болжамдар бар. Бұл ғылыми тұжырымды алғаш жазбаша дәлелдеген Византия ғалымы – Прокопи болатын [7].

Ақмола-Тайтөбе маңының, Нұра мен Есіл аралығының атауы, ал қазіргі Астана тұрған жер Қараөткел делінген [5].

Тайтөбе деген сөздің мағынасы ерте заманнан өз шешімін табады, себебі «тай» сөзі ертеде қарауыл төбе қызметін атқарғанын білдіреді. Қазақ тіліндегі «тай» сөзінің түпкі мағынасы «биік, дөңес шатыр» деген сипатта. Осыдан келіп «тай» сөзі күзет орыны, қарауыл қарайтын жер, қарауыл басы деген мағынада дамыған. Көне түркі дәуірінде «тай бегі» (қарауыл басы) лауазымы болған (*Древнетюркский словарь, Л., 1969. с. 527*). Бұл ұғымдар әуел баста ұйғырдың жазба әдебиетінде және кеңсе дәстүрі арқылы қалыптасты да, кейіннен Шыңғыс ханның империясында да қолданылды. Сол себепті қазіргі моңғол тілінде «тай» сөзі екі мағынада қолданылып жүр: біріншіден, ол «аялдама, бекет, жолхана», екіншіден, ол «шатыр, үй төбесіне салынған баспана, күзетхана» [8]. Сонымен Тайтөбе сөзінің ең негізгі, көне мағынасы «қарауыл төбе» болып шығады.

Бұл жөнінде Тарихшы Ж.Артықбаев: Қазақ жеріндегі «тай» сөзі қолданылған жер атауларының негізгі бөлігі «қарауыл төбе» тарихи мағынасын сақтап қалғанын Шу өзеніндегі атақты Тай өткелінен де аңғаруға болады. Бір жағы Ібір-Сібір, бір жағы Түркістан өңіріне жалғасқан керуен жолы осы өткелмен



өтеді. Ендеше Бетпақтан шығатын қыл көпірдей жолдың Шудан өтетін тұсы сауданы жүргізуге мүдделі, қандай да болмасын мемлекеттің қарауыл жасағының бақылауында болуы заңды емес пе?! –деген пікір айтады.

Ал **Қараөткел** атауы туралы мынадай бір аңыз бар: Сол маңдағы Айдабол мен Молақ өңірінен Жыланды бағытына бару үшін Зеренді тауларынан басталатын өзен суынан кесіп өту керек болыпты. Тұрғындар қанша мәрте көпір салғанымен су тасқыны оларды жылда шайып кететін көрінеді. Жолаушылар өзенді бойлай жүріп өзеннен өтетін өткел іздейді екен. Сөйтіп, жол азабын әбден тартқан жолаушылар бұл аймақты Қараөткел ауылы деп атап кетсе керек. Әрине, бұл тек аңыз ғана.

Қараөткел атауындағы «өткел» сөзі бәріне түсінікті, яғни түбімен жүріп өтуге болатын өзеннің суы таяз тұсы. Ал, «қара» сөзі топонимдік атаулар жасауда жиі қолданылып, кейде өзінің тура мағынасында заттың түр-түсін білдірсе, кейде «үлкен, зор» деген мағынаны білдіреді [9]. Бұл жердегі «қара» сөзі судың түсіне байланысты айтылуы мүмкін. О.А.Султаньяев еңбектерінен «Наиболее обычно прилагательное **кара**, имеющее в казахском языке три основных значения: черный, темный, густой: **Караоткель** «черный брод», **Караунгур** «темная пещера», **Караагаш** «густой лес» и др.» деген пікірін кездестіруге болады. Ал, географ, гляциолог Н. Н. Пальгов бойынша «қара» сөзі бұл өзеннің грунт суларымен қоректенетінін білдіреді. (Қазақстанда грунт алаптары көне кристалл жыныстар кең тараған Сарыарқада және құмды өңірлерде кездеседі). Ол бұл туралы былай деп жазады: «В Казахстане есть и еще один вид рек, который распространен на равнинах, но по режиму отличается от типичных равнинных рек. Казахское население дало этим рекам название **Карасу** («черная вода») в отличие от горных рек, которые называются здесь **Аксу** («белая вода») [2]. «Қара» сөзіне қатысты Ақмола облысында *Қараагаш (чёрное дерево), Қараадыр (чёрный адыр), Қарабас (чёрная вершина), Қарабұлақ (чёрный глубокий родник), Қаражар (чёрный обрыв), Қаракөл (чёрное озеро), Қараөзек (чёрная лощина)* сияқты топонимдер көп кездеседі [10]. Э. М. Мурзаев та Ақмола облысындағы топонимдерде кездесетін «ақ», «қара» тіркестері заттың түсін білдіреді деп тұжырымдаған болатын. Мысалы: *Ақмешіт, Ақжар, Аққайың, Ақтөбе, Аққұдық* топонимдерінде заттың түсін білдірсе, *Ақкөл, Ақбұлақ, Ақсу* гидронимдерінде «ақ» сөзі судың тазалығын, мөлдірлігін білдірсе керек.

Географиялық атауларда «ақ», «қара» сөздерінен бөлек, «қызыл», «сары», «жасыл», «көк», «қоңыр» тіркестері де жиі кездеседі. Өзен-көл атауларында бұл түстерді пайдаланудың өзіндік себептері бар: жер жыныстарының



түсі, өзен ағып жатқан жердің түсі. О.Л.Султаньяевтың осы тақырыптағы мақаласында ауыл тұрғындары «*Жасыл*» атты көлдің атауы жағасында жасыл шөптердің өсіп тұруына байланысты осылай аталғандығын, ал, «қоңыр» тіркесі суының түсі лас, бұлыңғыр көл атауына тән екендігімен түсіндіргендігін жазады. Сондай-ақ «көлдер уақытша су жетіспеушілігінен сортаңға айналады. Тұзды балшық болып келетін олардың ылғал беттеріне көп мөлшерде тұз жинақталады. Бұл сортаңдардың көп бөлігінде өсімдіктер жойылған, кейде тұздары қызғылт, сары, қоңыр түсті болып келеді. Бұларды *сор* деп атайды. Осыдан-ақ *Ақсор*, *Сарысор*, *Қарасор* топонимдерінің заттың түсіне байланысты айтылғандығы түсінікті» деп тағы бір мәрте нақтылап өтті [2]. Облыс аумағында *Қызылкөл*, *Жасыл*, *Қоңырсу*, *Сарыөзек*, *Көксор* гидронимдері кездеседі.

Жер-су аттары сол жердің ландшафт ерекшеліктерінен ақпарат береді. Облыс аумағындағы жер бедері мен типтерінің барлық ерекшеліктерін топонимдерден көруге болады. Орографиялық нысандар – бұл таулар, шоқылар, сайлар, қыраттар және т.б.

Оронимдерде ең жиі кездесетін термин – тау. Бұл термин қысқармай, атаулар құрамында тұтас сақталады. Тау аттарына жер бедерінің пішіні, биіктігі, оны құрайтын тау жыныстарының түсі, органикалық дүниесі, пайдалы қазбалары, климаттық көрсеткіштері анықтауыш сөздер ретінде терминге қосарланады. *Көкшетау* қыраты Сарыарқаның солтүстігіндегі аласа таулы белесті жүйе. Атауы үстіндегі аспан көкпеңбек нұрлы, ауасы тұнық мөлдір болғандықтан да «Көкше тау» деп аталады; **Желтау** (Зеренді ауд.) – климаты бойынша «басында үнемі жел соғып тұратын, самалды, желді тау» мәнін береді; «**Сандықтау**» жотасы (Зеренді және Сандықтау ауд.) атауы жотаның менмұндалаған жеке, дара шыңдары жоқ, төбелері тегіс, жайпақ болуына байланысты аталған; **Ерейментау** таулары Сарыарқаның солтүстігі мен Көкшетау қыратынан оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан. Ақмолалық журналист А. Дубовицкийдің «Родина помнит» жазбасы бойынша бір кездері тау «*Қартау*» аталған. Жоңғар батырымен жекпе-жекте қазақ батыры Бөгембай жеңіске жетеді. Ері алтынмен және қымбат тастармен көркемделген жоңғар батырының аты ерімен қашып кетеді. Бөгембай батырларына ерді табуға бұйрық береді. Бұл туралы кітапта былай делінген: «Батыр Жантай забрался на вершину скалы и хотел уже с горя броситься вниз на острые камни, как вдруг увидел внизу, в ущелье, черного коня. – «Еремень! Еремень!» Этот возглас Жантая означал: «С седлом! (*Ерімен*) С седлом! (*Ерімен*)». Коня приве-



ли к Богембаю и вручили ему седло джунгара. Полководец одарил богатыми дарами воинов, а Кар-Тау в честь победы повелел называть Еремень-Тау. И еще Богембай выбрал три самых высоких сопки и назвал их именами своих верных батыров – Жантая, Атана, Досая». Ал, Қоңқашпаевтың пікірінше, атау монгол тілінің эрэ (ер) және эмэ (эйел) сөздерінен шыққан. А. Абдрахманов 1975 жылы жарық көрген «Топонимика и этимология» еңбегінде «Бұл атау тау тастарының ер мен әйелдің бейнесін еске түсіруінен шыққан болуы мүмкін» деген пікір айтады. Қойшыбаевтың сөздігінде бұл сөзге түркі-моңғол тілінің «арайман» (жарқыраған деген мағынада) сөзіне қазақтың «тау» сөзі қосылған деген этимология берілген.

Қазақ тіліндегі тас терминінің негізгі мағынасы басқа түркі тілдеріндегі сияқты, «қатты жыныс» дегенді білдіреді. Зерттеушілер терминдерге қарап, тау жыныстарының құрамын білуге болатынын атап көрсетеді. Мысалы, қазақтардың порфириттер мен олардың туфтарынан құралған тік шыңды «шоқы» немесе «тас» деп атайтындығы белгілі. Олай болса, көптеген оқшау шыңдардың *Тастау*, *Тастөбе* деп аталуы түп жыныстардан құралатындығын көрсетеді. Домбыралы тауының солтүстік-батысында, Ақкөл ауданында орналасқан **Тастөбе** шоқысын айтатын болсақ, бұл төбе тас жынысының үйіліп қалуынан пайда болып, оны «тасты төбе» деп атай келіп, қысқарған түрде Тастөбе деп аталып кеткен.

Тас, төбе терминдерінің қатысымен жасалған оронимдерге тоқталсақ, оларға: *Аралтөбе* (Зеренді ауданындағы тау, «кең жазық, ең далада әр жерде арал тәрізді жатқан төбе, шоқылар» мәніндегі атау); *Қыздың төбесі* (Ақкөл ауданындағы тау, «қыз мекендеген тау» деген мағынаны білдіреді); *Көктөбе* (Еңбекшілер мен Уәлиханов аудандарының шекарасындағы төбе, атаудың мағынасы: «таудың, төбенің тасы немесе өсімдігі көк екеніне» байланысты қойылған атау); *Ақтөбе* (Домбыралы тауының шығысында, Ақкөл ауданындағы тау, «ағарған шоқы, ақ түсті жыныстардан құралған жота» мағынасында); және т.с.с. оронимдер жатады [11].

Оронимдердің құрамына жер бедерінің географиялық терминдері: төбе, тас, шоқы, оба, тау, адыр, жал, шұңқыр, өзек, қуыс, бас, жар, сай кіреді. Ақмола өңірінің түске байланысты оронимдері төмендегі кестеде (кесте 1) көрсетілген:



Кесте 1. Ақмола өңірінде кездесетін түске байланысты оронимдер топтамасы

Р/с	Түсті білдіретін онимдер	Оронимдер
1	Ақ, ала	Ақбас, Ақдің, Ақжар, Ақтөбе, Ақсай, Ақтас, Ақшоқы
2	Қара	Қараадыр, Қаражар, Қарақырқа, Қаратау, Қаратөбе, Қарашатау, Қарашат, Қарашоқы
3	Көк	Көкшетау, Көкалажар, Көкпектас, Көксай, Көктөбе, Көкше
4	Қызыл	Қызылжар, Қызылсай, Қызылтас
5	Сары	Сарыадыр, Сарыдіңшоқы, Сарыдоңғал, Сарытау, Сарытөбе
6	Қоңыр	Қоңырадыр, Қоңыржал, Қоңыртөбе, Қоңыршоқы

Географиялық атауларда жергілікті фауна мен флораның да алатын орны ерекше. Біз қарастырып отырған Ақмола облысындағы «Аршалы», «Жарқайың», «Қарағайлы», «Қарағансай», «Қамыскөл», «Қарабидайық», «Қоғалыкөл», «Мортық», «Өріктісай» «Мойылды» фитонимдерінен осы аймақта кездесетін өсімдіктер атауын көруге болады. Яғни, аталған жерде осы өсімдіктердің кең таралуына байланысты жергілікті халық солай атап кеткен. *Аршалы* – Ертіс алабында Зеренді, Шучье, Бұланды және Астрахан аудандары жерімен ағатын өзен. Айдабол көлінің маңынан басталып, Қалқұтан өзеніне құяды. Арша – өсімдік атауы, яғни, «аршасы көп, мол, арша көп өскен» (жер) мәніндегі атау; «Қарағайлы» көлі облыс аумағындағы ең әдемі көл. Осы таңда облыс энциклопедиялық анықтамаларда «*Бурабай*» деп аталады, ал өткен ХХ ғасырда тек қана орысша «Боровое», «Голубой залив» деп аталған. Қарағайлы өзінің атына лайық аталған, өйткені көлді айнала салынған суреттегідей әсем қарағайлар қоршай өскен. Қарағайлы көл – *Көкшетау* көлі сияқты бірнеше қосарлы атауларға ие. Соның бірі – «*Әулікөл*», яғни өте ерекше қасиетті деп аталса, атақты Біржан сал – «*Күміскөл*» деп, суы күмістей жарқыраған, көздің жасындай тұнық деп сипаттаған (Ж.Мусин, А.Қазбеков). Соған қарағанда жергілікті халық екі атауды да қосарлы атап кетсе керек [12]. Сол сияқты осы аймақты мекендейтін немесе сол кездері мекендеген жан-жануар, құс аттары да (зоонимдер) облыс аумағындағы географиялық атауларда көрініс береді.



Мысалы: *Шағалалы, Жыланды, Бұланды, Қоянды, Шортанды, Шошқалы, Кіші шабақты*, т.б. *Шошқалы* – Итемген көлінің шығысында, Бұланды және Еңбекшілдер ауданының шекарасында орналасқан көл. «Жағасын шошқа мекендеген көл» немесе «қабанды өңір» мәніндегі атау; *Шағалалы* өзені Ақмола облысының Зеренді ауданынан өтеді. Бастауын Жыланды тауларының оңтүстік-батысынан алып, Шағалалы теңіз көліне құяды. Шағаланың көп болу себебінен қойылған атау.

Қазақтардың ғасырлар бойғы мал шаруашылық қызметі жергілікті атауларға әсер етпеуі мүмкін емес. Топонимдер номинациясынан көшпелі мал шаруашылығына қатысты халықтың түрлі тұрмыстық, қоғамдық көзқарастары, қоршаған ортаны мал шаруашылығына пайдаланудағы тәжірибелік, танымдық пайымдаулары, төрт түлік түрлеріне қатысты наным-сенімдері орын алып отырған. Ақмола облысы топонимдерінде де көшпелі мал шаруашылығы әрекеттері бейнеленіп, нақты көрініс тапқан. Бұл топтың жер-су атаулары белгілі бір оқиғаларды көрсетеді: **Қойсалған** - Мойылды өзенінің оң жақ саласы, Жарқайың ауданында орналасқан өзен. Атауы «қой шомылдыратын, тоғытатын орын» мағынасынан шыққан; **Сиырсойған** – Балықты көлінің солтүстік-шығысында, Шучье ауданындағы орман. Сиыр сойған орын мәніндегі атау. Сол сияқты төрт түлік малдың жасын, түр-түсін бейнелейтін географиялық атаулар: *Екіайғыр* (төрт түліктің жаппай қырылған кезінде екі айғыр орманда ағаш жапырақтары мен қабықтарын жеп тірі қалған деген аңыз бар), *Торыбие, Шұбарат, Кұлақұнан, Тайжеген, Соқырөгіз, Аққозы, Ақінген, Ботақара* т.б.

Әрбір аймақтың белгілі бір түлікті өсіруге аса қолайлы физико-географиялық мүмкіндігі болады. Физикалық-географиялық тұрғыдан негізінен жазық далалы, аласа тау, төбелі, қысы қатты, жазы салқын болып келетін солтүстік өңірде жылқы малы көп өсірілген. Сол себепті де аймақ топонимдері арасында жылқы түлігіне қатысты қойылған топонимдер жүйесі жиі кездеседі. Мысалы: *Айғыржал, Алтыайғыр, Бозайғыр, Жиренайғыр, Атбайлаған, Аткескен, Атишұбар* т.б.

Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылдануға байланысты **жайлау, қыстау, қоныс, қора, құдық, қотан, суат** терминдері топонимдерде жиі қолданылған [13]. *Қыстаукөл* – Қобыкөл көлінің солтүстігінде, Атбасар ауданында орналасқан. Көл жағасындағы ауылдың мал қыстатып шығуға арналған мекен жайы болғандықтан берілген атау. Жайлаудағы қоныс мүмкіндігінше өзен, көл жағасында, бұлақ болмаса суы мол құдықтар маңында болған; *Қосқұдық*



– Ақсуат өзенінің оңтүстік-шығыс бастауында, Ақкөл ауданындағы бұлақ. «Қатар жатқан екі құдық» (бұлақ) мәніндегі атау осы орайда қалыптасқан. Мал суару ісі әр жердің табиғи жағдайына қарай ұйымдастырылады. Үлкен өзендер мен бұлақтар көп болғандықтан сол табиғи суаттар пайдаланылған; *Бірсуат* – Аршалы ауданындағы өзен, «сол маңдағы жалғыз мал суаратын жер» мағынасында айтылған.

Дегенмен белгілі бір этносқа жататын тұтас өлкенің бір шаруашылық түрімен айналысуы тарихта сирек кездесетін құбылыс. Халықтың күнделікті тұтынатын азық-түлікке, тұрмыстық заттарға деген сұранысынан өңірде дәстүрлі шаруашылық түрлері қалыптасты. Оны төмендегідей аймақтық топонимдер растай түседі: *Егіндікөл* – Жосалы көлінен солтүстік-шығысқа қарай орналасқан көл. Атауы «егістік жердегі көл» мағынасында; *Егіндіқоңыр* – Құмдықөл көлінің солтүстігінде, Жарлықөл көлінің батысында, Қорғалжын және Целиноград (Ақмол) аудандары аумағында орналасқан көл. Атауы «егін» және «қоңыр» (бұл жерде егінге қолайлы, яғни өсімдіктері көп құнарлы жер мағынасында) сөздерінің бірігуінен құралған.

Жергілікті атаулардың бірқатар бөлігі ретінде этнонимдер (грек. *ethnos* – халық, *опута* – есім, атау), яғни ел, халық, ұлт атаулары) мен антропонимдерді (кісі есімінен қойылған атаулар) атауға болады. Географиялық атауларды зерттейтін мамандар «ру-тайпа» аттарын «генонимдер» (гректің «генос» – ру және «онома» – есім, ат деген сөздерінен шыққан) дейді. Ежелгі көшпенділер санатындағы халықтардың бәрінде де жайлаулар мен қыстаулар белгілі рулар, оның ішінде рубасылар иелігінде болған. Сол себепті де ру-тайпалар мен кісі аттары елді мекен, географиялық нысандар, таулар, өзен-көл атауларымен тығыз байланысты. Атап айтқанда, *Балталы* (*Жарқайың, Жақсы ауд.*), *Бағаналы* (*Жарқайың ауд.*), *Жағалбайлы* (*Ақкөл ауд.*), *Қанжығалы* (*Ақкөл ауд.*), *Итемген* (*Еңбекшілдер ауд.*), *Табын* (*Еңбекшілдер ауд.*), *Айдабол* (*Зеренді ауд.*) *Қалқаман* (*Астрахан ауд.*) *Қоңырат* (*Ерейментау ауд.*) [9] атаулары осы өңірде қоныстанған ру атауларынан шыққан. Антропонимдердің қалыптасуын бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Әулие, киелі кісілердің қоныстары немесе жерленген жерлері (Айтмола, Балабейіт т.б.)

2. Ру басы немесе билердің есімдеріне қатысты қойылған атаулар (Қазыбек, Едіге т.б.)

3. Ел қорғаған батырлар есімдеріне байланысты қойылған топонимдер (Аманкелді ауылы, Қабанбай батыр ауылы, Кенесары үңгірі)

Сондай-ақ беделді, елге жақсылығы тиген кісілердің есімдерін ұмытыл-



масын деген мақсатта жер-су атауларына беріп отырған. *Бабай* (Нұра өзенінің төменгі ағысында, Қорғалжын ауданында орналасқан көл. Бабай деп ел құрметті азаматты айтады. «Бабай көлі» деген атаудан қалған топоним); *Құрманбетқонған* (Тассу өзенінің оң жағалауында, Еңбекшілдер ауданындағы қоныс. Бұл жерді Құрманбет есімді кісінің мекендеуімен байланысты қалыптасқан атау) [14] атаулары осыған мысал бола алады.

Ал қазақ топонимикасына үнілер болсақ көне түркі және моңғол тілдерінің ортақтығы үнемі кездесіп отыратын жайт, сондықтан күңгірт ұғымдарды моңғол немесе қалмақ тілдеріне тели салу дәстүрге айналып кеткен сияқты. Жер аттарының географиялық, геоморфологиялық жағдайына немесе тарихи негіздері мен сөз түбіріне назар аударсақ, барлығы дерліктей қазақтың төл сөзі екенін және ұлтымыздың болмыс-бітімі, тұрмыс-шаруашылығы, көші-қонынан, этнографиялық салт-дәстүрінен саяси-мәдени, әскери елеулі оқиғалар, мифтік аңыз - әнгімелер, діни - философиялық көзқарасынан дерек береді. Яғни, топонимдер – энциклопедиялық мағлұматтарға толы ел мен жер шежіресі. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында да ерекше тоқталған болатын. Еліміздің тарихы, әсіресе тарихи-географиялық атаулардың ұмытыла бастауы өзекті мәселе. Біздің елімізде бұл мәселе әлі де болса қалыптасу кезеңінде тұр. Сондықтан тарихи топонимдерді жинақтап, тілдік, танымдық, тағылымдық сипаттарын айқындау, қазақ халқының тарихи, мәдени-рухани құндылығы ретінде жүйелеп, Қазақстан жұртшылығына ұсыну біздің міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Э.М.Мурзаев. «Очерки топонимики». Издательство «Мысль». Москва, 1974.
2. О. Л. Султаньяев. Принципы номинации в казахской топонимике Кокчетавской области. Ученые записки УрГУ. Серия филологическая. № 114. Вып.18. Москва, 1971.
3. А.М.Селищев. Из старой и новой топонимии. Избранные труды. М., 1968, стр. 69.
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия/ Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы, 1998. 487 б.
5. «Астана» кітап-альбомы (классикалық энциклопедия, 2012 ж)
6. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd»ЖШС, 2005
7. Прокопий. О постройках, пер. с латинского "Вестник древней истории". - 1939.- № 4.



8. Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. Уланбаатар-Өлгий., 1984. с. 444.
9. Өлкенің жер-су аттары. Библиографиялық әдебиеттер көрсеткіші. Қарағанды, 2001.
10. ҚР Географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Ақмола облысы. I том. Алматы, 2003.
11. Каймулдинова К.Д. Қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинациялануының ғылыми негіздері: геогр.ғыл.докт... автореф. – Алматы, 2010. – 32 б.
12. Сәдуақас Б.Б. Көкшетау сұлулықпен ұштасқан өркениет өрісі. Көкшетау, 2014. – 40 б.
13. Сапаров Қ.Т. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 б.
14. Жеріңнің аты – еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы. Алматы, 2006.



АБАТ ҚЫДЫРШАЕВ

М.Өтемісов атындағы БҚМУ жанындағы «Махамбет» гуманитарлық зерттеулер институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚПҒА академигі

Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы

Әдістеме аясы

Ахмет Байтұрсынұлы алғашқы әліппе, оқулық, тіл құралдарды дүниеге келтіруімен бірге, осы оқу құралдарын тәжірибеде қалай пайдалануға болады, әліппе, тіл құралдарындағы материалдарды шәкіртке қалай ғылыми тұрғыда меңгертуге тиіспіз деген мәселе жөнінде де ойланған. Озық елдердің әдістемелік әдебиеттеріне сүйене, үйрене жүріп, төл әдістемелік нұсқау, әдістемелік мақалаларын жазып қалдырған. Бұл бағытта мол жазбаларының бірер санын «Баяншы», «Әліппе астары», «Нұсқаушы» (қай жылы жазылғаны белгісіз), «Тіл жұмсар» секілді әдістемелік нұсқаулары мен «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Баулу мектеп», «Ана тілінің әдісі», «Жалқылаулы-жалпылау», «Қай әдіс жақсы?», «Дыбыстарды жіктеу туралы» мақалалары кұрайды.

Бұлардың ішіндегі автордың «Әліппе астары», «Нұсқаушы» деген екі кітабы әзірге қолға түспеуде. А.Байтұрсынұлы мұраларын жинаушылардың айтуына қарағанда, бұл еңбектер Мәскеу, Санкт–Петербург, Уфа қалаларының кітапханаларынан да кездеспеген. Еліміздегі Ұлттық кітапхана мен Ғылым Академиясының сирек қолжазбалар бөлімінен де ұшырата алмадық. Дегенмен аталған әдістемелік дүниелер қолымызға түспегенмен, деректерге сүйене келіп, бұл еңбектердің қандай бағытта өрілгенін аңғаруға болады. Мәселен, әйгілі жазушы Мұхтар Омарханұлы А.Байтұрсынұлы жұмыстан босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазып жүргенін айта келіп: «Бұрынғы оқушыларға белгілі «Тіл-құрал», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» һәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр» («Ақжол» газеті, 1923, 4 ақпан), -



деп хабарлайды. Бұл 1923 жыл болса, ал 1924 жылы «Әліппе астары» еңбегі Орынбор қаласынан 24 беттік көлемде басылып шығады. Нұсқаудың алғашқы бетінде «Оқу құралы» деген қазақша әліпби бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы деп көрсетілген. Әдіскер ғалым Мағжан Жұмабайұлы да А.Байтұрсынұлы әліппесінің дыбыстық әдіспен құрылғанын сілтей келе: «Бұл алифба бойынша қалай хат танудың жолы А.Байтұрсынұлының «Баяншы» хәм «Әлифба астары» деген кітаптарында көрсетілген. Мұғалімдер соларды жолбасшы қылсын» («Бастауыш мектепте ана тілі», Ташкент, 1923), - деп жазды. Ал ахметтанудың негізін салушы ғалым Р. Сәтіғалиқызы (Сыздықова): «Оқу құралын» пайдаланудың, жалпы сауат аштыру әдістерінің жөн-жобасын «Әліпби астары» атты әдістемелік еңбегінде көрсетеді («Ахмет Байтұрсынұлы», А., 1990), - деген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті архивында сақталған 1929 жылы мамырдың 5-інде А.Байтұрсынұлының өз қолымен жазып берген «Газет және журналдарда жарияланған басқа ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген құжатта «Әліппе астары әліппеге методикалық нұсқау» деп көрсетілген [1;2].

А. Байтұрсынұлының «Баяншы» әдістемелік нұсқауы 1920 жылы Қазан қаласының алтыншы мемлекеттік баспаханасында жарыққа шықты. Көлемі 15 бет. Таралымы 8600 дана. Кіндік қазақ өзгеріс комитетінің оқу бөлімі бастырған. Еңбектің титул бетінде “Қазақ мұғалімдері үшін” деп көрсетілген. Әдіскер нұсқауға жазған сөз басында: “Жаңа оқу жолымен таныс емес оқытушылар төменгі “Қазақ дыбыстары хәм олардың жазылу белгілері” деген хәм “Дыбыспен жаттығу” деген екі сөзді оқып әліппе қалай тәртіп етілгенін көріп, оқу бастауы артық емес. Бұл екі сөз оқушылар емес, оқытушылар үшін жазылған” - деп те көрсетеді. Бұл еңбек ағартушының көп жыл бала оқыта жүріп жасаған әдістемелік тәжірибесінің түйіні, тұжырымы. Оған А.Байтұрсынұлының: “Адамның өзінде кәмілдік болмаған соң, ісінде де кәмілдік жоқ. Сондықтан 14 жыл бала оқытып аңғарған, сезген, білген, іс көргендігім болса да, әліппе мінсіз болады демеймін (бұл жерде әліппені оқытуды айтып отыр деп білеміз). Ұнамсыз мінді жерін аңғарған адамдар көрсетсе, көп-көп алғыс айтамын,” – деуі де дәлел [2].

“Баяншы” 1920 жылы баспа жүзін көрді дедік. Бірақ әдістемелік нұсқаудың жазылуы бұдан ертерек секілді. Бұны алғаш байқаған ғалым Р. Сәтіғалиқызы жоғарыдағы аталған еңбегінде былай деп жазады: “1912 жылы шыққан бұл “Әліппеден” біздің көңілімізді аударатын бір мағлұмат аламыз, ол – Байтұрсынұлының «Баяншы» атты методикалық кітапшасы сол кезеңде-ақ



бар екендігі. Оған мына текст дәлел: «Бұл алифбадағы қай харф қандай дыбыстың белгісі, олар қай орында қалайша жазылмақшы һәм балалар алифбаға түспей тұрып дыбыспен қалай жаттықпақшы – бұлар жайын «Баяншы» деген кітапшадан қараңыз». Тілші ғалым пікіріне біз де қосыламыз. Келтірілген үзіндіге жүгінсек, сауат аштыру, тілді оқыту әдістемесінің негізін жасауға ұмтылыс нәтижесінде әзірленген «Баяншы» еңбегі 1910-1912 жылдары дүниеге келген болып шығады.

«Тіл жұмсар» әдістемелік нұсқауы екі кітаптан тұрады. Алғашқысы 1928 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстан баспасынан жарық көрді. Көлемі – 46 бет. Әдістемелік титул парағында «Сөйлеу, оқу, жазу тілін жұмыс тәжірибесі арқылы танытатын 1-інші кітап. Білім ордасы 1-інші басқыш мектепте ұстауды ұйғарған» деп жазылған. 90 беттік көлемдегі «Тіл жұмсардың» екінші кітабы 1929 жылы (бірінші бетінде 1928) тағы да Қызылорда қаласында басылады. Еңбектің «Дәйектеме» деп аталған бөлігінде А.Байтұрсынұлы – жетекші құралдың ерекшелігіне жан-жақты сипаттама береді. «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен (тәжірибе арқылы білім алу) үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім – «Тіл құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. «Тіл – құрал» қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін, түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын-ұсағынша, ірісін-ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. «Тіл жұмсар» сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек-бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсарту арқылы барып үлкен құралды танытады», - деп бастайды. Одан әрі әдіскер нұсқау бөлімдерінде қамтылған мәселелерді, оларды меңгертудегі алға қойған түпкі мақсатты айқындайды. «Тіл жұмсардың» қазір екі бөлімі ғана шығып тұрғанын айта келіп, бірінші бөлімдегі жүргізілетін жұмыстарға мыналарды қосады: әріптер мен әріп белгілерін, түрлі орында көбірек жұмсалатын сөз бөлшектері мен сөйлем бөлшектерін жаза білу; дәйекші керек қылмайтын дыбыстардың әріптерін білу; сөздің жекелік, көптік түрлерін тану; көбінесе айтылатын сұрау сөздермен танысу; жеңіл сұрауларға жауап жаза білу; жеңіл бүркеулерді аша білу; сөзге үйлесетін сөз теріп ала білу; оңай туатын сөздерді туғыза білу; сөзді сипырға (цифрға), сипырды сөзге айналдыра білу; тасымалдаумен танысуды қосады.

Сондай-ақ А. Байтұрсынұлы: «Бұл бөлімде бақылау мен мәнісін білу жағынан тура тұтыну тәжірибе жағы басым болып отырады. Және бір



ескертетін нәрсе 1-інші бөлімде берілген тілтану білімі «Әліпбидегі» әңгімелермен байланысқан. Оны сол ретте басқа кітаптардағы әңгімелермен байластыруға болады. Мұнда тек байланыстыру жолы, жөні осы ретше болу тиістілігіне үлгі үшін байластырып көрсетілген», - дейді. «Тіл жұмсардың» екінші бөлімінде бірінші бөлімдегілердің көбі қайта келетіндігін, бірақ олар пысықтау ретінде емес, бұрынғы бөлімдерді тереңдетіп, аудандарын кеңейтіп білдіру ретінде ұсынылатынын ескертеді. Енгізілген жаңа жұмыс түрлері ретінде мыналарды атайды: 1) сөйлемдердің түрлерін тану; 2) сөздердің, дыбыстардың негізгі түрлерін тану; 3) орын талғайтын дыбыстармен танысу; 4) сыбайлас дыбыстардың бір-біріне ететін әсерлерімен танысу; 5) дауыс екпінін тануды атайды.

А.Байтұрсынұлы бұл бөлімде істеу жүзінде байқаумен алған білім жұмсау жүзінде іске асып, бақылау мен жұмсау екеуі теңбе-тең бірдей жүріп отыратынын айтады.

Әдіскер дәйектемеде «Тіл жұмсардың» берер пайдасы хақында да түйінді пікірін білдіреді. Аяғында айтып өтетінім емле үйретуге «Тіл жұмсардың» екі бөліміндегі қолданыстық нәрсе (материал) жеткілікті. Соның бәрін балалар дұрыстап, түгел қолданып өтсе, емленің 90% шамасы білуге дыбыс жүйелі. Оны білу үшін буынды жақсы тану, дұрыс буындай білу, сөздің буындарын біліп отырып жазуға әдеттену және керек. «Әліпби» мен 1-інші «Тіл жұмсар» көлеміндегі нәрсе де, мезгіл де, білім де жеткілікті. Онан арғысын 2-ші «Тіл жұмсармен» толықтырып, үшеуінің көлеміндегі нәрседен емленің 90% білімін толық алуға болады. Онан әрі қалған 10% білімін 3-ші «Тіл жұмсар» беруге тиіс. Сөйтіп, бақылау мен жұмсау тәжірибе жолымен «Тіл жұмсардың» үш бөлімінің беретін білімін алғанда, балалардың сауаты емле жағынан толық жеткілікті болмақ», - дегені оған айғақ. А.Байтұрсынұлы дәйектемесі 1928 жылы наурыздың алтысында Қызылорда қаласында жазылған. Берілген үзіктен және бір байқайтын мәліметіміз А.Байтұрсынұлы «Тіл жұмсар» әдістемелік нұсқауының үшінші кітабын да шығаруға жоспарлағаны. Қынжылатыны, ол еңбектің жарық көріп үлгермеуі. Сонымен «Тіл жұмсар» – ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтыну жолдарын үйрететін әдістемелік құрал.

Ғалым Р. Сәтіғалиқызы бұл еңбектің ерекшелігін дәл байқап, «қолданбалы грамматика» деп бағалады. Нұсқау «Тіл құрал» оқулығындағы грамматикалық ұғымдарға және «Әліпбидегі» мәтіндерге сүйенген.

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінің біраз бөлігі мақалалар то-



бынан құралады. Әдіскер еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінде (А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., «Ана тілі», 1992,443-445-б.б.) «Ана тілінің әдісі» мақаласы мен «Оқу құралы» еңбегі де аталған. Бұл «Оқу құралдың» өзге оқу құралдардан айырмашылығы, онда «Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы» деп жазылған. Сондай-ақ, қызғылт түсті жұқа мұқабасы сыртында «Методические записки по родному языку (на кирг. яз.)» деп те көрсетілген. Ал бірінші бетінде «Балалар, бұл жолы басы даналыққа» деп келетін алты тармақты «Тарту» өлеңі берілген. Бұл шумақ алғаш рет А.Байтұрсынұлының 1912 жылы Орынбордан шыққан әліппесінде жазылған. Көлемі 14 беттік әдістемелік еңбек 1921 жылы Ташкент қаласынан шығарылған. Таралымы 10 000 дана. Әдістемелік «Сөз басы» (2-3-бет), «Қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері» (3-9-бет) «Дыбыспен жаттығу» (9-14-бет) бөлімдерінен тұрады. Ал «Ана тілінің әдісі» мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 9-нөмірінің 23-31-беттерінде жарияланған. Бұған қоса ағартушының «Баулу мектеп» («Трудовая школа») атты проблемалы мақаласы журнал бетінде 1925 жылы (№1, тамыз) басылған болатын.

Өкініштісі сол, жоғарыдағы айтылған екі мақала да А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері топтастырылған «Тіл тағылымы» («Ана тілі», А., 1992) деген бағалы жинаққа енбеген. Бұл құнды екі зерттеме «Тіл тағылымы» секілді оқу-ағарту, әдістемелік еңбектерінің топтамасынан көріну керек еді. Аталған жазбалардың 1991 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Ақ жол» жинағына да ілінбегені мәлім. Әрине, бұнда өлеңдер мен тәржімелер, көсемсөздері мен әдеби зерттеулерінің басы қосылған тұғын. Қысқасы, ілгеріде шығар А.Байтұрсынұлы жинақтарында бұл кемшіліктің орны толтырылуы тиіс.

Әдіскер ғалымның «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» («Аналитический метод обучения грамоте») мақаласы 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының он бірінші – он екінші нөмірінің 45-49-бет аралығында басылды. Журнал редакциясының басқармасы мақала соңында: «Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын көздері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдісі дегені осы тұтас сөз сөйлем әдісі. Мұның бүге-шүгесі келер санда басылады», - деп көрсеткен. Шынында да журналдың келесі санында, яғни, 1928 жылғы бірінші нөмірінің 31-37-беттерінде «Жалқылаулы-жалпылау әдісі» («Аналитико – синтетический метод обучения грамоте») атты мақаласы жарияланды.

А.Байтұрсынұлының еңбектерін жинаушы-тарамдаушылар ғалымның



әдістемелік жазбаларының сапына «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» деген мақаланы да қосады. Аталмыш мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 2-3-нөмірінің 44-бетінде жарияланды. Мақала шекесінде «А.Б.ұлы» деп авторы көрсетілген. Бізше, бұл бір беттік мақала А.Байтұрсынұлы қаламынан тумаған. Оған айтар дәлеліміз, біріншіден, жазбаның Ахаң стилінен өзгешелігі, екіншіден, осы журналдың соңындағы орыс тілінде берілген мазмұнында мақала «Исследовательский изобразительный метод» түрінде аударылып, авторы ретінде «Базаров» деп көрсетілген. Яғни, біздің айтпағымыз «Зерттеу мен сүгіретшілік әдісі туралы» мақаласының авторы сол кезеңдегі тәжірибелі оқытушылардың бірі Базарұлы Абұлқасаб (Базаров) екендігі. А.Базарұлының «Жаңа мектеп» журналы бетінде бұдан басқа да мақалалары жарияланып тұрған. Мәселен, «Алқакөл болысында оқу күйі» (Кереку уезі), 1927, №3-4, 110-114-бет; «Ана тілінің әдісі жайынан», 1928, №1, 48-51-бет.

Ағартушының әдістемелік құнды дүниелерінің бірі – «Қай әдіс жақсы?» мақаласы. Мақала «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы 4-5-нөмірінің 3-11-беттерінде басылды. Зерттеудің көтерген жүгінің сонылығы хақында журнал басқармасы былайша жазады: «Жазушының дыбыс әдісі мен тұтас сөз әдісін сынаған ойларына, көзқарасына басқарма қосылмайды. Ол ойларын біржақты жаңылысы бар деп біледі. Мұндай мәселе әлі қазақ оқытушыларына соны болғандықтан, бұл мақала пікір алысу ретінде басылып отыр. Әдіс жұмысымен таныс адамдар, педагогтар бұл туралы пікірін жазуын өтінеміз. Басқарма соңғы нөмірлердің бірінде өз ойын жазбақшы» [3].

А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» («Классификация звуков казахского языка») деген мақаласы да – өзіндік ой айтатын, ойлантатын зерттеу еңбегі. Мақала соңында дыбыстарды өзіндік жіктеуінің кестесін беріп, «Қызыл-Орда. 1927.28.IV.» деп көрсетілген. Мақала белгілі журналдың 1927 жылғы бесінші нөмірінде (60-70-бет) басылды. Әдіскер бұл жазбасын 1927 жылғы «Жаңа мектеп» журналының екінші нөміріндегі (61-67-бет) Елдестің (Елдес Омарұлы) «Қазақ дыбыстары» деген мақаласына пікір білдіру мақсатында жазылған.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының аталған мақалаларының атауларынан-ақ көрініп тұрғандай оларда өз ортасына «әлі соны» әдістемелік мәселелер көтерілген. Ана тілімізді қандай әдіс-тәсілмен оқыту орындылығы айтылады, өзара пікір алысуға шақырады. Демек, қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімі саласында синтетикалық, аналитикалық, аналитика-синтетикалық оқыту әдісі жөнінде



алғаш әдістемелік тұрғыда пайымдау жасаған, түсінік берген, әдістердің анықтамасын қорытқан әдіскер – Ахмет Байтұрсынұлы. Сондай-ақ, аталған әдістердің жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылау, айырыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиырыңқы әдіс, көрнекілік әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын(терминдерін) да тұңғыш қолданысқа енгізген де Ахаң. Бір ғажабы ғалым әрбір әдістемелік пікірін өзге алуан тілдің ерекшеліктерімен, қолдану тарихындағы тәжірибелерімен салыстыра қараған.

Қорыта айтсақ, А.Байтұрсынұлының әдіскер ретіндегі жазған ғылыми әдістемелік еңбектерінің дүниеге келуі, олардың баспасөз бетінде жариялануының бір парағы осындай. Ал, осынау әдістемелік нұсқау, көмекші құралдарының, мақалаларының құрылымы, көтерген мәселесі қандайлық деңгейде екендігі – өз алдына кең көлемді әңгіме.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед. ғыл. канд. ғыл. дәреже. алу үшін дай. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. -30 б.
2. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Монография. Орал: БҚМУ, 1998. - 132 б.
3. Қыдыршаев А.С. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемеліктері // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №9-10, 1997. – 56-60-б.б.



АЙЖАН ШОРМАҚОВА

*Еуразия гуманитарлық институты
қазақ және орыс филологиясы
кафедрасының доценті, педагогика
ғылымдарының кандидаты*

Алаш білімпаздарының тілді оқытудағы әдістемелік көзқарасы мен ұстанымы

XX ғасыр басында қазақ зиялылары түрлі салада қызмет етті. Олардың әрқайсысының ғалым, жазушы, журналист, ағартушы-ұстаз әмбебап маман болуы сол кездегі заман талабынан туған қажеттілік еді. Алаш қайраткерлері өз ұлтының келешегі үшін оқу-ағарту саласын жақсартуды көздеді. Осы бағыттағы Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышпайұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанұлы, Е.Омарұлы, М.Жұмабайұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Күдеріұлы, С.Садуақасұлы сынды азаматтардың еңбектері өлшеусіз. Қазақ зиялылары ана тілінде оқулықтар жазып, сөздіктер шығарып, аударма ісімен айналысып, ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға күш салды, халықтың сана-сезімін оятып, мәдениетті елдер қатарына қосылу жолында аянбай еңбек етті.

XX ғасырдың басында қазақ жерінде орын алған саяси-әлеуметтік жағдай ел зиялыларының ұлт мүддесі жолында бірігіп, қазақ тілін, әдебиетін, мәдениетін бағдарға алып, бірлесе еңбек етуі – біздер үшін жарқын үлгі. Бұл кезең – қазақ қоғамының рухани жағынан серпілген, ұлттық сананың оянған кезеңі болды. Ұлттың қамын ойлаған зиялылар қазақ халқын алдыңғы қатарлы елдердің сапына қосу үшін қалың бұқараның арасында ағартушылық идеясын көтеріп, халықтың сана-сезімін оятуды мұрат санады. Қазақты оқу-білімге шақырды. Алаш көсемі Ә.Бөкейхан: «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дейтін қазақ. Бәрінен білім жүйрік. ... «Білімге жақсы да, жаман да жоқ. Білім – алмас қанжар. Кім қолына алса, соның қолы, салып қалса, жақсы-жаманды айырмай, басты алып түседі», – деп жазды [1, 262]. Алаш



дәуірінің рухани көсемі, қазақ тіл білімінің атасы А. Байтұрсынұлы: «Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ», – деп тебіренді [2, 395]. Қазақ халқы өз алдына жазу-сызуы бар мәдениетті, оқыған ел болуға толық құқығы бар. Және аз уақытта солай болды да. Қазақстанның болашағы қандай болуы керек? деген мәселеге келгенде, біз бүгін осы ұстанымдарды басшылыққа аламыз. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ой-тұжырымдары ұлттық идеяның әрдайым тілмен байланысты екендігін байқатады.

Қоғамдық ғылымдар ішінде қазақ тілін оқыту әдістемесі кеш қолға алынып, осы сала бойынша еңбектер кейіннен жазылды. XX ғасыр бас кезінде шыққан әдістемелік нұсқаулықтар оқытудың әдістемелік жүйесіне арналмады. Мысалы, сол кезеңдегі «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» секілді алғашқы қазақ тілді басылымдарда жарық көрген мақалаларда қазақ даласындағы оқу-ағарту жұмыстарындағы кемшіліктер мен мектептердің жетіспеушілігі жөнінде айтылды. Жалпы оқыту әдістемесіне қатысты арнайы жеке жинақ немесе кітап жарыққа шыққан жоқ, жоғарыда айтып кеткеніміздей, тек мақала көлемінде ғана шектеліп отырды. Ал XX ғасырдың оныншы жылдарынан бастап оқулықтарда мұғалімге көмекші құрал ретінде оқытудың әдістемелік тәсілдері қосымша беріле бастады. Осы кезеңде шыққан еңбектердің қатарында «Қазақша букварь» (Нұрбаев, Уфа, 1910), «Әліфбе яки төте оқу» (И.Арабаев, Х.Сәрсекеев, Уфа, 1911), «Қазақша ең жаңа әліппе» (М.Малдыбаев, Қазан, 1912), «Қазақша ең жаңа әліппе» (Ж.Андамасов, Уфа, 1912), «Қазақ балаларына жәрдем. Қазақша әліппе кітабы» (Ғ.Сырғалин, Қазан, 1913), «Үлкендер үшін әліппе» (Жиюшылар: Ш.Сарыбаев, Е.Қожантаев, Ташкент, 1921), Т.Шонанұлының «Жаңа әліппе», «Орысша қазақ тілін үйреткіш», «Кеспе әліпби», Н.Төрөқұловтың «Үлкендер үшін жаңа әліппе», Ә.Байділдин мен Ғ.Мүсірепов бірігіп жазған «Қызыл әскер әліппесі» сынды оқу құралдарын атауға болады.

Ы.Алтынсарин негізін қалаған оқулық жазу мәселесін XX ғасыр басында алаш қайраткерлері жалғастырды. Ғасыр басында қазақ ағартушылары А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабайұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы, Қ.Жұбанов, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаевтар қазақ тілі мәселесімен белсене айналысып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасып-дамуына үлес қосты. XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін игі бастамаларға толы болды. Қазақ халқының ұлттық сана-



сезімін арттырып, басын біріктірген, қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік шаралар, көтерілістер мен толқулар баспасөз ісінің дамуы мен халықтың жаппай сауаттануға ұмтылуы, алаш қайраткерлерінің атқа мінуі – отандық тарихтың қилы кезеңіне тиесілі айтулы оқиғалар. Ресейде 1917 жылы үкіметті шаруалар мен жұмысшылар қолға алғанына, билікке большевиктердің келгеніне алаш қайраткерлері үлкен сақтықпен қарады. Қайраткер Қ.Кемеңгерұлы да Қазан төңкерісін қуанышпен қарсы алмады. Ол осы уақытта Қызылжар қаласынан шығатын өзі редакторлық еткен «Жас азамат» газетінде «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» деген саяси-әлеуметтік тақырыптағы мақаласын жариялады. Онда қайраткер Ресейде большевиктердің билікке келіп жатқанына өкініш танытып, қазақ жерінде ондайға жол берілмеу керектігіне шақырды.

Алайда тарихтың шешімі алаш қайраткерлері армандағандай болмады. Жаңа қалыптасқан жағдайда алаш оқығандары жұмыла жұмыс істеуге, бір-біріне одан да мықты ниеттес болуға, жан-жақты қолдау көрсетуге, қазақ мүддесін қорғайтын ғылыми, шығармашылық еңбектерін жариялауға, баспасөз, кітап шығару ісі арқылы халық жүрегіндегі ұлттық сана-сезімнің отын өшірмеуге тырысты.

Қ.Кемеңгерұлының Омбыдан Ташкент қаласына қоныс аударуында да үлкен мән бар еді. Билікке большевиктер үкіметі түгел қол жеткізгеннен кейін Қ.Кемеңгерұлы ұлтына адал қызмет істеуді жалғастырды. Аз уақыт саясат сахнасында болған қайраткер өзінің бар күш-жігерін енді таза шығармашылыққа арнады. Оның жемісі ретінде айналасы он жылдың аясында ғылым мен әдебиеттің сан саласы бойынша бағасы жоғары құнды дүниелерді өмірге әкелді.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1923 жылы 22 қарашада «Тіл туралы декрет» қабылданып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуы – ХХ ғасыр басындағы ұлттық маңызы жоғары үлкен шара. Осыдан кейін мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі біршама жанданды. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Қазақ тілінің қоғамдағы орнына байланысты зиялы қауымның алдында мынадай үлкен міндеттер тұрды:



- қазақ тілінде оқулықтар шығару;
- мектептерге арналған пәндік кітаптар болмағандықтан оқу орындарын қазақ тілінде жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- қазақ тілінде дәріс беретін мұғалімдерді дайындау;
- орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту [3, 3] шаралары жүргізіле бастады. Қазақ тілінің заңды тұрғыдан мемлекеттік мәртебе алуы оқыту саласына да өз ықпалын тигізбей қоймады. Оқу орындары үшін жаңа оқулықтар жазып, жаңа бағдарламалар құрастыру қажет болды. Оқу орындарында, мекемелерде қазақ тілін оқыту үшін арнайы бағдарламалар жасалып, оқу құралдары жазылып, сағаттар бөлінді.

XX ғасырдың 20-30 жылдарында басты мәселе жаппай халықты сауаттандыру болды. Осы мәселені іске асыруда алаш оқығандары А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанұлы, Қ.Басымұлы еңбек етті. Алаш қайраткерлері бұл жылдарда ұлттық мектептердің ашылуына септігін тигізіп, қазақ тілін өркендетуге күш салды. Олардың ұлттық мектептер жайлы ой-пікірлері мен қазақ тілін оқытуға қатысты ғылыми тұжырымдары әдістеме теориясының дамуына ықпал етті. XX ғасыр басында ұлт зиялылары қазақ мектептерінде қазақ тілінің оқытылуына қаншалық мән берсе, қазақ тілінің орыс тілді мектептерде оқытылуына да соншалық назар қойды. Қазақ оқығандары қазақ тілінің ұлт мектептері мен орыс мектептерінде оқытылуына көңіл бөліп, қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар жазды. Олар мектептерде қазақ тілін оқытуға байланысты оқулықтармен бірге орыс тілді мектептердегі қазақ тілі пәні үшін оқулықтар жазды.

Ы.Алтынсариннен бастау алған оқулық жазу әдістемесін теориялық, практикалық жақтан дамытқан А.Байтұрсынұлы болды. А.Байтұрсынұлының оқулықтары – орта мектепке қазақ тілін оқытуға арналған алғашқы еңбектер. Ал Т.Шонанұлының «Әліппе», «Жаңа арна», «Қазақ тілінің оқу құралы», «Учебник казахского языка для взрослых» еңбектері сол қоғамның қажеттілігін өтеді. Қ.Кемеңгерұлының оқулығы сол заманда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуге арналған бірден-бір құнды еңбек болды. Ғалым Ташкент қаласында әскери училищеде қазақ тілінен сабақ бере жүріп, тәжірибе мен теориялық білімін байланыстырды. Нәтижесінде екі бөлімнен тұратын «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» еңбегін жазды. Қ.Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» қазақ тілін аптасына он екі сағат оқитын әскер мектебіне арналды.



А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» оқулықтары қазақ мектептері үшін жазылса, Қ.Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін әзірленді. Оның «Оқу құралы» сол заманда маңызды қызмет атқарып, өзге ұлт өкілдеріне арналған оқулықтардың бастауы болды. Өкінішке орай, қоғамдағы саяси ахуалдың орын алуына байланысты Қ.Кемеңгерұлының «Жабропалықтарға арналған оқу құралы» біраз жылдар бойы жарыққа шығарылмай, көпшілік қауым назарынан тыс қалды.

А.Байтұрсынұлы – қазақ ғылымының әдебиет, тіл, әдістеме салаларынан өнімді еңбек қалдырған ғалым. Оның «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл – құрал» сынды оқулықтары өз заманының озық еңбектері болып табылады. Бұл оқулықтарды А.Байтұрсынұлы қазақ тілін оқытудың, үйретудің нақты әдістемелік нұсқаулығымен бірге ұсынған. Тілші-ғалымның «Тіл – құралдың» бірінші кітабы бір жылдық 1914 жылы, екінші кітабы екінші жылдық 1915 жылы Орынборда, «Тіл – құрал» (дыбыс жүйесі мен түрлері) 1925 жылы, «Тіл – құрал» (сөйлем жүйесі мен түрлері) еңбектері қазақ тілінің грамматикасы мәселелерін қамтыған.

Ғалым «Баяншы», «Нұсқаушы», «Әліппе астары» еңбектерінде оқытудың әдістемелік ерекшелігін баяндайды. «Қай әдіс жақсы», «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы – жалпылау әдіс» мақалаларында әдістің түрлеріне тоқталады. Әдіскер-ұстаз жалқылау, айырыңқы әдіс, жалпылау, жиылыңқы әдіс, жалқылаулы-жалпылау, айырыңқы-жиылыңқы әдіс деген қазақша ғылыми аталымдарын да тұңғыш қолданысқа енгізген. Ол осы үйрету әдістерінің ішінде жалпылау әдісінің ескісі екендігін айтады [2, 371]. А.Байтұрсынұлы «тұтас сөз» әдісін әр жұрт өз тілінің, емлесінің ыңғайына қарай әр түрлі тұтынып отырғанын сөз етеді. Америкада жазуға үйретуі оқуға үйрету сияқты әріптен басталмай, бүтін сөздің жазуынан басталатындығын, жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынатындығын да көрсетеді. Ғалым: «Жалқылау әдісінің шыққан жері – Франция, ал жалқылау әдісін қуаттаушылардың бірі Гедике», – дейді [2, 364-365]. А.Байтұрсынұлы әдіскерлер Гедикенің, Жакотоның әдіс-тәсілдерін сипаттап, талдаса, Қ.Кемеңгерұлы «Жат тілді оқыту мақаласында» шетел әдіскерлері Ганчина, Кестере, Фриденберг, Мамуналардың әдістері туралы сөз қозғайды.

А.Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» мақаласында сол кездегі мектептер жайынан біраз мәліметтер береді. Мектептерге ең қажетті деген нәрселерге



тоқталып өтеді: «Ең әуелі, мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы... Істің толық жақсы болуына құралдың сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі – белгіленген программа» [4, 269]. Осы пікірге Қ.Кемеңгерұлы: «Мектеп қай тілде болу керек?» мақаласында: « ... мектепті көздеген мақсатқа жеткізу үшін үйі, құралы, сайманы, кітабы, оқытушысы сай болу керек», – деген ой қосады [5, 178-179]. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы мен Қ.Кемеңгерұлы сауатты да білімді ұрпақтың қалыптасып шығуы үшін білімді оқытушы болуы керектігін, оқытудың жолдарының белгілі бір әдістемелік жүйеге сүйенуін, оқытудың әдіс-тәсілдері айқын болуы керектігін айтып отыр.

Ағартушылар А.Байтұрсынұлы мен Қ.Кемеңгерұлы баспасөз беттерінде ХХ ғасыр басындағы ауыл мектептерінің жайын: талаптарға сай еместігін, оқу-білімге қажетті құралдардың тапшылығын, білім беретін оқытушылардың көбі «басқа қызметтерге қолы жете алмаған, не жарай алмағандар, не шалағайлар, не өз шаруасымен байланыстылар» [5, 179] екенін айтып сыйнайды. А.Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» мақаласында: «Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлықтай емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз», – десе [4, 266], Қ.Кемеңгерұлы «Мектеп қай тілде болу керек» мақаласында: «Қазіргі ауыл мектептерінің төрт түлігі сай деп ешкім айта алмайды. Бірі болса, бірі жоқ. Осы күнде ауыл мектептерінде комплекс (жиынды) әдіспен оқыту программаға кіргендіктен, мектепте алдымен керегі оқытушы болып отыр. Оқытушы жеткілікті біліммен комплексті қолданса, мектептің басқа кем-кегіктерін толтырады. Балаларға керекті білім береді. Өйткені комплекске керек жаратылыс, шаруашылық жағдайлары ауылдан табылады. Ал енді ауыл мектептеріндегі оқытушыларды алсақ, комплекс әдісін жүргізе алатындары некен-саяқ», – деп ашық айтады [5, 179].

Қ.Кемеңгерұлы өмір сүрген кезеңде Ж.Аймауытұлының ұлттық педагогика, психологияға байланысты жазылған еңбектерінің маңызы зор. Ж.Аймауытұлы – әдістеме ғылымына үлес қосып, педагогика, психология салаларында құнды ғылыми зерттеу еңбектер жазған жан-жақты білгір ғалым. Ғалымның «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау» сынды еңбектері өз заманында жоғары бағаланған. Ж.Аймауытұлы «Тәрбиеге жетекші» атты еңбегінде балаға білімді жүйелі меңгертудің жолдарын сөз етеді. Автор: «Баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын, оқытудың дұрыс жүйесін тауып, білімге тез жету шарттарын көрсететін педа-



гогика бөлімі – дидактика», – деп [6, 297] дидактикаға қазақ тілінде тұңғыш ғылыми анықтама берген. Ж.Аймауытұлы «Хат таныту әдістері», «Ана тілін қалай оқыту керек» мақалаларында еуропалық әдістердің озық үлгілерін пайдалану қажеттігіне назар аударады.

XX ғасыр басы – «әдіс», «әдістеме» терминдері қолданысқа еніп, әдістеме ғылымы дами түскен кезең. Ж.Аймауытұлы әдіс туралы ұғымды төмендегіше түсіндіреді: «Әрбір үйретудің мүддесі: шәкірттерді болмыспен әбден таныстыру, дұрыс, анық, ұғым туғызу үшін ұғымсыз деректерді жақсылап түсіндіру. Жаңа болмыс, жаңа ұғымдарды миға сіңіру – соның бәрінен тізбекті бір бүтін ой шығару. Үйрету әдістері дұрыс қолданғанда ғана соңғы мүдде орынға келеді» [6, 323]. Ж.Аймауытұлы білім беруде әдістерді дұрыс таңдап қолданудың дұрыстығын айтады. Дұрыс таңдап алған әдіс арқылы оқытуда берілген білім нәтижелі болатыны белгілі. А.Байтұрсынұлы: жалқылау-жалпылау, талдау-жинақтау, салыстыру, дыбыс, ойын, зерттеу сұрақ-жауап, сауаттау т.б. әдістерге түсініктеме берсе [2, 364-372], Ж.Аймауытұлы оқытудың талдау (анализ), ұластыру (синтез), жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, түсіндіру, көрнекілік әдісі деген түрлерін [6, 323-327], Қ.Кемеңгерұлы үйлестіру (синтез), талдау (анализ), аудару, көрнекілік, жаратылыс әдістерін [5, 174-178] сипаттайды. Әдіскерлер халықтың сауатын ашуда, қазақ тілін оқытуда, өзге ұлт өкілдеріне (орыстарға) тіл үйретуде жоғарыдағы аталған әдістерді талдап, саралап, тиімдісін өз замандас оқытушыларына қолдануға кеңес береді. Жоғарыда аталған әдістер қазіргі білім беру үдерісінде де ыңғайына қарай пайдаланып, негізге алынып жүр деп айтуға болады. Бұл алаш әдіскерлерінің пікір-көзқарастары мен ой-тұжырымдарының өміршеңдігін аңғартады.

Ж.Аймауытұлы: «Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгерді», – деп [6, 306] ана тілімізді халықтың бүкіл жан дүниесі, болмысы деп санаған. Оның «Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән хас мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн», – деген пікірі [6, 306] өзектілігін жоғалтпайды.

Қазақ ағартушылары сабақты дұрыс ұйымдастырудың жолдарын көрсетіп, тілді оқытуда негізгі көңіл бөлетін мәселелерге тоқталып өтеді. Ж.Аймауытұлы мұғалімнің өзі айтып бергенін қайталап айтқызудың пайдасы аз екенін айтады: «Мұғалімнің айтып берген сабағын қайта қарап отырғаннан басқа балалардың өз бетімен ойлап табары жоқ қой. Өзі ой-



лап, өзі істеп таппаған білім жан қуаттарын жетілдіре алмайды», – деп [6, 330] жаттату немесе айтқанды қайталатып сұрау баланың ойлау қабілетін жетілдірмейтінін айтса, Қ.Кемеңгерұлы жат тілді үйретуде құрғақ жаттаумен сөз миға қонбайтынын, ұмытыла беретінін еске салады [5, 176].

XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының бағыты бір, мақсат-міндеті ортақ болды. А.Байтұрсынұлы «Баяншы» әдістемелік еңбегін жазса, М.Жұмабайұлы «Бастауыш мектепте ана тілі», «Сауатты бол!» еңбектері арқылы бастауыш мектепте ана тілін оқыту, тіл дамыту әдістемесін жасауға үлес қосты. Ол еңбектерінде бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуға, комплекстік оқыту әдісінің ерекшеліктеріне, баланың сөйлеу тілі, тіл дамыту мәселелеріне, жазба тілді меңгертуге, көрнекіліктермен жұмыс істей білуге тоқталады. Бастауыш сыныптағы балаларға арналған қазақ тілі мен жазу емлесі бойынша үйретілетін жұмыстарды әр жылға топтап жүйелеуде ғалым белгілі бір дидактикалық ұстанымдарды сақтайды. М.Жұмабайұлының ойынша, бастауыш мектеп сауат ашқызып, хат танытуымен бірге болашақ тұлға бойына ана тілінің байлығын сіңірітіп, жан-жақты жетілдірумен ерекшеленуі тиіс. XX ғасыр басында өмір сүрген қазақ зиялылары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, М.Жұмабайұлылар осы мәселені алға тартты. А.Байтұрсынұлы: «Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі тіл я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей, мұнан былай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фельдшер, адвокат, судья, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек, екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егерде бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен матбуғатының мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген халде, мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы арғы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілдетерлік демеу һәм негіз болуға жарасын», – деп [4, 266-267] бастауыш мектептердің балаға тек сауат ашқызып, оған хат танытып қана қоймай, сонымен бірге олардың болашақ білімінің негізін қалап, ұлттың рухани құндылықтарымен сусындаған дара тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлуін міндеттеді. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының оқу-ағарту мәселесі, қазақ мектептерінің хал-ахуалы, ұлт мектептері, ұлт тағдыры, ұлт мәдениеті жайлы айтқан ой-пікірлері бүгінгі қоғамда да өзекті.



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). Құрастырып, түсініктері мен библиографиялық көрсеткіштерін жазып, баспаға әзірлеген Сұлтанхан Аққұлыұлы. Бас редактор Р.Нұрғалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы, 1995. – 478 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 3-п.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2005. 1 т. – 320 б.
6. Аймауытұлы Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. 4 т. – 448 б.



ЖАНДОС СМАҒҰЛ

Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы



БЕКТҰРСЫН ҚАЛИЕВ

Қарағанды мемлекеттік университетінің доцент филология ғылымдарының кандидаты

Латын әліпбиі – уақыт талабы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2006 жылы өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де, латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген ел, соның ішінде посткеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек», – деген пікірі, 2012 жылғы желтоқсан айында жарияланған «Қазақстан – 2050» Стратегиясында: «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керек» деген мәлімдемесі, әсіресе, зиялы қауым ортасында үлкен резонанс тудырды. Елбасы биылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында бұл мәселені тағы бір мәрте нақтылады.

«2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты



кестесін жасауы керек», – деген Елбасының сөздері латын әліпбиіне көшу туралы дау-дамайға нүкте қойғандай болды.

Сонымен, әліпбиімізді латын жазуына ауыстыру бізге не береді, неден ұтамыз, неден ұтыламыз? Тарқатып көрейік:

1. Тілдері ұқсас, діні бір, түп негізі ортақ түркі тектес елдер осы күнге дейін әртүрлі әліпбиімен жазып келеді, латын әліпбиін пайдаланатын түркі тілдес мемлекеттердің жазуы да бір ізге түсірілмей келеді, барлығына ортақ әліпби құрастыру (жазу) түркі мемлекеттерінің тарихи, рухани, мәдени байланыстарының нығаюына, ынтымақтастыққа, өзара интеграцияға алып келер еді;

2. Өткен ғасырларда түрлі тарихи, саяси жағдайларға байланысты дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен қазақ баласының басын қосушы фактордың біріне айналар еді. Өйткені, бәріміз бір тілде сөйлегенімізбен, әртүрлі әліпбиді пайдаланамыз, мәселен, Ресейде, Моңғолияда өмір сүретін қандастарымыз – кириллицаны, Қытай, Ауғанстан, Пәкістанда тұратын бауырларымыз – төте жазуды (араб жазуын), ал Түркия мен Еуропа мемлекеттерін мекендейтін Алаш перзенті – латиницаны қолданады. Бұл, әрине, өзара хат-хабар алмасуды күрделендіріп, жазу арқылы тілдесуді қиындатады. Мұны шетелдің жоғары оқу орындары аралық келісімшарт негізінде білім алып жатқан Қытай мемлекетінен келген қандас студенттерімізді оқыту барысында көріп жүрміз. Яғни, латын әліпбиі – әлем қазақтарының рухани бірлігінің негізі.

3. Біздің мұрағаттарда шаң басып жатқан көптеген мұрамыздың дені латын әліпбиінде жазылған. Латын әліпбиіне өту арқылы баға жетпес інжу-маржан, бай мұраларымызды кеңінен зерттеуге мүмкіндік алар едік. Мәселен, Алаш арыстарының латын әліпбиімен жазылып, жарияланған қаншама еңбегі көпшіліктің кәдесіне асырылмай, іздеушісін күтіп жатқаны жасырын емес.

4. ХХІ ғасыр – ақпарат ғасыры десек, бүгінгі компьютер заманында әлемдік ғаламтор жүйесіндегі ақпарат кімнің қолында болса, сол өз билігін емін-еркін жүргізе алады. Ал ақпараттың басты құралы – жазу. Яғни, ғаламтор жүйесінде үстемдік жасаушы – ол латын графикасы.

Білім, ғылым, өндіріс саласына еніп жатқан жаңа технологияларға латын әліпбиі арқылы қол жеткіземіз. Сондықтан латын әліпбиіне көшумен халықаралық ақпараттық кеңістікке шығу жеңілдейді, яғни, ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашылады. Қазір бәріміздің көзіміз ашық, көкірегіміз ояу, бірнеше тілді бес-алты айдың ішінде қорықпай, еркін



үйреніп алып жатқанда, ана тіліндегі дыбыстарды басқаша таңбалауды ғана меңгеріп алу бүгінгі жас ұрпаққа көп қиындық келтірмейді. Әрі бүгінде ұялы байланыстағы хабарламалардың көбі осы графикамен жазылуда.

5. Латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі кеңейтуге мүмкіндік жасайды. Тіл тазалығы мәселесіне келсек, тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Қазақ тілін оқытуда басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелер қысқарып, мектептен бастап барлық оқу орнында оқыту үдерісі жеңілдейді.

6. Латын әліпбиіне ауысу – біздің ұлттық санамыздың отарсыздануының бір жолы. Бір ғана мысал, еліміздің латын әрпіндегі транскрипциясын «Kazakhstan» деп емес, «*Qazaqstan*» деп жазған болар едік.

Қазақстанның кириллицаны тастап латынға көшуі – көршіміз Ресеймен достық байланыстарынан бас тартуы деген сөз емес. Бұл – тәуелсіз елдің ішкі ұлттық мәдени мәселесі. Ол мәселенің көрші елдермен қатынастарға қатысы жоқ. Ресей мен Қазақстанның достық негіздегі байланысы екі ел үшін де пайдалы екені анық. Сондықтан Қазақстанның латын әліпбиіне өтуі Ресеймен достық байланыстарды жалғастыруға еш кедергі келтірмейді.

7. Өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуіне де өз әсерін тигізер еді. Мәселен, бұған дейін кириллицамен жазылып келген қазақ тіліндегі сөздерді латын әрпімен таңбалайтын болсақ, тіл үйренушілер ол сөздерді басқаша қабылдайды, олардың ойында басқа ассоциация пайда болады: Қазақстан – *Qazaqstan*, өнер – *öner*, өзен – *özen*, өмір – *ömir*, тағысын тағы.

Қазір қолданылып келе жатқан көзіміз де, құлағымыз да әбден үйреніскен кирилл жазуы аса жетілген, кемел еместігін қазақ сөздерінің орфографиясына, орфоэпиясына келгенде анық байқадық. Жазуда қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағынбайтын жат тіркестер, көпшілік үйреніп кеткенімен, кірме сөздердің орыс тілі заңдылықтары негізінде жазылуы, басы артық *ь, ь* таңбалары, *в, ф, ц, щ, ю, я* әріптері, тағы басқа қиындықтар кездесуде.

Бүгінгі ұрпақ дыбыстардың тіркесім заңдылығына, дыбыс үндестігіне мән бермей, жазудың жетегінде, әріптің негізінде сөйлеп (дыбыстап), тіліміздің ең басты ерекшелігі болып табылатын, мыңдаған жыл бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан үндестік заңдылығын бұзып, артикуляциялық базамызды бүлдіруде. Мысалы, Құнанбай – *Құнамбай*, көкөніс дүкені – *көгөнүс түкөнү*, күн күркіреді – *күң гүркүрөдү*, таза ауа – *тазауа* болып, тіл және ерін үндесіміне бағынып барып дыбысталуы тиіс.

Сөйтіп, орыс жазуына негізделген 42 әріптен тұратын әлемдегі әрпі көп жазуымыздың арқасында әріппен сөйлейтін ұрпақ қалыптаса бастады. Тіл



мамандарының таңба басқа, дыбыс басқа болады деген пікірі ескерілмеді. Орыс жазуына негізделген қазақ жазуы дыбыстық жүйеге мынадай өрескел қателіктер әкелді:

- қазақ тілінің фонетикасы қате теориялық түсінік бойынша оқытылды;
- **и, у** дыбыстары біресе дауысты, біресе дауыссыз деген қате тұжырым пайда болды;
- кірме сөздер мен терминдер тіліміздің басты заңы – сингармонизмге бағындырылмады, таза орыс тілінің дыбыстық заңы бойынша айтылды;
- қазақы акцент жоғала бастады;
- жуан және жіңішкелік белгі бойынша сөйлеу қалыптаса бастады, мәселен, *Асель, халиң қалай?* (Әсел, қалың қалай?)
- сөзде екі дауысты дыбыс қатар жазылатын орфограмма енгізілді, мысалы, *киім, киік, тиын, қиын, жиын, суық, буын* т.б.;
- ерін үндестігі есепке алынбады, мектеп бағдарламасына енгізілмеді;
- қазақ тілінде дыбыс «сингема» емес, «фонема» деген тұжырым енгізілді;
- орфографиялық сөздікте фонетикалық ұстаным басты болмады, орфографияда ала-кұлалықтар пайда болды;
- сөйлеуде орфоэпиялық норма басты болмай, орфографиялық норма басты болды;
- емле саласында күрделі қиындықтар пайда болды.

Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керектігін қазіргі фонетист-ғалымдардың бірі Ә.Жүнісбек тынбай айтып келеді. Ғалымның: «Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен шектелмейді. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және еміле-ереже – бәрін бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби – сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғышарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен еміле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады», – деген пікірі көңілге қонымды айтылған (Әліпби мәселесі // Abai.kz).

Қазақ тілінің төл дыбыстарын түгендеп, соған лайықтап таңба санын ықшамдау – қазіргі күннің талабы. Ұлы А.Байтұрсынұлы бастап белгілеп берген қазақ тілінің төл дыбыстарының саны 28 (**а, ә, б, г, ғ, д, е, ж, з, й, қ, к, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ш, ы, і**) десек, осы дыбыстардан бөлек қазақ тілінің дыбыстарын іздеп әуре болмау керек, өзге дыбыс жоқ. Осы жердегі



бәрімізді шатастырып жүрген *й, у* таңбаларының дыбыс мәні, тілімізде өте жиі кездесетін езулік, еріндік, үнді [*у, w*] дауыссыз дыбыстарға жатады: *ми* [*miy*], *қи* [*qiy*], *ми* [*tiy*], *ауа* [*awa*], *әуе* [*äwe*], *су* [*suw*], *суы* [*suwu*], *у* [*uw*], *уық* [*uwuq*], *үйл* [*üwül*], *күлу* [*külüw*], *аю* [*ayuw*], *үю* [*üyüw*], тағысын тағы. Мұндай дауыссыз дыбыс орыс тілінде жоқ, ағылшын тілі мен қазақ тілінде бар.

Яғни, латын таңбасына негізделген қазақ әліпбиін жасауда тілдің дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстары мен орыс тілінен кірме дыбыстар жеке-жеке қарастырылып, әрқайсының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әртүрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Бұл істі кез келген адам атқара алмайды, арнайы фонолог мамандар мен компьютер технологиясын жетік меңгерген программистердің әліпби мәселесіне ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізіп, оны әбден пысықтап барып, жүзеге асыруына тура келеді.

Тура осы жерде Елбасымыздың жоғарыда келтірген «Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» деген пікірін қайталап айтқымыз келіп отыр. Себебі, бұл – ұлт тағдыры мен болашағын кемелдендіруге бастайтын мемлекеттік мәселе. Оны негіздеу мен насихаттау жұмыстарымен лингвист-тілші, филолог мамандар ғана айналысуға тиісті. Қолынан келсін-келмесін, латыншаға көшудің жай-жапсарын түсінсін-түсінбесін, қазақ тілінің жанашырымын деп атақ шығару мен сыйлық алу үшін жанталасатындардың пайдасынан зияны басым болатынын ескерткіміз келеді. Шымшық екеш торғай да «Кім сойса да қасапшы сойса екен» деп тілейді ғой.

Мұны Ә.Марғұлан айтқандай, «бірдеңе білеміз, білгеннен соң айтамыз» дегеніндей мақсатта жазып отырмыз. Өйткені латын **әліпбиіне** көшудің ұлттық деңгейдегі мән-маңызын пендешілік пиғылмен дұрыс ұғына қоймай жүргендер оны науқаншылдыққа айналдырмау қажет. Керек десеңіз, осы латын жазуына көшуді құрып кеткен латын тілін оқыту деп түсініп жүргендердің кездесіп қалатыны жалған емес. Мысалы, осыны пайдаланып қалғысы келетін шет тілдері кафедралары сағат толтыру мақсатында әліпби ғана қалып, өзі құрып кеткен латын тілін оқытуды оқу бағдарламаларына кіргізіп жатқанынан да хабардармыз. Оларға «айналайындар-ау, пайданды тигізбесең тигізбе, зиян жасай көрме» дегіміз келеді.

Біз, Қазақ Елі, уақыт көшіне ілесіп, әлемдегі өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылу үшін жалпы ұлт ретінде сақталып қаламыз десек, көп кешікпей, әліпбиімізді латын жазуына көшіруіміз керек. Бұл – бүгінгі күннің талабы.



АНАР САЛҚЫНБАЙ

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

Қазақтың өз латыншасы болса игі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көктемнің тәуір айы сәуірде «Егемен Қазақстан» республикалық газетіне жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, бағалай отырып, жаңғырта дамытуға үндейтін, іргелі бағдарламалық бағыттағы құжат болды. Еліміздің Біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет, ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай, батысқа еліктеу Еліміздің болашақ межесіне үлгі бола ала ма деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары осы бағдарламада кеңінен қозғалып, тиянақталған. ХХ ғасырдағы батыстық жаңғырудың үлгісі бүгінгі егемен қазақ еліне үлгі бола алмайды дейді Елбасы, өйткені «жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» [1].

Ұлттық код қайда? Ұлттық код – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте. Қазақ баласының тағылымы мол тарихында мәдени-рухани болмысы ізгілікпен әдіптеліп, қарапайымдылықпен шыңдалып, парасатпен шырайланған. Ұлттық кодымызда ізгілік, адалдық, перзенттік инабаттылық, адамгершілік, парыз, этикет, ақыл-парасаттылық кеңінен өрістеген, молынан қамтылған.



Ұлттық кодта парыз бен әділдік қатар сомдалып, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иасауи, Абай мен Шәһкәрім, Ақымет пен Әлихан, Мағжан мен Міржақып шығармашылығы арқылы халыққа дәріптелген, астары мен арқауы мықты оралымды сөз өрнегімен, ұғынықты тілмен өрілген. Қазақтың ұлттық кодында әділдік тұжырымдамасы ежелгі дәуірден бастап жинақталып, туыстығы жоқ үлкенге деген сыйластық болып танылған. Сыйластық пен ізгілік, ізеттілік пен имандылық қазір енді этикетке айналған тұста, осы ұлттық кодты дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық кодымызда ұят категориясы бар. Бесіктен белі шықпаған баладан бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын жақсылық пен жауыздықтың бөлінетінін айтып, мінезін қалыптастырады. Жауыздықпен күрес пен жақсылықты дәріптеу коды қазіргі мораль мен өнегелік категориясын дамыта түседі.

Елбасымыз таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі және негізгісі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын біртіндеп бастау керектігін нақтылайды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастаған бұл мәселенің қазір шешілетін сәті келгендей. Әлеуметтік желілердегі жазылып жатқан пікірлер легін саралау да, көпшіліктің бұл реформаны қолдайтынын аңғартады.

Жазу – адамзат дамуындағы қол жеткен ең маңызды құндылық. Бүгінгі тарих тағылымы жазуы бар, сол жазуын сақтаған елдің рухани мәдениетін терең бағалап, өз бетінен ең бір қадірлі орнын белгілейді. Төл жазуын қасиеттеп, киелі санап, ие болған ел мәдениет тарихынан өзінің тиянақты орнын тұрақты белгілей алады.

Ия, қазақ жазуының өткен тарихы ауыр болған. Қазақ еліне өз өктемдігі мен өкімдігін жүргізгісі келгендердің барлығы оның рухани болмысына жасайтын шабуылын, ең алдымен, жазуды өшіруден бастаған екен. Кез келген жазу сол ұлттың дәстүрлі мәдениетін, елдігін, тарихи жадын сақтайтын жәдігер екенін ескерсек, мұның мәнісі түсінікті де. Араб жаулаушылары атының тұяғы жеткен жерлердің барлығында түркілік таңбаларды жоюға күш салыпты, орыс колонизаторлары қазақ еліне кең тараған араб жазуымен, араб мәдениетімен күресіп, жазуды өшіріп, ақыры өз әліпбиін енгізген. А. Байтұрсынұлының төте жазуының тағдыры қалай болғаны бүгінгі көзі ашық қауымға белгілі. Қазақтың қайран тілі көшпенді ғұмыр-тіршіліктің арқасында жазуға мойынсұнбағандықтан, өзге тілдердің ырқына көне қоймай, өз болмыс-бітімін сақтай дами берген. Жазу болған жерде тарих бар, білім – жүйелі, ой – тиянақты, ғылым – сапалы, рухани қазына – жинақы. Ғылымның бар болуы жазумен тікелей байланысты, сондықтан сөйлеу мен жазудың қатынасының



басты анықтағышы да, ойлаудың таразыланып, ортақ игілікке айналуының да басты әрі негізгі көрсеткіші – жазу. Елдің, ұлттың тарихы таразыланғанда, рухани мәдениетінің парқы мен нарқы зерделенгенде жазудың қадірі арта түседі. Жазумен таңбаланып, анықталмаған тарихқа мұрагерінді қалай сендірмексің, бабадан қалған мұрам еді деп кімді иландырарсың? Қандай формада болса да, жазумен қалған тарих – еліңнің еншісін бөлмей сақтауының басты кепілі. Жазусыз тарих көптеген талас-тартыстарға жол ашып, Елдің кешегісін көз алдына келтіре алмай, ертеңіне деген кемел сенімін әлсіретері даусыз.

XXI ғасырда егемен Еліміз әлемдік өркениетте өзіндік орнын белгілеп, алдыңғы қатарға шығу үшін ұйымдасуда, ол «тарихтың темір қақпанына түспеу үшін» эволюциялық даму бағытымен, өркендей дамуды басты бағдар ретінде белгілеп, ұлттық құндылықтарды ұлықтауды қалайды. Қазір бірінші сыныпқа барған балалардың 90 пайыздайы қазақ сыныптарында отыр, жоғары оқу орындарындағы аудиторияларда қазақ топтары 85-90 пайызды құрайды. Демек, латын әліпбиіне көшудің ең басты алғышарттары орындалды деуге толық негіз бар. Ендігі басты мәселе қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау. Біздің пайымдауымызша, мұндай стандарттың негізі бізде бар. Ол Ақымет Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің латынша таңбалық нұсқалары, яғни төте жазуының латынша берілген нұсқасын негізге алып, бүгінгі қазақ латыншасының жетілдірілген нұсқасын жасауымыз жөн болар еді.

Латын әліпбиін қабылдау не қабылдамау мәселесі бүгін ғана көтерілген, айтылған жаңалық емес. 1924 жылғы Орынбор қаласында өткен сиезден бастап, осы таңбаны саралауға қанша жиын арналғаны бүгінгі зиялы қауымның көз алдында. Латын таңбасын енгізу немесе енгізбеу туралы көзқарастарды тұжырымдап, олардың мынадай сипатын айқындауға болар еді:

ПЛЮСИ:

1. Әлемдік деңгейде ақпарат алу жеңілдейді;
2. Әлемдегі барлық түрік жұрты латын таңбасында болады; алайда бұл бәріне бірдей ортақ таңба болады деген сөз емес, өйткені көнеден келе жатқан түркі тілдерінің арасындағы дыбыстық және грамматикалық айырмашылық бүгінгі оғыз тобындағы тілдер мен қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің өзіндік ерекшелігін танытатын басты белгі.
3. Компьютер мен интернет желісінде жұмыс істеу оңтайлы болады;
4. Ресми тілде жазылған ресми құжаттар да латын қарпіне көшуі міндеттелуі тиіс.



МИНУСЫ:

1. Латын қарпіне көшу сауаттылық деңгейін төмендетеді.
2. Латын қарпіне өтудің ар жағында жаһандану жолына терең ену, өзге діндердің, мәдениеттің әсері болуы ықтимал;
3. Кирилл жазуындағы көркем шығармалар мен ғылыми зерттеулер қолжетімсіз болып қалмау жағы жан-жақты шешілуі тиіс.

Әліпбиді өзгерту алдында алдымен мәмілеге келетін нәрсе – А.Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды; барлық емлелер нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді; бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында).

«Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деп жазған Ақымет Байтұрсынұлы әріптердің тіл дыбыстарын нақты таңбалауына, оқуға және жазуға жеңіл келуіне, үйретуге оңай болуына басты назар аударады [2]. Ғалым жасаған әліпбидің басты ерекшелігі ретінде қазақ сөзін дәл таңбалап, әрбір таңбаның мәні мен ерекшелігін нақты сипаттап, әрі осы дәлдік пен нақтылықты ғылыми тұрғыдан терең талдауында дер едік.

Қазақ жазу ілімі теориясында **әріп саны фонема санымен бірдей болуы** жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы қалыптасты. Әріптің фонемадан аз болуы түркі тілдеріндегі сингармония заңының сөздің негізгі құрылымы мен мағыналық ерекшелігін аша алу қасиетімен байланысты. Дауыстылардың бірыңғай жуан-жіңішкелігі сөздің барлық буындарында сақталатындықтан, көп таңбадан гөрі, сөздің алдына дәйекші белгісін қою арқылы жазу экономиясына жетуге болатынын табуы – Ахмет Байтұрсынұлының реформаторлығы ретінде танылады. Қазақ тіліндегі жиырма төрт түрлі дыбысты таңбалаудың өзіндік ерекше жолы мен жүйесін ұсынған ғалым “қ” мен “ғ” дыбыстарының ылғи жуан, “к” мен “г”, “е”-нің ылғи жіңішке айтылатынын ескерте отырып, былай деп жазады: “Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылуы үшін бір белгі, жіңішке айтылуы үшін бір белгі керек десек, онда 19 дыбысқа 38 белгі керек болар еді. Бұған дайым жуан айтылатын “қ” мен “ғ”-ны қосқанда дайым жіңішке айтылатын “к” мен “г”, “е”-лерді қосқанда, бәріне 43 белгі (харіп) керек” [3].

“Дауысты дыбыстар сөздің жаны, дауыссыз дыбыстар сөздің тәні есебінде” деп санаған Ахмет Байтұрсынұлы әрбір әріп пен оның айтылу жолын тәптіштеп түсіндіріп, жазу емлесін жасайды. “Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың иелігінде” (Сонда, 328-бет) деп түсіндірген ғалым қазақ



тіліндегі үндестік заңының ерекше қасиетін айта отырып, оның айту мен жазудағы нақты әрі табиғи қалпын сақтап, дауыссыздың өзі, шындап келгенде, осы заңға бағынатынын дәлелдейді. Бұл ғылыми шындықты кейінгі ғалымдардың мойындағаны, теориялық-тәжірибелік тұрғыдан анықтағаны тағы шындық (Ә. Жүнісбек).

“Жазу дегеніміз – дыбыстың таңбасы. Әр дыбыстың әр елдің таңбасындай таңбасы болады. Таңбасына қарап қай дыбыс екенін танымыз” деуінде үлкен мән бар [3]. Демек, ғалым үшін қазақ тілінің айтылымындағы фонема саны мен әріп саны шамалас, дәл келуі керек.

Қазақ жазу ілімінің атасы А. Байтұрсынұлы “Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылуы мен айтылуы бөлектенбей қала алмайды” деген ойын бірнеше жерде жұмырлайды, дыбыстар мен әріптер арасындағы қарым-қатынасты терең барлай келе, “дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөздің жазылуы мен айтылуының арасында да сәйкестігі күшті” екенін анықтайды [3, 359-360-беттер]. “Тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі бар болса”, тәртіпті жазу болатынын қайталай ескертіп отырады [3, 380-бет].

Әліпби түзген, тыныс белгілерін нақтылаған, жазу үлгісін көрсетіп, графема мен фонема арасындағы сәйкестікті терең талдаған А. Байтұрсынұлы емле тәртібіне де мән береді. Әлем халықтарының емле жүйесінен мол хабары бар ғалым, қазақ сөзінің ішкі болмысына сай келетін жүйені, дұрыс сауаттандыратын емлені қажет санайды. “Сауаттылық негізі жазу” деген жолды берік ұстана отырып [3, 362-бет], “жазу – әріптердің сүгіретін сала тізу, оқу – әріптердің дыбыстарын айта тізу” екенін нақтылайды.

Ғалым емленің төрт негізін атап көрсетеді:

- таңба жүйелі (негізі - ынтымақ);
- тарих жүйелі (негізі - дағды);
- туыс жүйелі (негізі - тегіне қарай);
- дыбыс жүйелі (негізі - естілуіне қарай).

Оларға жеке-жеке талдау жасай отырып, әрбірінің ерекшелігін талдап, оң тұсы мен қазақ сөзіне сәйкес келмейтін жағын ғылыми тұрғыдан саралап зерделеді. Ең бастысы, қазақ сөзінің дұрыс жазылуына ерекше мән береді, ауызша айтылғанның бәрін сол қалпында жаза салуға да болмайтынын атап көрсетеді.

Қазақтың төл жазуы деген түсінікті А. Байтұрсынұлы еңбектерінен кейін қолдануға мүмкіндік туды. Өйткені қазақ сөзінің өзіне тән айтылым, жазылым ерекшеліктері мен сипаты осы еңбекте жан-жақты анықталып, грамматоло-



гия ғылымы талап ететін заңдылықтарға басты көңіл бөлініп, негізгі ғылыми жауабы берілді. Мұны қазір барлық ғалымдар мойындайды. Жазу туралы ғылым өзінің дербес пәнін нақтылау үшін, тілдің табиғи қалпын таңбалайтын, ғылыми сипатын іздеуі керек десек, А. Байтұрсынұлының қазақ жазуы туралы жазған ғылыми пікірлері осы талаптарға толықтай жауап береді. Төте жазудың сөздің дыбыстық табиғатына жақын келіп, оқуға және жазуға оңай болуы үшін Ақымет түсіндіруіне қарап отырып, осы жазудың қазақ сөзінің болмысын таңбалау үшін барын салғанын аңғару қиын емес.

Осы Ақымет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақтың төл жазуы деген ұғымнан алыстамай, осы мазмұнды мәнге айналдыру жөн болар еді, яғни ақыметтік төте таңбалар жанында берілген латынша таңбалар нұсқасын алып, кейінгі латын қарпінің нұсқасын жасаған С. Аманжолов жасаған **ә, ө, ұ, ң** таңбаларын қосса, қазақтың өзіндік латынша әліпбиінің нұсқасы тарихи сабақтастық пен инновациялық жаңашылдықтың белгісі болар еді деп түйіндейміз. Заманында бұл **ө, ұ, ң** таңбалары үлкен қажеттіліктен туып (ұлы Сталин – улы Сталин деп жазылып кетіп, кісі қанымен жуылғаны белгілі жағдай), уақыт өткенде өзінің өміршеңдігін танытты. Түрік ғалымдары бұл таңбаларға күні бүгін де қызыға қарайтынына талай рет куә болдық.

Қазіргі таңда кей ғалымдар әлемдегі барлық түрік жұртын біріктірудің бір құралы ретінде латын таңбасын танығысы келеді. Дей тұрғанмен, көнеден келе жатқан түркі тілдерінің арасындағы дыбыстық және грамматикалық айырмашылық бүгінгі оғыз тобындағы тілдер мен қыпшақ-ноғай тобындағы тілдердің өзіндік ерекшелігін танытатын басты белгі. Қазіргі түрік әліпбиінде «Қ» дыбысының таңбасы жоқ. Сондықтан ауызекі сөйлеу тілінде қ дыбысы бірте-бірте «иумшақ г-ге» айналып, мүлде қолданыстан шығып барады. Ал қазақ тілінде «Қ» дыбысынан басталатын сөздердің көптігі сөздіктерден де аңғарылып тұр. Сондықтан да, түрік тілімен бірдей әліпби алуға тілдің фонетикалық жүйесі сәйкес келмейтіндігін тілші ғалымдар білуі тиіс еді.

Ресми құжаттар латын қарпіне көше ме, көшпей ме – деген сұрақты күн тәртібіне қойып, дұрыс шешу орынды болмақ. Мәселен, бізде аралас мектептер мен аралас балабақшалардың саны мол, бір факультетте орыс бөлімі мен қазақ бөлімі бар. Олар жазатын құжаттар (мәселен, есеп) қай қаріппен жазылмақ. Қазақстандағы өзге ұлттар өз қарпінде қала берсе, мемлекетімізде екі қаріп болып, үлкен саяси, мәдени психологиялық проблемалар шығады. Бір қаріпте жазу – мемлекеттік іс. Ресми орындарда ресми тілде сөйлеп, кирилл әрпімен жазатын болсақ, онда шынымен, латынға көшетін кім болмақ және оның қажеттілігі қанша деген заңды сұрақ туары даусыз.



Қазақ сөзінің дұрыс жазылуы үшін «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай, екеуінің арасынан жол тауып беретін» Байтұрсынұлы ұсынысы бүгінгі күнгі орыс жазуына негізделген әліпбиіміздің де басты талаптарының жасалуының теориялық негізі болған деп есептейміз. Бұл Ақымет ұсынған сегіз ұсыныстың ғылыми негізділігі мен жүйелілігін танытса керек.

Ғалым зерттеулерінде әліпбидің жалпы ғылыми теориялық мәселелеріне қатысты да өз пайымдауларын айтып отырады. Мәселенки, «жақсы әліпбидің сыпатын таныту» үшін, оның төрт түрлі қасиетін санамалап көрсетіп, түрік әліпбиіне, латын әліпбиіне қатысты өзінің көзқарасын білдіреді. Бұл көрсетілген талдаулар қазіргі грамматологияда талданып жүрген ғылыми зерттеулердегі қисындардан артық болмаса, кем емес дер едік.

Қазақ жазу үлгісіндегі тыныс белгілеріне де А.Байтұрсынұлы ерекше мән береді. “Әріптен басқа жазуда қолданылатын белгілерге бүгінге дейін анықтап белгілі ат қойылған жоқ еді. Сүгіретке қарап, біреу олай, біреу былай деп атайтын еді” – дей келіп, негізгі тыныс белгілеріне қазақша ат қойып, бірінші рет айдар тағады: “тыныстық (.), жапсарлық (,), қосарлық (=), тастарлық (-), дәлдеулік («»), сұраулық (?), лептеулік (!)” [Сонда, 337-бет]. Мұнан байқалатыны, қазақша тыныс белгілерге ат беру, олардың қойылу жолын түсіндіру автор үшін маңызды болған. Қазіргі кездегі *тыныс белгі, қосу (+), сұраулық, лептік белгі, нүкте, үтір* терімсөздерінің алғашқы жасаушысы да А. Байтұрсынұлы болғанын аңғарамыз.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне қайта оралар тұста мынадай ұсыныстар айтамыз:

1. Латын таңбасына көшудің басты принциптерін анықтап алу қажет:
 - а) морфологиялық;
 - ә) фонетикалық;
 - б) тарихи дәстүрлі принциптер бірдей маңызды мәнге ие болуы тиіс.
2. Ақыметтік төте таңбалар жанында берілген латынша таңбалар нұсқасының алынуы қазақ жазуының тарихи тамырын танытады;
3. С. Аманжолов жасаған **ә, ө, ұ, ң** таңбалары қосылуы тиіс;
4. Ресми тілдегі ресми құжаттар толықтай латын қарпіне көшуі мемлекет деңгейінде орындалуы тиіс;
5. Латын әліпбиіне көшу барысында жасалатын емле жүйесі мен ережелер, орфография мен орфоэпия мәселелерінде Ақымет қисындары негізінде жасалуы жөн болар еді.



6. Қазақ тілінің тарихи дәстүрге негізделген, сөйлеу тіліне сәйкес келетін өз латын әліпбиі болса игі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 24.04.2017. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009. 27-бет.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 448 бет.



Әріпке ескерткіш — әліппеге құрмет

Араб елдері әлеміндегі бірден-бір жалғыз каллиграфия музейі Біріккен Араб Әмірлігіндегі Шардж қаласында орналасқан. Музей экспозициясы тек қана бірыңғай араб каллиграфиясынан тұрады. Ғажайып мәдени орталық 2002 жылы ашылған.



Армян әліпбиіне тастан қашап жасалған ескерткіш Арменияның Арташаван аймағының маңындағы Арагац тауының батыс бөктерінде орналасқан. Архитектор Дж.Торосянның жобасымен дайындалған осынау ғажайып композиция 2005 жылы армян жазуының 1600 жылдық мерейтойына орайластырылып ашылды. Ескерткіш кешенге армян әліпбиінің 39

әрпі енгізілген. Ұлттық нақышта орындалған әрбір зәулім әріптердің асқан шеберлікпен безбенделуі көз тартады.

Армян әліпбиіне ескерткіш қойылған жердің арнайы таңдап алынуы да тегін емес. Ол орынға жақын жерде армян әліпбиін жасаушы тұлға Месроп Маштоц мәңгілік тыныстап жатыр.

Бұл елдің Ошакан селосында да армянның «ж», «р», «кх», «з», «дж», «д», «ч», «г», «дз» әріптеріне ескерткіш белгі орнатылған.

Ел астанасы Ереван қаласында негізі 1920 жылы қаланған Месроп Маштоц атындағы Матенадаран көне қолжазбалар институты жұмыс істейді.

Армениядан бөлек әлемнің түкпір түкпірлерінде де армян әліпбиіне бірнеше ескерткіштер қойылған. Бразилияда армян қауымдастығының бастамасымен Сан-Паулудағы қасиетті Оганес Мкртича шіркеуінде монумент ашылған.

Американың Кливленд (Огайо штаты) қаласында «Армян өнерінің саябағы» деп аталатын шағын саябақта 2010 жылы ескерткіш қойылып, оның бір жағында армян әліпбиі таңбаланса, екінші жағында армян ұлтының белгілі өнер қайраткерлерінің есімдері қашап жазылған.



Францияның Альфорвилле қаласында 2008 жылы «Армян әліпбиі» стелласы орнатылды.

Әзірбайжанда Мұхаммед Физули атындағы қолжазба институтының іргетасы 1986 жылы қаланды. Қазіргі таңда институт қорында 40 мыңнан астам көне заманғы құнды құжаттар сақталған. Әзірбайжан, түрік, араб және парсы тілдеріндегі ежелгі қолжазба жәдігерлер саны 11 мыңнан асып жығылады.



Белоруссияның Полоцк қаласында беларустың қысқа «Ў» әрпіне ескерткіш орнатылған. Ескерткіш 2003 жылдың қыркүйегінде «Беларус жазу күндерінің» 10 жылдығын атап өту барысында ашылды. Бұл әріп беларус тілін басқа славян тілдерінен таралайды. Беларус әліпбиіндегі 22-ші әріп санатындағы Ў, ў осы халықтың көне жазу-сызуында 1890 жылдардан бері қолданылып келеді.

Болгарияның Плиск қаласында кирилица ауласы ашылған. Онда кирилл қарпіне, осы қаріптің негізін қалаушылар Кирилл мен Мефодиге ескерткіш қойылған. Армян және славян оюымен әшекейленген әрбір әріптің ұзындығы екі метрді құрайды.

Грузин әліпбиіне ескерткіш Батуми қаласында 2012 жылы бой көтерген. Темір құрылғыдан жасалған ескерткіш қондырғының биіктігі 130 метр. Грузин әліпбиін зор орамына алып жатқан цилиндрлік пішіндегі көк аспанмен бой таластырған мұнара іспеттес ескерткіш бейне бір жел толқытқан үзік-үзік жібек баудай өзіндік өрнекте қиыстырылуымен ерекшеленеді. Мұнараға шыны лифтпен көтерілуге болады. Ескерткіш авторы испан архитекторы Альберто Доминго К-або.





Грузин тіліндегі көне манускриптер қазіргі грузиндерге ешбір тәржімасыз-ақ түсінікті. Грузин әліпбиі 33 таңбадан (5 дауысты, 28 дауыссыз) тұрады. Әріптердің жазылуы және де кескіні әлемдегі ешбір әліпбимен теңестіруге келмейді. Елде сонымен қатар Грузин Ғылым академиясы К.Кекелидзе атындағы грузин қолжазба институты бар.



Қазақстанда 2001 жылы 18 мамырда еліміздің басты ордасы Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетіне Күлтегін жазба ескерткішінің көшірмесі қойылды. Университете 2003 жылдың 18 қыркүйегінде Жазу тарихы мұражайы ашылды. Елімізде сонымен қатар 2010 жылы сирек кітаптар музейінің негізі қаланды.

Қытай иероглифтерінің музейі елдің Хэнань провинциясының Аньян қаласында 2009 жылдың 16 қарашасында пайдаланылуға берілді. Осы жерде XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында көне қытай жазбаларының құнды жәдігерлері табылған болатын.

Монғолияда монғол мемлекетінің 800 жылдығын атап өту аясында 2006 жылдың 26 қарашасында Монғолия мемлекеттік мөрiнiң ескерткіші бой көтерді.

Өзбекстанда Ташкент Шығыстану институты жанындағы Әбу Райхан әл-Бируни атындағы Шығыс қолжазбалары орталығы жұмыс істейді. Институт қорында 26 мың том қолжазба, 39 мың томнан асатын литографиялық кітаптар, сондай-ақ араб, парсы өзге де шығыс тілдеріндегі 10 мыңға жуық тарихи мәні зор құжаттар тіркелген.

Ресейде славян әліпбиінің негізін салушы ағайынды ағартушылар Кирилл мен Мефодийға арналған ескерткіш 1992 жылы 24 мамырда славян жазуы мен мәдениеті күні аясында Мәскеу қаласында ашылды. Ағартушылар құрметіне қойылған ескерткіштегі көне славян тілінде қашалған жазуда бес орфографиялық қателіктің орын алғаны, әліпби құйындысында «Н» әрпі жазылмай қалғаны «Википедия» ашық энциклопедиясында жазылған.



Кирилл мен Мефодиға Болгария, Македония, Украина елдерінде де ескерткіштер қойылған.

«Орыс сөзі» ескерткіші 2007 жылы Ресейдің Белгород қаласында орыс әдебиетінің Орталық Федералды округындағы күндеріне байланысты салтанатты түрде ашылды. Ресейдегі жалғыз ескерткіш композициясында орыс тілінің қасиеті мен тарихи тамырының бастаулары көрініс тапқан. Белгородтық мүсінші А.Шишковтың еңбегі орыс халқының діни құндылықтарымен сабақтастырылып, төрт метрлік қола інжіл түрінде жасалған. Оның айқара ашылған беттерінен орыс әліпбиінің әріптері ерекшеленіп көрінеді. Кітап үстінде тұмсығына алтын қалам ілген ізгілік пен игі жаңалықтар жаршысы іспеттес көк көгершін қонақтаған.



Ресейдің бірнеше қаласында Ё әрпіне ескерткіш қойылған. Ескерткіштің тұсауы Ульяновск қаласындағы облыстық ғылыми кітапхана жанындағы «Венец» бульварында 2005 жылы 4 қыркүйекте кесілді. Ескерткіш қою бастамасы 1997 жылы «Ё» литерінің баспада алғаш пайда болуының 200 жылдығына орай қолға алынып, арнайы байқау жарияланды.

Байқау жеңімпазы болып ескерткіш орнату бастамасын көтерген суретші А.Зинин танылды. «Ё» әрпі ең алғаш 1797 жылы «Аонида» альманахында «слёзы» сөзінде қолданылған екен. Ескерткіштің ашылуы «Аонида» альманахын шығарушы Н.М.Карамзинге қойылған ескерткіштің 160 жылдығына орайластырылды. Ескерткіш биіктігі 2,05 метр. Салмағы 3 тоннадан асады.

Сонымен қатар Мәскеу, Калининград, Пермь т.б. қалаларда Ё әрпіне қойылған ескерткіштер бар.

«А» әрпіне Новосибирскде, «Е» әрпіне Калининградта, «О» әрпіне Вологдада, «Э» әрпіне Петербургте, «П» әрпіне Пермде, ал Клин, Омск қалаларында орыс әліпбиіне қойылған ескерткіштер мен мұндалайды.

Ресейде каллиграфияға арналған музей 2008 жылы 14 тамызда Мәскеуде ашылды. Музей экспозициясында 40 астам елдің каллиграфиялық туындылары ұсынылған.



Ресей федерациясы құрамындағы Коми Республикасының бас қаласы Сыктывкарда 2011 жылдың 12 маусымында қала күнінің құрметіне өткізілген іс-шарада комидің «Ӧ» (қысқа О) әрпіне салмағы екі тонналық ескерткіш ашылды.

Ресей Федерациясы құрамындағы Саха Республикасында (Якутия) жазу музейі М.К.Аммосов атындағы Якутск университетінде 2012 жылы тұсауын кесті. Ал әлем халықтарының жазу және әліпби музейі Волгоградтағы А.С.Пушкин атындағы қалалық балалар кітапханасы жанынан бой түзеген.



Тәжікстанда іргетасы 1932 жылы қаланған тіл, әдебиет, шығыстану және жазба мұра институтында жемісті жұмыстар атқарылуда. Институтқа 1958 жылы парсы-тәжік әдебиетінің бастауында тұрған Рудакидің 1100 жылдық мерейтойының құрметіне ақын есімі берілді. Институтта 153 ғылыми қызметкер еңбек етеді.

Түркіменстанда Ғылым академиясы ұлттық қолжазба институты 1993 жылы ашылды.

Украинаның Ровно қаласында украин тілінің ерекшелігін әйгілейтін «Ӏ» әрпіне ескерткіш қойылған. Кирилл қарпі қолданылатын бірде бір тілде аталған әріп кездеспейді. Ескерткіш 2013 жылы 21 ақпанда Халықаралық туған тіл күнінің құрметіне орай ашылды. Ескерткіштің ұзындығы 3,6 метр.

Чехия астанасы Прага қаласында 1952 жылдан бері халық жазу-сызу музейі жұмыс істеп келеді.



Тіл халық рухының сыртқа шығуы сияқты: халықтың тілі оның рухы, халықтың рухы оның тілі және осыдан асқан сәйкестікті елестету қиын

В.Гумбольдт

Халықтың тіліне шабуыл жасау дегеніміз – оның жүрегіне шабуыл жасау

Г. Лаубе

Адамның парасаттылығы – оның сөзге деген қатынасынан аңғарылады

Л.Н.Толстой

Көршінің тілін білген жақсы, тіпті, қажет, бірақ, біріншіден, өз тіліңді білуге тиіссің

Ф. Бозушевич

Тіл өзінің ғана жеке тәртібіне бағынатын ерекше жүйе

Ф.Соссюр

Халық тілді оның қалай қалыптасқанын білмей-ақ қолданады, сондықтан да тілді саналы шығармашылықтың көрінісі емес, рухтың ырықсыз қорытындысы деп қабылдауға боларлық

Г.Шпет

Тіл – тұтас ұлт шығармашылығының бір немесе бүтіндей алғандағы көрінісі

Д. Х. Джебран

Әрбір тіл тану мен үндемеудің айрықша теңдеуі. Әрбір халық бір нәрсені айту үшін келесі нәрсе жөнінде үндемейді. Өйткені барлығын да айту мүмкін емес. Аударманың үлкен қиындығы да осында

О. Гассет

Тіл – қоғамдастырудың қуатты факторы, бәлкім, солардың ішіндегі ең қуаттысы да. Бұл арада тіл болмаса қоғамдық қатынастардың болмайтындығын ғана емес, сонымен қатар қарапайым сөйлесу тілінің сол тілде сөйлейтіндердің барлығының қоғамдық ынтымақтастығының ерекше әлеуетті символы ретіндегі де өзіндік маңызын ерекше айтамыз

Э.Сенур



Өмірге жанды сөздің келуі сезім мен ақылдың тоғысқан тұсында ғана болмақ

Л. Фейхтвангер

Тілдер әлемді алуан бөліктерге бөліп тұрады

Б.Л. Уорф

Тіл – «менің» және әлемнің қиысар тұсы

Х. Гадамер

Біз әлемді тіліміз қалай бейнелесе соның шегінде танимыз

Э. Бенвенист

Мәнді сөйлеу жеткіліксіз, адамша сөйлеу керек

Е. Лец

Егер сөзді алар болсақ, үш нәрсені білген маңызды: кім айтты, қалай айтты, не айтты, соңғысы маңыздырақ

К. Морли

Тілінің жағдайынан сол тілде сөйлейтін халықтың қалай өмір сүріп жатқанын ұғынуға болады

Х. Кортасар

Өзге тіл – бұл өмірді өзгеше көру

Ф. Феллини



Ақтайлақ пен Қанай би

Ақтайлақ шешен Қанай биден:

– Ер басында бақыт нешеу? Кемдік нешеу? Құлазу нешеу? – деп сұрайды.

Сонда Қарауыл Қанай би былай деп жауап береді:

– Ер басында бақыт – бесеу, кемдік – үшеу, құлазу – төртеу.

Астындағы атың жүрдек болса,

Жалғанның пырағы:

Алғаның жақсы болса,

Үй мен қонақтың тұрағы:

Әкең – асқар тау,

Шешең – қайнар бұлақ,

Балаң жақсы болса

Екі көздің шамшырағы.

Міне – бес бақыт осы.

– Атың шабан болса,

Жалғанның азабы;

Алғаның жаман болса,

Дүниенің тозағы;

Балаң жаман болса,

Көрінгеннің мазағы.

Міне, – үш кемдік осы-

– Қалың ел көшсе,

Көл құлазиды,

Қаптаған мал кетсе,

Бел құлазиды.

Нарқын танымаған

Сөз құлазиды,

Қатарынан айрылған

Шал құлазиды.

Міне, – төрт құлазу осы.



ХАМЗА АБДУЛЛИН (1919-2001) – ақын, аудармашы. Шығармашылық тұлғасы Алаш ұранды әдебиет рухында қалыптасқан. Мағжанның көзін көріп, ақындық қуатынан нәр алған. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, фашистер тұтқынына түскен. Алғашқыда Ковель, Альтенбург, Демблин, Веньямино лагерлерінде азап шеккен. Кейін Мұстафа Шоқай ұйымдастырған Түркістан легионы қатарында болған. Түркістан легионында Мәжит Айтбайұлы, Мәулікеш Қайбалдин, Хакім Тыныбеков, Қарыс Қанатбаев, өзге де дарынды қазақ азаматтарымен тығыз шығармашылық байланыста болған. «Милли Түркістан» (редакторы профессор Иохан Вензинг), «Милли әдебиет» (бас редакторы Мәжит Айтбайұлы) басылымдарында М.Айтбайұлы, Х.Абдуллиндердің кеңес саясатын айыптаған өлеңдері жарияланған. Оларда Алаш қаламгерлерінің шығармалары насихатталып, аштық қасіреті суреттелген Жақын Сыздықовтың «Әлі қарттың әңгімесі» жарық көрді.

Х.Абдуллин 1945 жылы гестапо тарапынан тұтқындалып, Берлин түрмесіне қамалады. Өлім жазасына кесіледі. Елге оралған соң кеңес билігі тарапынан қудаланады. 1947 жылғы 18 сәуірдегі Түркістан әскери округі әскери трибуналының РСФСР қылмыстық кодексі 58-І «б», 58-10, 2. бөлім баптарының негізінде 10 жыл бас бостандығынан айырылады. Бастапқы бес жылын Иркутск облысындағы Тайшет лагерінде қалған мерзімін Қолымада өткізеді. Итжеккенде жүріп «Мен – қазақпын! Қазақ үшін көрдім көбін азаптың. Шыда, бауырым, Алаштың жас ұланы, Азаттыққа қалды тіпті аз-ақ күн» деп Алаш жасампаздығын жырлады. Сталин өлімінен соң азаттыққа шығып, 1955 жылы елге оралады. ҚР Жоғарғы Сотының шешімімен 1996 жылы 5 шілдеде ақталды. Алаш алыптарының мұрасын насихаттауға, жариялауға мол үлес қосқан. Грузин ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» поэмасын аударған.

ТҰТҚЫН ЖЫРЫ

Ашшы манау қараңғылық сарайын,
Бой жазайын, бостандыққа барайын.
Қайда сонау еркін өскен кең далам,
Көз жіберіп биік шыңнан қарайын.

Бар ма екен төбел жүйрік дөненім,
Баурайында ойнақ салған төбенің?



Тыңдайыншы жастан сүйген жарымды,
Айтар ма екен мен туралы өлеңін?

Мен дегенде төккен ыстық жастарын,
Қайда екен өскен ойнап достарым?
Жаһан кезіп кетіп пе әлде олар да,
Жыртып тастап болашақтың жоспарын!

Жан достарым, сіздер қымбат сыйласқан,
Әлі есімде айрыларда қимастан,
Тұрдыңыздар қолдарыңыз қалтырап,
Мөлдіретіп көздің жасын тимастан.

Ерте кезім, өткен күнім – алтын шақ,
Жас өмірім қайта ту да жай құшақ!
Сірпіл үстен, қараңғылық тұманы,
Аш қойныңды, тарт бауырына, болашақ!

10.06.1942 ж. Демблин.

ЖАУЫРЫН (баллада)

«...Майданға сонау жауған оқ
Кеткен еді бауырым.
Көп күн болды хабар жоқ,
Ашып берші жауырын?»

Қанға батып болды өрт
Соғыстың сонау даласы.
Қан жұтып анам болды дерт,
Майданға кетіп баласы.

Жалғызын жоқтап егіліп,
Толды етегі жасына.



Жүрекке қасірет себіліп
Ақ кірді қолаң шашына.

Берген адал ақ сүтін,
Жоғалып ерке боздағы.
Іші болып көк түтін,
Ботадай анам боздады.

Сондықтан, қадірлі атамыз,
Ашып берші жауырын.
Тиер мүмкін батаңыз:
Кетіп ед жауға бауырым!» -

Деп жақындап қарияға
Тұрды бір жылап қарындас.
Теңеліп мұңы дарияға,
Көзінен мөлдір ақты жас.

Жауырыншы сол кезде
Сөйлеп былай тыстады,
(Жауырынды ілезде
Оң қолына ұстады):

«Жүрсен жүйрік тұлпармен
Қырық күншілік жол екен.
Бауырыңның ел кезген
Қасіреті мол екен...

Көрдім дейді жауырын,
Жиырмадан асқан жігітті.
Сол жігіт сенің бауырың,
Шырағым, үзбе үмітті.

Жүргенде азып, зарығып,
Көріпті Батыс қаласын.



Кезіпті, тозып, торығып,
Өртке айналған даласын.

Шынжырсыз қолы байланып,
Шет елде шерлі болыпты.
Отырса басы айналып,
Улы ойға іші толыпты.

Тағдырдың жазған дәмінің
Қай мезгілде бітерін.
Қасіретті өлім әнінің
Қай кезеңнен күтерін.

Біле алмай бауыры жабығып,
Толқынмен кетіп барады.
Тұманнан түнек жамылып,
Бойына у тарады.

Қамықпаңыз, шырағым,
Аман-есен бауырың.
Өзі де білмей тұрағын,
Айтады осылай жауырын».

12.08.42. Варшава.

Өлеңдер «Қазақ әдебиеті» газетінің 1996 жылғы 16 шілдедегі санынан алынды.

АЛТАЙ

Алтын Алтай, сен – Тұранның төрісің,
Сенен шықан төрт тарапқа өрісім.
Аспанға ұлып, шығып Алтай шыңына,
Көрем тұрған Түріктің Көк Бөрісін.



Қалған құлап Өгіз бабам қабыры,
Күлге айналған солған гүлдер тамыры.
Диюлардың табанына тапталған
«Майдан!» - деген Абылай ханның әмірі.

Көріп мұны биік шыңы Алтайдың,
Қайғы жұтып, қан ішумен қартайды.
Таудан аққан бұлақ суын ылайлап,
Келімсектен, тіпті, ұят, ар тайды.

Қарт тарихтың жетті берген сабағы,
Буыны қатып, тұлпар болды жабағы.
Ер бабалар аруағы ел кезіп,
Қар жаудыра катуланған қабағы.

Алтын Алтай, сен – Тұранның төрісің,
Сенен шықан төрт тарапқа өрісім.
Аспанға ұлып, шығып Алтай шыңына,
Көрем тұрған Түріктің Көк Бөрісін.

Колыма, 1953 жыл

Қалтарыста қалған қазына

МАҒЖАННЫҢ ЖИЕНІ БИБІЗАЙЫПҚА

Жан бауырым, сырлы досым – Бибізайып,
Хат жаздым қасірет кірін қанмен шәйіп.
Жүректен жыр боп ұшқан көк көгершін,
Алдыңа қонар барып, қанат жайып.

Сол уақыт тыңдап ғажап пейіш құсын,
Білерсің бауырыңды көрген қысым.
Көтеріп азап жүгін дүние кезген,
Жазмыштың бастан кешіп сұм тұрмысын.



Құлатқан бабалардың шаңырағын,
Меңіреу күш, соқыр тажал – бұл бір ағым.
Таптамақ табанына бар жақсыны,
Өзінің қуып түнек болашағын.

Көргендей жібек жалды құлыншақты,
Қудым мен жүйрік сағым болашақты.
Жете алмай желдей ескен ұлы арманға,
Жоғалттым атақ, рахат, бақ пен даңқты.

Енді алдан еркіндіктің күтіп таңын,
Көрсем деп қайта ойлаймын шаңдақ шыңын.
Есен-сау атамекен жерге жетсем,
Ол мүмкін алға өрлеуі боашағым.

Колыма, 22 март 1954 жыл.



Міржақып Дулатұлы

Қазақ тілінің мұңы (Мыңбайұлы Жалау жолдасқа)

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп парсы мен арабты қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өлі де үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет (Байтұрсынов.ред) деген кісіден ғана естідім.

Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едік. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін...

Жанның бәрі теңдік алып жатқан кеңес үкіметінің тұсында менің бұтымды бұт, санымды сан қылып кім көрінген созғылай бастады. Өзгені не қылайын, отаршылдық саясатын қолданбас-ау дейтін білім кеңесі екеш білім кеңесі де мені аямады. «етістік», «сәрсендеме» деген жалаларды әкеп жапты маған. Бұйырмасын, біздің арамызда мұндай атты соғылғандар туралы болып көрген емес. Не амалың бар? Құдай басқа салған соң көніп отырмыз. Кітаптарында, газеттерінде маған көрсетпеген қорлығы тағы жоқ.

«Қазақыландыру» бір пәлесі шықты да көрген күнім бұрынғыдан да қараң болды. Бірдемені бұтып-шатып жазды да, міне, сені қазақыландырдық деді. Жакын арада Қазалы дейтін қалада «кәперәтив күн» деген бір күн болып, жұрттың бәрі желігіп көшеге шықты. Ұялғаным-ай кірерге тесік таба алмадым. Қолдарындағы қызыл туына сондағы жазғаны мынау: «Арзан тауара де дебен-



ге һәм ауылдарға арзан астыт жұмыскерлер кетубі жақсу. Назыққанда амал би лелдік жеккуле-к пл! Жоғарлатуына керек канун есамкдiң арзандауыға тауарлерде өсемен жегере уктабр iңкларб».

Мiне, жұртым, менi Қазалының «қазақыландырғандағысы» осы! Жасаған-ай, о мұндай да қазақыландыру болады екен!

Ендi кайтемiн? Бұл мұңымды кiмге айтамын, кiмге шағамын!...

Менiң ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас сен болдың. Сен өкiмет басындағы ақсақалымыз едiң. Сен нағыз қазақтың бел баласы едiң. Сен адырайған адай едiң. Мұңымды мен жалғыз-ақ саған шағамын. өзге кәмиссиялардың көбiне сенбеймiн. Олардан да жақсылық көрiп жүргенiм жоқ. Газетке арнаған сөздерiн суылдатып орысша жазады да шала-шарпы тiлмаштарына аудартып жанымды шығара жаздайды. «Гасты жапалаққа ұрса да жапалақ өледi, жапалақты тасқа ұрса да жапалақ өледi» дегендей бәз баяғы менiң сорым.

Жалаужан, мен саған жалынам, «ауыл тiлiн» шығарамын, газетiм нағыз ауыл тiлiмен, таза қазақ тiлiмен жазылады дегенде iшiм елжiреп кетедi. Мұныға тiлектеспiн. Жортқанда жолың болсын, жолдасың Маркс, Ленин болсын, сенiң керегiңе мен дайынмын. Бiрақ менi қорға, таза сақта, көрiнген тiлмәштарыға тағы да қор қылма. Әсiресе, Қазалы сықылдылардың «қазақыландырғанынан» қорға, Азар коменес болып кетсең де ата-бабаң қазақ едi ғой, мен солардың тiлi едiм ғой, не жазығым бар, ая менi!



Жүсіпбек Аймауытов

Ана тілі

Мектепте оқылатын пәндердің біріне бірдей керекті бәрін қаусырып, орын алатын пән ана тілі екендігіне дау жоқ. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерге түсіну мүмкін емес. Ана тілі – халық болып жасағаннан бергі жан дүниесінің айнасы; һаман өсіп, өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Жүректің терең сырларын басынан кешірген дәуірлерін, дүниеге көзқарасын, нанымын – айманын, қайғысын, қуанышын, қысқасы жанының барлық толқындарын тұқымынан тұқымға жеткізіп, сақтап отыратын қазынасы – сол халықтың тілі.

Ана тілін меңгеру – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой фәлсәфасын де меңгереді.

Бала оқытуды тілден бастайды. Бастауыш мектептің көбінесе, айналдыратын оқуы – тілдің мүшелерін нық білдіріп, баланың тілін байыту. Орта дәрежелі мектепте үнемі тілді жаттықтыру, дағдыландыру керек. Әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне хас мақсұтын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысу керек. Бала сөйлегенде, жазғанда, тілді дұрыс қолдандыруға – әр оқытушының, әр мектептің міндеті. Осы соңғы пікір туралы бұл кезде хатта мынадай мәселе қозғалып отыр. Баланы тілге жаттықтырудың мағынасы: баланы сөйлеуге, басқалардың сөзін ұғуға, өз бетімен жазуға, оқуға төселдіру. Бірақ бұл мағынасыз әдеттендіру, құрғақ төселдіру емес, тілге жаттығумен бірге адам ойлауға да жаттығады. Сөз, сөйлем, әңгіме дегенміз – жазуша, не ауызша кісінің өзі айтқан ойы, не басқалардың сөзі арқылы жасайтын ақылымыздағы жасырын ой. Сөз бен ой бірінен-бірі айырылмайтын қайнаса біткен нәрсе. Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді. Тілді ойдан бөлек жетілту мүмкін емес. Олай болса, тілді жеке пән ретінде оқыту дұрыс емес. Дұрыс еместігі мынадан тағы байқалады.

Мұғалім тіл сабағында сөйлеуге, жазуға, оқуға, қысқасы, әңгімеге жаттықтырады екен. Ал басқа пәндерді оқытқанда не істемек? Физиканы, жағрафияны, тарихты оқыту дегеніміз осы пәндердің құбылысы туралы әңгіме ету емес пе? Ендеше, тілге төселдіру ғой. Есеп үйрету – сан туралы ойлау ғана емес, есеппен айтылған ойды ұғу, ұққанын айта білу ғой. Тереңірек қарасақ, әр пәннің



ісі баланың ойын қозғау, ойлағанын ауызша, иә жазумен сыртқа шығару. Олай болса, тілсіз оқылатын, ұғылатын пән жоқ екені анық.

Біреудің ойын ұқпай, өз ойын айта білмей, ешбір білім табу мүмкін емес. Бұл даусыз. Ендеше, ойға төселмеген жас баланың тіл ережелерін дағдыландыру, машықтандыру жұмыстарын ұғуы да қиын.

Тіл оқытушы мұғалім өз міндеті тілге машықтандыру деп ұғады, тіл үйретуге керекті ойдың әр тарауын қозғайтын мағлұматтар іздеумен оның жұмысы жоқ. Жаратылыс пәнін оқытушы мұғалім міндетін балаға білім беру деп ойлайды, тілге төсілдіру оның жұмысы емес. Мұнан шығатын нәтиже: тілге жаттығатын бар мағлұмат тіл оқытуында болмайды. Жаратылыс оқушы, мағлұматтары көп болса да, ұқтыра алмайды, үйткені тілге төсілдіре алмайды. Сөйтіп, екеуі де көздеген мақсатына жете алмайды. Тілді өзге пәннен бөлек оқыту баланың тілін де, білімін де жетілдіре алмайтындығын сезіп, бұрынғы мектептер басқа пәндерді көбейтуге тырысқан. Ондай шаражүкті бұрынғыдан да ауырлатқаннан басқа түк пайда берген жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды мынау: білім тану жолы мен тіл үйрену жолын айыру дұрыс емес. Сондықтан ана тілін өз алдына пән ретінде оқыту ақылға да, табиғатқа да жанаспайды. Жоғарғы айтылғандардан қорытып, іс жүзінде қолдануға мынаны ұсынамыз:

1. Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін.

2. Жан дүниесінде тіл үйрену басты жұмыс емес, жанама жұмыс болғандықтан, бала әуелі тәжірибеге талпынып, нәрсемен танысып, сонан кейін сол нәрсе туралы сөйлесін, тыңдасын, жазсын, оқысын, тілге үйренсін.

3. Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, сонан кейін оқуға, жазуға үйретілсін.

4. Бала әуелі өз бетімен сөйлеуге, жазуға төселіп, сонан кейін үлгілі сөздерге еліктеуге мүмкіндік берілсін.

5. Әңгіме үшін берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттар бола бермей, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынсын. Кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын.



Ана тілін қалай оқыту керек?

Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплекті) әдісі, тәжірибелі (лабораториялы) әдісі, құлшынды-белсенді (активнодвигательный) әдісі... тағы сондайлар майданға шығып, сөз болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады. Елдегі шала мұғалімдерде қандай әдіс бар? Айтыңызшы! Рас, тіпті жұрдай емеспіз: "Әліпте жоқ, би астында бір ноқат" та өз әлінше әдіс боп келді. Ел мұғалімдерінің бала оқыту әдісі де соның ағайыны емей не дейсіз?

Тап осы қалыпта басқалардың қолданып жатқан көп әдісінің бірін ала қоюға ыңғайымыз келетін емес. Оқытушымыз, аспабымыз - бәрі шалағай. Және көп әдістер біз түгіл өзге өнерлі елде де жүйеленіп жетпей жатыр. Дегенмен, "көрің қадырға" жабыса беруден мән шықпайды. Қолдан келетін, пайдалысын біз де сығалап, шымқылап ала беруіміз керек.

Бұл мақалада "мынау пәлен әдіс" деп қолақпандай қып, қолға ұстата қоярлық пәлендей тартуымыз жоқ, орыстың түрлі әдістерін қарастырып, одан, бұдан құрастырып, әзірше ойымызға келген, тәжірибе етіп, қолданып жүрген қойыртпақ әдіссымақтарымызды біз де айтқалы келеміз. Қарап отырғанмен, бүркей бергенмен бола ма? Журналға ықшамдалған мақалада қарық қылуға да әуелі тіл оқытудың өзін былайша жіктеп алсаң, қалай болар екен:

- 1) жазу-сызу (емле) үйрету;
- 2) сөйлеуге, шығарма жаздыруға төселдіру;
- 3) тіл бақылау (грамматика);
- 4) әдебиет жайынан кеңес құру;

Бұл мақалада бастапқы екеуі туралы сөз қылармыз. Сөйтпесек, орын жететін емес. Тегінде әдіс туралы көп жазу керек қой. Бұлардың әрбіріне бір мақала жазылса да, аздық қылады. Біздікі қысқаша, үстіртін әңгіме болар. Мұның ең қиыны - жазу (емле) үйрету болуға тиіс.

Бұған шейін жазу дыбыс әдісімен үйретіліп келді. Дыбыс әдісінің кемшіліктері көп. Дыбыстарды бір айыртып, одан әр дыбысқа таңба (қаріп) салып, ол таңбаларды түрлі түрде құрастыру жас балаға зор машақат екенін оқытушы білсе керек. Біздің таңбаларымыз қайбір тиянақты? Біресе есіктің тұтқасындай сорайып тұрса, біресе шұнтитып, мықырайып қалады. Оның үстіне тап-таза естілетін дыбыс болған ба? Өте-мөте даусыздар. "Бигесекінді" (б) жеке күйінде айтып беріңізші! Сөз жоқ, басында "н" дыбыс шыға келсін. Басында естіртпеймін десең, аяғынан солаң етсін. Ол ол ма? Дыбыстардың жеке күйінде естілуі мен сөз ішінде естілуі тағы қайта келіп қалады. Мұның тағы бір жаман жері сол: салғаннан өлі дыбыс, өлі қаріп үйретеміз. Бұл пси-



хология заңына келмейді. Психологияның айтуынша, ұғым алу жолы былай: адам әуелі нәрсені бақыламақ. Бақылаған нәрсенің суреті (пернесі) мида қалмақ, ол пернеге ат қойылмақ, сөз тумас. Дыбыс әдісімен оқытқанда, нәрсе бақыланбайды, перне қалмайды, сөз де болмайды, шуу дегеннен дыбыстың таңбасы деген "бірдеме" үйретіледі. Тағы да талай кемшіліктері бар. Әрпіміз, әліппеміз ыңғайына қарай, хат танытуға дыбыс әдісін қолданып жүрміз. Әйтпесе, қолға түспейтін төте әдіс бұл ғана емес.

Енді Америка әдісін қолдану керек деген әңгіме көтеріліп келеді. Бұл әдістің қандай екені туралы сөз көбейтудің керегі жоқ. Үйткені, оған лайықталып жазылған бізде әліп-би жоқ. Жаңа шығатын Ақаңның әліпбиі кітабында осы әдіспен оқыту жолы да көрсетілсе керек. Сол шыққан соң, бұл мәселе қозғала жатар.

Сонда да емле үйрету жайынан бір-екі сөз айта кетейік.

Бір нәрсе туралы адамның саңылау мүшелері неғұрлым жапатармағай қызмет етсе, соғұрлым ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар - саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!) айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін!), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек.

Танық нәрселердің атын жаздырмай тұрып, өзін, әйтпесе тұрпатын, суретін, үлгісін, жоспарын көрсету керек. Мұның бірі де мүмкін емес екен, ауызша ұқсас нәрсемен салыстырып оқыту керек. Сонда барып миына перне қонады, сонда барып перненің аты көкейінде қалады.

Бұрын емле үйретуге жатқа жаздыру сән боп жүрген. Жаңа хат танып келе жатқан адамға хатқа жаздырудан да кітаптан не тақтайдан қарап жазған пайдалырақ. Үйткені, саңылау мүшелеріміздің ішіндегі ең шалымдысы көз болады. Ескі молдалар араб сөздерін қатасыз жазуды кітап көшірумен білетін. Көз деген - жақсы айна. Көркем жазуға да жол беру керек емес. Оны көркем жазуды көшіріп жүріп үйренгені жақсы. Хат жазу соңғы кездерде емле тексеру үшін ғана керегі болар. Онда да көп бола бермесін! Жазу үйрету туралы айтатынымыз осы-ақ. Енді сөзге төселдіру жайынан.

Сөзге төселдіру ә дегеннен басталу керек. Бісімілдесі – сұрау, жауап. Дұрыс



қойылған сұрау дұрыс жауап алу керек. Дұрыс жауап бере алмаса, әуелі жолдастары, одан қалса, оқытушы түзетіп отырсын. Оқытушының түзетуі берілген жауаптың мәнісін түзету болмасын, сөйлемнің қырыс, қисынын түзету болсын, тілі жетпей тұрған жерін жөндесін.

Қазақ баласының бір әдеті: "бәлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйтіп..." деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде де, жазғанда да қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тыңдасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сүрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. Кетеусіз, татымсыз көпсөзділікке тұрмыс үйретеді ғой. Одан пайда да бар шығар, әйтсе де, зияны басым болар. Түбінде көпсөзді адам берекесіз келеді. Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе, "ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей" деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны. Сотта жауап берген кейбір қазақ бұлтақтатып, құйрығын ұстатпай қояды; жауабын олай да, бұлай да ұғынуға болады. Қызылдар, ақтар елге кезек келіп, ығыр болған кезде қай келгені қыр қазағынан: "Қызылды жақсы көресің бе? Ақты жақсы көресің бе?" деп сұрайды білем, сұрап тұрғаны ағы екенін, қызылы екенін қайдан білсін. Жауабы қайшы келіп қалса, өлгені ғой. Сонда қазақ тұрып: "Сізді жақсы көреміз. Сізді жақсы көреміз" деп құтылады екен. Әрине, мұндай тапқыштықта пайда да бар. Бұл – мақтарлық нәрсе. Ал үнемі бұлдырата беру ойды дұрыс шығармайды. Ой дұрыс болмаса, білім табылмайды. Оқытушы осы жағын баса аңду керек.

Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек? Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек. Содан кейін оқылса, әңгімені балалар құлшынып тыңдайды. Алдымен жақсы оқитын балаға, сонан соң төмендеуіне оқытылсын. Әңгіме қандай әсер берді екен, тыңдаушылар ойлансын. Ұғымсыз, жат сөздер түсіндірілсін. Суретті, көркем сөздері тапқызылсын, мазмұны қысқаша қайта айтқызылсын. Әңгіме бөлшектелінсін. Бөлімдерінен сурет туғызылсын. (Оңай сурет болса, балалардың қолынан



келсе, тақтайға салғызылсын; қиын болса, ауызша суреттелсін. Болмаса, үйде салып келуге берілсін). Сұраулар қойылып, балалармен кеңесілсін. Әр бөлімдерін тақырыптатып қарасын. Әңгімедегі қаһармандар атынан сөйлетілсін. Әңгімеден баланың есіне не түсті екен, айтқызылсын. Қорытынды шығартылсын.

Оқылатын әңгіме қандай болу керек? Оны таңдау үшін, оқыту әдісін ескеру үшін мұғалім мынадай сұрауларды өзіне қойып алса, дұрыс болар еді: 1) осы әңгіме мектеп мүддесіне, баланың біліміне лайықты ма? 2) бұл сабақтың мақсаты не? Мөлшерлі уақытта сол мақсатқа жете алам ба? 3) қандай әдіс қолданамын: а) әңгімеде шәкірттерге не таныс, не танық? б) әңгімеге даярлау үшін, алдын ала қандай тұрғыдан қозғау керек? п) әңгіменің басқы пікірі қайсы? Жанамай пікірі қайсы? т) қиын сөздері, сөйлемдері: өзгеше жерлері қандай? ж) балалармен қай түрде кеңесемін? д) бұл әңгімеден дағдыландыруға (жаздыруға) қандай жұмыс, мәселе туғызуға болар еді? е) оқытқанда дауысты қай жерінде, қалай құбылту керек?.. Бұл сұраулар тек мысал үшін. Шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі таңдамақ.

Алғашқы кезде қысқаша көркем әңгіме, ертегі, мысал, өлеңнен бастап, жүре-бара маңызы да, көлемі де ұлғайып, әдебиеттің түрлі тарауларына жасалған жөн. Бас-аяғы жоқ ұзын әңгіменің бір қиқымын оқыту керек емес, аз да болса, бір нәрсе туралы толық айтылған, тұтас нәрсе оқытылу керек (ұзын романдардың әлдебір тақырыпқа жазылған лайықты жерлерін алуға, әрине, болады). Әуелі әліптеу (описание), содан кейін баяндау (повествование) түріндегі әңгімелер аралас алынған жөн. Әңгімелер, өлеңдер үлгілі әдебиеттен не балаларға арнаулы кітаптардан алыну керек. Өмірді әр жағынан суреттей алмаған, мақсаты, өнегесі сыңаржак, анық көрініп тұрған, әйтпесе ерсі сөздер балаға оқытылмау керек. Тұрмыстың жаратқыштық жағын суреттеген, көңілді ашқандай, ойды түрткендей пернелі, үлгілі, сырлы сөздер оқылу керек.

Түріне қарай, әңгімелердің оқыту жолдары да өзгеше болады. Газет хабарлары сықылды қара сөзбен толғаулы өлеңдердің оқытуы бір емес. Ертегі, әуезелердің пернелі, кестелі сөздерін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сөздерді, өлең-жырларды өз сөзімен мылжалау жармайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында.

Өмірді дәл суреттеген, қаһармандарын толық мінездеген аса бір жақсылары болмаса, Крыловтың мысалдарын көп оқыта беруден де пайда аз, өйткені, тегінде



ондай мысалдарда терең мән болмайды; күндегі өмірдің тәжірибесі қасқырды, түлкіні, аюды, бұлбұлды, есекті мінездеген мысалдарын алуға болады.

Баланы күн бұрын даярлап алған соң, толғаулы, көркем өлеңдерді, сөздерді әуелі оқытушы өзі оқып берсе, балаға әсері күшті болады. Толғаулы, ырғақты сөздер күй емес пе?! Күйді күйші тартса, құйма құлаққа сый емес пе? Күйге қарай көңіл күйі билемес пе? Жақсы оқылған, толғаулы сөз балаға әсер бере алмаса, мұратына жетпегені. Алғашқы алған әсер күшті болады. Ендеше күйлі сөзді көп оқып, жасытпаған жөн, 3-4 қайтара оқылса, жетеді. Қара сөзге қолданатын әдісті ақын сөзіне келгенде тастау керек. Мұнда назар ақынның пернесі, суретті сезімі жағына аударылу керек. Түсіндірем деп, ақынның тілін созғыласа, әсер бұзылады; түсіндіру әсерді әлсіретуге емес, күшейтуге жұмсалсын.

Көркем әдебиеттен оқытқаннан кейін, балаларға, мәселен, мынадай сұраулар қойылса, жарайды:

- 1) Әңгіменің қаһарманы кімдер?
- 2) Заманы, орны, уақыты, жағдайы нендей?
- 3) Басында, ортасында, аяғында айтылмай кеткен, жетпей тұрған сөздер жоқ па?
- 4) Шығарманың өте маңызды жерлері қайсылар?
- 5) Қандай сөздер, жолдар, сөйлемдер өте сұлу, жат, күшті келген?
- 6) Қандай сурет салуға, қай-қайсын айттыруға болар еді?
- 7) Қай жері күйге келтіріп оқуға, қай жері сымбатқа түсіруге қолайлы?
- 8) Қай жерлері өте қуаныш, мұң, қауып-қатер, қайғы, шаттық сезім туғызады?

Дауысты құбылтып, мұғалім оқи бастаса, мұның бәріне оқушы жауап бермей қоя ма?

Енді шығарма жазу туралы азырақ сөз.

Шығарма жазу – сөйлей білгеннің белгісі. Бірақ сөзшендік пен жазымпаздық бір емес. Әрқайсысына өзгеше зеректік, өзгеше дағды, еңбек керек.

Шығарманың материалын (дерегін) қайдан болса, содан алуға болады. Көбінесе шығарманы оқылған әңгімеден туғызу керек. Не әңгіменің өзі қайта жазылсын, болмаса әңгіме арқылы баланың есіне түскен нәрсе айтқызылып, содан кейін жазуға берілсін. Әрине, оны бір сабақта, бір сағатта істеп бітіруге болмайды; көлеміне қарай уақыт шамалану керек. Белгілі тақырыпқа, белгілі планмен жазу алғашқы кезде қиын тиеді. Сондықтан әуелде плансыз жаздырып жүріп, бара-бара планды тәжірибе арқылы өздері тапқандай болса, тым жақсы.



Тақырып көп жазу тілемейтін дәл, ықшам болу керек. Жылдың мезгілдері, өмірбаяны, көрген-білгені деген сықылды кең өрісті тақырыптардан қашу керек. Тақырыпқа жазып, төселуге класқа сурет әкеліп, іліп қойып, әліптеткен жақсы. Қазақ баласына класты, орындықты, шкафты суреттету сықылды өмірге керексіз жұмыстар берілмеген жөн, одан да "әке, шеше, туғаным не істеп жүр екен?" деген тәрізді ойландыратын, сезімін, қиялын ұстартатын нәрсені жаздырған артық. Бұл тәрбие жағынан да татымды. Оқушылардың бір бүйрегінен ауылы, елі кетпегені жарайды. Бұған талай жерде оралып соғып отыру керек. "Өзі болып, төркінін танымай кететін" жаман қылықтар алды-артына қарап, ойланбағандықтан, өзіне есеп бермегендіктен туады. Неғұрлым шығарманың тақырыбы күндегі өмірден, әсіресе, еңбектен, істен, балаға пайдалы, зиянды, жұғысы бар нәрселерден алынса, соғұрлым бала жұмысына ынталы болмақ, ендеше, жемісті де болмақ.

Үй ішіне, жолдасына, танысына сәлем хат жазғызып үйрету де пайдалы нәрсе. Дардай жігіттердің хат жаза білмейтіндері көп болатын көрінеді (Әсіресе әскерлік мектепте).

Газет хабарларын оқытып, тақырыптатып, тілін, сөз құрылысын бақылату, ол хабарлар туралы кеңесу, мәселеге пікірлерін айтқызу, өздеріне көрген-білген елдегі жұмыстарды хабар қылып жаздыру, жақсысын басқармаға жіберіп тұру – міне, өмірге керекті, пайдалы тақырыптар. Газеттің белгілі бөлімдерін әр балаға не бірнеше балаға оқып отыруға тапсырса, бір-екі жеті өткенде сол бөлім туралы баяндамалар жасап, өздері жоба ұсынса, мұның бәрі жұртшылыққа, азаматтыққа аяқ басқанның нышаны болар еді. Газет оқуға қызықса, сөз жаза бастаса, әлеумет жұмысына араласқаны деп біл.

Оқылған, естілген әңгіменің мазмұнын қайта жаздырғаннан да бастан кешірген оқиғаны, көрген-білгенін, өз пікірін жаздырған артық, бастапқыда сөз құрастыру жағына көбірек назар салса, соңғыда қиял, сезім, шығарғыштық қуаттары да қызмет етеді. Өз бетімен істеп шығарған қандай рақат! Өз күшіне сенімі артып, бір жасап қалады.

Шығарма жазылды. Оны қалай түзету керек? Өз қатесін жазушы өзі түзетуге кіріспесе, ондай шығармадан пайда да шамалы. Бұрынғы оқытушылар шәкірттің дәптерін қарағанда қызыл сиямен сызып-сызып, «жаман, жақсы» деп қоя салатын, болмаса, «пәлен жерін қайта көшір! Өне жері анадай боп кетіпті...» деп бірдеме жазып қоятын. Шәкірт «жаман, жақсы» дегенін көрсе болғаны, жаман болса, тыға салатын, жақсы болса, жайып салып, жолдастарына көрсететін. Ол жолмен шығарма түзету керек емес. Әсіресе, алғашқы



кезде, жеке баланың жазғанына көптеп, бар класс түзету керек. Бәрін бірдей класта түзетіп шығаруға уақыт жетпейді екен, бұған мынадай шара істеу керек: үлгі қылуға жақсы, жаман, орташа жазылған үш шығарманы алып, соларды көптің талқысына салып, мінетін түзету керек. Ол – бір. Екінші – шығарманың бәрін түгел оқып шығамын демей, ең оғаш жерлерін алып, тақтайға жазғызып, балаларға түзеттіру керек. Бірталай шығармаларды солай өткізуге болады. Тақтайға жаздырып түзеткеннің пайдасы: көз қанады, ал енді шығармаға төселген кезде оқытушы түзетіп әкеліп, оғаш жерлерін, тәуір жерлерін көрсетіп, қайырса да жарайды.

Олақ оқытушы бар баланың жазғанын бір қалыпқа сыйғызып шығарам деп әуре болады. Әлгі «бірдеме» зорлық деген осы болады. Етікші, ерші ұста біткеннің қолы бір ме? Әркімнің өз ойы, өз оңтайы болады. Баланың ой желісі, өз оңтайы болады. Баланың ой желісін, өз оңтайын бұзып керек емес. Тек өз сарынымен келмей, үйлеспей тұрған сөздерін дұрыс құрастырып, не демек болғанын табу керек. Тамыршылық осында.



Елдес Омарұлы

Қазақша пән сөздер

Елдің мәдениетін өркендету үшін қолдан келетүн шаралардың ең маңыздысы басба сөз. Басба сөз ісі берекелі болу үшін, басба сөздің елге, жалпы бұқараға пайдасы тиетін болу үшін, оны бұқара түсініп оқи алатүн болуы шарт, - ол болмаса, жазылып шыққан кітеб, газет, жұрналдардың сөзіне ел түсінбейтүн болса: Басба сөзден түк пайда болмайды.

Қазақша кітеб, журнал, газеттерді қазақ түсініп оқи алатүн болуы үшін: оның тілі қазақша болуы керек, - әуелі, сөздері қазақша болуы керек, екінші, қазақша сөздер тізіліп жазылуы керек.

Бұл екі шартқа келмей жазылған сөздерді қазақ түсіне алмайды; Сондықтан ондай сөз елдің мәдениетін өркендету түгіл ермегіне де жарамайды, Басба сөзіміз күшейіп, кітеб, жұрнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен тілі түсінікті болмаса, - оның пайдасынан зияны артық болмақшы: Жүре бара қазақша кітеб тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтүн болып шықбақшы, - олай болатүн болса, басба сөзден, кәзір түгіл түбінде де пайда болуы мүмкін болмайды; Ол болмай бұқара басба сөздің былық тілін үйреніп алыб, жалпы бұқараның тілі кітеб тілінше былығы беретүн болса, - қазақтың тілі бұзылмақшы. Бұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды.

Олай болмау үшін, - Кітеб тілі бұқараның тілінен басқаланып да кетбей, елдің тілі де бұзылмай, - басба сөз қызметін тійісінше атқарып, елге пайдалы болу үшін: Қазақша басылып шығатүн кітеб, газет, журналдардың тілі қазақша болуын осы бастан аолдын ала ескеріп, қам қылу керек.

Сөздердің өзі де – тізілуі де қазақша болу шараларын істеу керек.

Сөзді қазақша тізу қолдан келмейтүн жұмыс емес: Ол үшін жазушы жат тілдің сөз тізіміне әуес болуды қойып, қазақша сөйлем жүйесінің тиісті ережесін жаттап алса, - қазақша сөйлемнің анықтауышы анықталатүн сөздің алдына, толықтауыш, пысықтауыштар өздерінің алдына келіп арасына басқа сөз салмай жалғаса тізіледі – деген жалғыз ережені жаттап алса болады.

Мәселенің қиыны. Сөздің түсінікті болуында, басба сөз үшін әсіресе пен кітебтері үшін пән сөздері керек. Ондай сөздер қазақтың өз тілінде бұрын болмаған; Оны жаңадан ойлап шығару керек. Басылып шыққан газет, журналдарды қазақ оқи алатүн болуы үшін, - оның пән сөздері де қазаққа түсінікті болуы керек.



Бұрын естілмеген жаңа сөз елге бірден түсінікті бола қоймайды. Бірақ пән сөз қазақтың өз тілінен алынып, мағанасы азда болса тиісті ұғымды сездірерлік болса: оны түсіну қиын болмайды. Сондықтан пән сөзді қолдан келгенше қазақтың өз тілінен алу керек.

Пән сөзді қазақ тілінен алғанда түрлі түбірге (иа тұқылға) түрлі жұрнақтар жалғап алуға болады. Қазақ тіліндегі жұрнақтарды мағана жағынан тексеріп екі бөлуге болады: «лық», «шы», «шыл», «лы», «сыз», «уыш»-тар сықылды тұрлаулы жұрнақтар болады, -бұлар түбірге жалғанғанда әрқайсысы айрықша бір тұрлаулы мағынада айтылған сөз болып шығады; «қ», «н», «ақ» сықылды тұрлаусыз жұрнақтар бар,- бұлардың еш бірінде де тұрлаулы мағана жоқ: Мәселен: «қ» жұрнағын «тара» деген түбірге жалғасақ, «тарак» болады, «тарак» тарайтұн асбабтың аты, -мұндағы «қ»-«уыш»-тың орнында; сол жұрнақты «төсе» дейтұн түбірге жалғасақ «төсек» болады, -«төсек», -төсейтұн асбаб емес, төселетұн нәрсе, «н»-ді «сау» деген түбірге жалғасақ, «жұуын» болады; «сауын» - сауылатұн мал, -«жұуын» жұуылатұн бір-деме болуға керек деі, олай емес жұуғаннан қалған сұу; «кесек» пен («кес»+ «ек») «қонақ» («қон»+«ақ»)- тада сондай басқалық бар.

Қазақша жұрнақтар дыбыс жүйесі жағынан тағы екі түрлі болып бөлінеді: Түбірмен үндесіп жалғанатұн жұрнақтар бар; («лық», «лік», «ақ», «ек», «шы», «ші» сықылды жұрнақтар) үндестік заңына келмейтұн жұрнақтар бар («кер», «қор», «дікі»).

Қазақ тілінің жұрнақтары жете тексерілген емес. Тұрлаусыз жұрнақтардың да түбір сөздің мағанасына дыбыстарына қарай; Айрықша бір мәнісі болуы мүмкін, сондықтан түбірге тұрлаусыз мүше жалғағанда аса сақ болу керек. Қазақша түбір сөзге жұрнақ жалғап жаңа сөз шығарғанда – қолдан келгенше тұрлаулы жұрнақпен шығару керек; тұрлаусыз жұрнақтарды жалғап жаңа сөз шығару үшін; әуелі ондай жұрнақтарды тексеріп, сырын біліп алу керек. Үндестік заңына бағынбайтұн жұрнақтардың көбі қазақ тіліне сіңіп кеткен жат жұрнақтар; олармен мәндес түбірмен үндесіп жалғанатұн қазақтың өз жұрнақтары бар. Жаңа сөзді, түбірге жат жұрнақ жалғап шығарғаннан өз жұрнағымызбен шығарған артық.

Пән сөзі өз тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, -оны тіліміздің заңына келтіріп өзгертіп алу керек. Өйткені, жат сөздің асыл түрін бұзбай алсақ; Ондай сөзге қазақтың тілі келмейтұн болады; Жаңа қазақ тілінің заңына келмеген сөзді, оған қазақша жұрнақ, жалғаулар жалғап өзгертуге де болмай-



ды. Ондай сөз қазақ тіліне қазақтың өз сөзіндей болып сіңісе де алмайды, - бір түрлі ерсі сөз болып қалады. Жат сөз қазақ тіліне сіңіп түбілікті қазақ сөзі болып шығу үшін, -мағанасы түсінікті болмаса да, айтуға жеңіл, құлаққа ерсі болмауы керек. Бұл шартқа келмеген сөз қазақ сөзі бола алмайды, тек кітеб тілі ел тілінен басқаланып шығады, -кітебтің елге пайдасы болмайды. Жаңа: Тілдің заңына келмейтүн жат сөздер көбейіп кетсе, тіл бұзылады, -тілдің негізгі қасиеттері, тұрлаулы заңдары бұзылады.

Олай болғанда да жақсы болмайды.

Жат сөз қазақтың өз сөзіне ұсап қазақ тіліне сіңіп кететүн болуы үшін, -оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек.

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтүн сөздер де жоқ емес; Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүреген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтүн сөздердің бәрі де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтүн қазақша сөз түрі жалғыз ақ «нікі» («дікі», «тікі») мен жалғанып айтылатүн түр.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі» ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: Бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететүн сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтүн бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару, - я ол заң жоғалуға бет алған деп жору – қата.

Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, - сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірінғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарында болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды.

Бұл: Үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмілә» сықылды, соңғы буындарында жұмсақ «ә» сөздер де жоқ емес; Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде, - бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды «Кәмілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәмілаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буыннан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтүн қасиеті болған соң: Бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабият» - «әдебиет»).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа



буындарында «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер – оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтұн болған соң: Бас буыннан басқа буындарында «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек. (Покров-боқырау).

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, - «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к» лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, -«ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек; Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертұн болып, «т» - өзгермей сол күйінде қалатұн болуы керек; ондай сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, -ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатұн жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «қ», «к»-лер өзгермейтұн болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек. (Оренбург – «Орынбор»)

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айрылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағай» болып үзіліп буындала алмайды), - «мәселе» сықылды үзіліп буындалатұн сөздер қазақ тілінде болмайды. Жана: Бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтұн жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек. (мәсле-«мәселе», «мүмін» - момын).

6. Қазақша сөздің екбiнi соңғы буынында болады.

Сондықтан екбiнi соңғы буынынан басқа буындарында болған жат сөздердi қазақшаландыруында тiлiн соңғы буынға келтiрiп алу керек. (Самара – (Самар», Пуховый – «Бокебай»)

7. Қазақша сөзде бiр дыбыс қосарланып келмейдi. Сондықтан дыбыс қосарланған жат сөздердi қазақ тiлiне кiргiзгенде қатарынан екi қама айтылатұн дыбыстың бiреуiн я мүлде жоғалтып жіберу керек те, я болмаса орнына басқа бiр дыбыс кiргiзiп алу керек. («Макка» - «Меке», «Алла», «Алда»)

8. Қазақ тiлiнде өзiнде жоқ дыбыстардан тiзiлген сөздер болмаса керек.

Тiлiнде жат дыбыстары бар жат сөздердi пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кiргiзiп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге бол-



майды; Іретіне қарай мәселен ерсімi «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін; «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкен.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертүн болуға тиіс.

Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, - оның сол жұрнақты түрін түбірге балаб алу керек.

Пән сөзі тақырыбты негізгі жолымыз: Оның қазаққа,-жалпы бұқараға түсінікті болуы, қала берді: Тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы. Пән сөзін әуелі, прансұздан іздейміз, -деген сықылды, жер жүзіндегі тілдердің бәрін бағалаб, алдын ала реттеп қойуы мүмкін емес.Қазақ тілінің заңынша өзгертіп, жалғау, жұрнақтар жалғауға келетүн тілге жеңіл, құлаққа жайлы қытай сөзін салыстырып таңдайтүн болсақ,-меніңше: Қазақ тілінің заңына келетүн қытай сөзін алу керек.

Қазақ тіліне жаңа сөздер кіргізгенде, ең әуелі ол жаңа сөздің қазаққа жат болмау, бұқараның тіліне ауыр болмау, құлағына сөз: Түрік сөзі болса да, қытай сөзі болса да,-қазақша сөз болуға жарамайды.

Біздің бұл білімпаздар сиезі сықылды сиездің тексерген мәселелері жалпы, негізгі түрде ғана тексерілуге тиіс. Сондықтан байандама да жалпы түрде жасалды. Қай жұрттың тілі бірінші орында, қайсынікі екінші орында болуға тиіс екендігі айтылған жоқ.

Сөйтсе де, сиезде: қазақ тілінен табылмаған сөзді әуелі басқа түріктерден іздеу керек деген жоба көп айтылды. Бұл жоба тақырыбты менің айтатұным: Басқа түріктерден, - олардың жазылған кітебтерін түсіне алмастай болып, - алыстап кету жарамайды; сондықтан басқа түріктерде бар сөзді шеттен іздемеу керек деген жоба қыйсынды; бірақ түрік қалықтарының бәрінің пән сөзі бір емес: Өзбек, бұқаралық сықылды елдердің тіліндегі сөздердің көбі парсы сөзі, азырбайжан, оспан түріктерінің пән сөздері көбіне арабтан алынған, ноғай тілінде араб, парсы, орыс сөздері – бәрі де бар, сондықтан басқа түріктердің сөзі дегенді: Түрік қалықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмас, - түрік қалықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек – деген жобаны: түрік қалықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек – деп түсіну керек.

Барлық қалықтарға ортақ сөздерді жатырқамау керек – деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп, жат түрінде алуға болмайды, - қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұсатып алу керек.

Мазмұны

Алаш аманаты.....	3
<i>Түркі әлемінің тұлғалары</i>	
З.Тағиев.....	6
<i>Жеріңнің аты – еліңнің хаты</i>	
Т.Аршабеков. Туған жер атауы – тұнған тарих.....	14
С. Жұмағұлов. Тағы да жер-су атаулары хақында.....	21
А.Секенұлы. И.Бекзатқызы. Ақмола өңірі топонимдерінің қалыптасу ерекшеліктеріне талдау.....	30
<i>Әдістеме аясы</i>	
А. Қыдыршаев. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектері туралы.....	40
А.Шормақова. Алаш білімпаздарының тілді оқытудағы әдістемелік көзқарасы мен ұстанымы.....	47
<i>Болашаққа бағдар</i>	
Ж. Смағұл. Б. Қалиев. Латын әліпбиі – уақыт талабы.....	56
А. Салқынбай. Қазақтың өз латыншасы болса игі.....	61
<i>Жаһандық өнеге</i>	
Өріпке ескерткіш – әліппеге құрмет.....	69
<i>Әлемдік ақыл-ойдан</i>	74
<i>Маржан сөз</i>	
Ақтайлақ пен Қанай шешен.....	76
<i>Қалтарыста қалған қазына</i>	
Хамза Абдуллин.....	77
<i>Алашорда - 100</i>	
М.Дулатұлы. Қазақ тілінің мұңы.....	83
Ж. Аймауытов. Ана тілі.....	85
Е.Омарұлы. Қазақша пән сөздер.....	94

РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
Орфографиялық хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған

С. Баубекова

Редактор С. Жұмағұлов

Корректор М. Шіменбаева

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы

010000, Астана қаласы,

Сауран көшесі, 7 А,

Тел.: 8 (7172) 40-83-97

Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 18.10.2017 ж.

Басуға қол қойылған күні 31.10.2017 ж.

Пішімі 70x100 1/16. Шартты баспа табағы 8,0

Таралымы 2000 дана.

Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.